А. ИСЛАМ, А.Е. БЕЙСЕБАЕВА

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан

САЯСИ ЖӘНЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРСҒЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада саяси және дипломатиялық дискурстардың негізгі айырмашылықтары мен ұқсастықтары, олардың мақсаттары, қызметтері және тілдік ерекшеліктері қарастырылады. Екі дискурста да қолданылатын лексикалық және грамматикалық құралдарды талдауға және олардың коммуникативтік мақсатқа жетудегі рөліне ерекше назар аударылады. Саяси дискурс көпшілік аудиторияға, халықтың қолдауын алуға және қоғамдық пікірді қалыптастыруға бағытталған. Өз кезегінде, дипломатиялық дискурс ұстамдылықпен, бейтараптықпен және мемлекетаралық өзара әрекеттестікте ымыраға келуге ұмтылумен сипатталады. Дипломатиялық және саяси дискурстың ортақ тұстары көп және олар бірін-бірі толықтырады, әйтсе де әрқайсысының коммуникативті актілері әртүрлі және дискурстың мақсаттары күрт ерекшеленеді. Қарастырылған айырмашылықтар мен ұқсастықтар осы салалардағы коммуникация механизмдерін және олардың қоғамдық пікір мен халықаралық қатынастарға әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеуде мазмұнды талдау және дискурстық талдау, сонымен қатар салыстырмалы және лингвостилистикалық талдау әдістері қолданылады. Мақала нәтижелері дискурстың әрбір түрінің негізгі стилистикалық ерекшеліктері мен коммуникативтік қызметтерін айқындайды. Алынған нәтижелер қазіргі қоғамдағы саяси және дипломатиялық дискурстардың мәні мен рөлін түсінуді тереңдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар аталмыш дискурс түрлері саяси лингвистика, халықаралық қатынастар, мәдениетаралық коммуникация және аударма саласындағы мамандар үшін де пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: дискурс, саяси дискурс, дипломатиялық дискурс, агенттер, коммуникация, саясаткерлер, дипломаттар.

А. ИСЛАМ, А.Е. БЕЙСЕБАЕВА

Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

**СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКОГО И ДИПЛОМАТИЧЕСКОГО
ДИСКУРСА**

Аннотация. В статье рассматриваются ключевые различия и сходства политического и дипломатического дискурсов, их цели, функции, а также языковые особенности. Особый акцент сделан на анализе лексико-грамматических средств, используемых в обоих дискурсах, их роли в достижении коммуникативных целей. Политический дискурс ориентирован на массовую аудиторию и направлен на привлечение поддержки и формирование общественного мнения. В отличие от него дипломатический дискурс характеризуется сдержанностью, нейтральностью и стремлением к поиску компромиссов в межгосударственных взаимодействиях. Дипломатический и политический дискурс имеют много точек соприкосновения и дополняют друг друга, но их коммуникативные акты и цели различаются. Рассмотренные различия и сходства позволяют глубже понять механизмы коммуникации в данных сферах и их влияние на общественное восприятие и международные отношения. В исследовании используются методы контент-анализа и дискурс-анализа, а также сопоставительного и лингвистического анализа. Результаты раскрывают основные стилистические особенности и коммуникативные функции каждого типа дискурса. Полученные результаты позволяют углубить понимание сущности и роли политического и дипломатического дискурсов в современном обществе, а также они могут быть полезны для специалистов в области политической лингвистики, международных отношений, межкультурной коммуникации и перевода.

Ключевые слова: дискурс, политический дискурс, дипломатический дискурс, агенты, коммуникация, политики, дипломаты.

References

1. Zjablova O.A. Novoe ponimanie jazykov dlja special'nyh celej i ih roli v professional'noj dejatel'nosti: poznanie, opyt, diskurs. – M.: Rusajns, 2023. – 244 s.
2. Karaulov Ju.N., Petrov V.V. Ot grammatiki teksta k kognitivnoj teorii diskursa // Van Dejk T.A. Jazyk. Poznanie. Kommunikacija: Per. s angl. / Sost. V.V. Petrov; Pod red. V.I. Gerasimova; Vstup. st. Ju.N. Karaulova i V.V. Petrova. – M.: Progress, 1989. – S. 5–11.
3. Kubrjakova E.S., Aleksandrova O.V. Vidy prostranstv teksta i diskursa // Kategorizacija mira: prostranstvo i vremja. – M.: Dialog MGU, 1997. – S. 19–20.
4. Karasik V.I. Jazykovoj krug: lichnost', koncepty, diskurs. – Volgograd: Peremena, 2002. – 385 s.
5. Robert E. Denton, Gary C. Woodward. Political Communication in America. – New York: Political Science, 1985. – P. 14.
6. Gudkov D.B. Ritualy i precedenty v politicheskom diskurse // Politicheskij diskurs v Rossii. – M.: Dialog MGU, 1998. – S. 30–36.
7. Shejgal E.I. Semiotika politicheskogo diskursa. – M.: Gnozis, 2000. – 326 s.
8. Beljakov M.V. Dihotomijalingvisticheskogo i ekstralingvisticheskogo diplomatičeskogo diskursa // Filologičeskie nauki v MGIMO. – №46 (61). – M.: Moskovskij gosudarstvennyj institut mezhdunarodnyh otnoshenij (universitet) Ministerstva inostrannyh del Rossijskoj Federacii. – 2011. – S. 20–48.
9. Burd'e P. Politicheskie pozicii i kul'turnyj kapital. – M.: Sociologija politiki, – 1993. – 201 s.
10. Maslova V.A. Lingvokul'turologija: Ucheb. posobie dlja stud. vyssh. ucheb. zavedenij. – M.: Akademiya, 2001. – 208 s.
11. Cucieva M.G. Politicheskij diskurs kak integrativnyj fenomen // Vestnik Leningradskogo gosudarstvennogo universiteta im. A.S. Pushkina. – 2012. – №2 – S. 174–178.

12. Islam A., Zikhrollayev E., Ismagulova B., Roziyeva D., Translation Issues of Political Interview // ASTRA Salvensis, Supplement. – 2021. – № 1 – R. 351-364. URL: <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85107078581&partnerID=MN8TOARS>.
13. Ahatova B.A. Analiz mediadiskursa Assamblei naroda Kazahstana // Vestnik KazNU. Serija zhurnalistiki. – 2022. – № 64 (2). – S. 85-93.
14. Agar M. Institutional Discourse // Text – Interdisciplinary Journal for the Study of Discourse. – Amsterdam: Mouton Publishers, 1985. – P. 147-168.
15. Popov V.I. Sovremennaja diplomatija: teorija i praktika. Diplomatiya – nauka i iskusstvo: kurs lekcij. 2-e izd. – M.: Mezhdunarodnye otnoshenija, 2003. – 576 c.
16. Filonenko T.A. Zhanrovo-stilisticheskie harakteristiki anglojazыchnogo nauchno-metodicheskogo diskursa: avtoref. dis. kand. fil. nauk. – Samara: 2005. – 20 s.
17. Logunova K.A. Jazyk diplomatii kak jazyk dlja special'nyh celej // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – № 7-1 (49). – 2015. – 124-126 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Ислам Айбарша – филология ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Ислам Айбарша – доктор филологических наук, профессор Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан.

Islam Aybarsha – Doctor of Philology, Professor of the Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan.

Бейсебаева Айгерим – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Бейсебаева Айгерим – докторант Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан.

Beisebayeva Aigerim – doctoral student, Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan.

Қ.Қ. САРЕКЕНОВА¹ *Б.М. ОСЕРОВ² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1, 2}(e-mail: sareke.kk@gmail.com¹, b.m.91@bk.ru²)

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ терминологиясына қатысты мәселелер қарастырылған. Термин сөздердің жасалуы, олардың қалыптасуына қатысты Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Нығмет Сауранбаев, Сәрсен Аманжолов, Әбдуәли Қайдар, Мәулен Балақаев, Шора Сарыбаев, Сейілбек Исаев, Өмірзақ Айтбайұлы, Шерубай Құрманбайұлы сынды тілші ғалымдардың тұжырымдары жинақталып, жүйеленген. XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері еңбектеріндегі пән сөздерінің ерекшелігі, олардың бүгінгі таңда мән-мағынасы, жасалу жолдары сараланған. Терминология лингвистиканың бір саласы ретінде қай дәуірде болмасын тілдегі өзекті мәселерді қарастырады. Қоғамдық құрылыс, қоғамдық сана, қоғамдық көзқарастың, тарихи оқиғалардың, ғылыми-техникалық дамудың тағы басқа өзгерістердің тілге әсері зор. Сондықтан термин сөздердің өзгеріске ұшпауы заңды құбылыс. Зерттеу барысында Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі пән сөздерінің өзгеру бағытын талдау арқылы қазіргі кезде өнімді қолданылып отырған немесе өнімділігі кемігендігі көрсетілді. Өлшем бірлікке қатысты сөздердің қолданылуындағы ерекшеліктер анықталды. Осы ретте Алаш қайраткерлері еңбектеріндегі термин сөздерді жинақтап, жүйелі зерттеу терминологиядағы өзекті мәселелердің бірі.

Түйін сөздер: терминология, педагогика, жылылық, тіл білімі, алаш, Мағжан Жұмабаев.

Кіріспе. Қоғамдық өмірде тіл қарым-қатынас жасаудың басты құралы ретінде ерекше орын алады. Ол үнемі даму мен өзгеріс үстінде болып, қоғамдық өзгерістермен қатар жүреді. Тіл – қоғамның көрінісі, ол арқылы біз белгілі бір тарихи кезеңдердің әсерін аңғара аламыз. Қоғам уақыт өткен сайын дамып, түрлі өзгерістерге ұшырайды, ал бұл өзгерістер тілге де ықпалын тигізбей қоймайды. Алайда тілдің қалыптасуы мен даму барысы үнемі біркелкі бола бермейді. Халық басынан өткерген тарихи кезеңдер – мысалы, төңкерістер, ашаршылық, соғыстар, тың игеру, қайта құру, тәуелсіздік алу сынды оқиғалар – тілімізде айқын із қалдырған. Бұл оқиғалардың барлығы жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуына себеп болды. Осылайша, әр кезеңде өмірге келген терминдер мен атаулар арқылы біз сол дәуірдің тарихи шындығын тануға мүмкіндік аламыз. Қоғамдағы түрлі үдерістер мен құбылыстардың тілде алғаш көрініс табатын бөлігі — терминдер.

Тілде көптеген терминдердің пайда болуы, негізінен, ғылым мен техниканың қоғам өміріне белсенді түрде енуімен тығыз байланысты. Термин дегеніміз – ғылым, техника, өнер және басқа да салаларда белгілі бір ұғымды дәл сипаттайтын сөз не сөз тіркесі. Әдетте, сөздер көп мағынаға ие болып, олардың мағынасы түрлі жағдайға байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Бірақ ғылыми ойды нақты жеткізу үшін қолданылатын сөздер бір ғана мағынада қолданылып, өзгеріссіз әрі тұрақты болуы қажет. Осы себепті белгілі бір ұғымды білдіретін сөздер бір мағынада қалыптасып, термин ретінде орнығады. Терминдер, көбіне, нақты бір саланың аясында мамандар арасында және арнайы әдебиеттерде қолданылатын кәсіби лексика түрінде кездеседі.

Терминологиялық лексиканы зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын анықтауда А. Реформатский, В.В. Виноградов, А.Н. Баскаков, Г.В. Степанов, Л.И. Скворцов, И.Н. Волков, М.Ш. Гасымовтың зерттеуші ғалымдардың рөлі өте ерекше болды.

Терминдер жайында қазақ тіл білімінде де біраз әңгіме қозғалды. Оның ішінде өзіндік пікір өрбіткендері де бар. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, С. Аманжолов, Ә.Т. Қайдар, М. Балақаев, Ш.Ш. Сарыбаев, А. Әбдірахманов, С. Исаев.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада қазақ тіл біліміндегі терминология саласындағы теориялық зерттеулер мен қазіргі қазақ терминологиялық қорының деректері негізге алына отырып, қазақ терминологиясындағы дәстүрлі үдерістер мен оның қазіргі даму бағытын талдау үшін терминдерді сұрыптау, жүйелеу, морфемалық (құрылымдық) талдау, лексика-семантикалық топтау, функционалды-семантикалық талдау, сонымен қатар семантикалық, когнитивтік талдау, синхрондық және ішінара диахрондық талдау әдістері қолданылды. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі пән сөздерді жинақтап, бүгінгі қолданысы салыстыру әдісі арқылы талданды.

Талқылау мен бақылау. Термин жайында бүкіл түркітану, оның ішінде қазақ тіл білімінде, сондай-ақ орыс лингвистикасының өзінде де біркелкі пікір, тұжырым кездесе қоймайды. Оның не екенін, лексиканың қай тобына жататынын елдің бәрі білгенімен, негізгі, басты белгілерін ажыратып, тануда әрқилы түсініктер кездесіп жүр.

Ал «термин» деген ұғымының өз басына келер болсақ, әлі күнге бұл жайында бірыңғай пікір қалыптаса алмай келеді. Қабылданған көзқарас бойынша «Термин – бұл арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы (тиісті ұғымның анықтамасы) бар сөз немесе сөздер тіркесі».

2008 жылы жарыққа шыққан Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша «Термин – белгілі бір ғылым мен техника, өнер саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөз бен сөз тіркесі» деп көрсетілсе, 2019 жылғы Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде де «[поляк. Termin лат.terminus – шекаралық таңба] – ғылымда, техникада, өнерде қолданылатын, арнайы ұғымды бейнелейтін сөз немесе сөз тіркесі». Аталған сөздіктерде терминге берілген анықтамалар бір-біріне сәйкес келеді.

Термин мәселесімен тікелей айналысқан қазақ ғалымы, белгілі лингвист Құдайберген Жұбанов бұған былай орысша-қазақша анықтама береді: «Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, причем передаваемое термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни» [1, 15].

Академик Ісмет Кеңесбаев пен профессор Телюжа Жанұзақов та терминнің о баста латын тілінің «шек», «шекара» деген сөздерінен пайда болғанын айта келіп: «Ғылым мен техниканың, көркем өнер мен қоғам өмірінің алуан түрлі саласына байланысты қолданылатын, тұжырымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, атау сөз», - деп түйін жасайды. Қазақ Кеңес энциклопедиясында да негізінен осы типтес анықтама берілген: «Термин, атау – ғылым, техника, сол сияқты тұрмыстың белгілі саласындағы ұғымдарды дәл атау үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері».

Ғылыми әдебиеттерде кездесетін пікірлердің бәрі де, сайып келгенде, негізінен жоғарыда көрсетілген осы тұжырымдарға тоқтайды. Қорыта айтқанда, термин дегеніміз, ең алдымен, негізінен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика болып шығады.

«Термин қандай болуға тиіс?» деген сұрақ туындағанда, оған қойылатын бірқатар нақты талаптар бар. Термин алдымен өзі білдіретін ұғымның мазмұнын дәл жеткізуі қажет. Сонымен қатар, ол ықшам, қысқа әрі нақты болуы шарт. Термин бір мағынада ғана қолданылуы тиіс, яғни көпмағыналылыққа жол берілмеуі керек. Сондай-ақ жарыспалы нұсқалар мен синонимдерден таза, бірізді атау болуы маңызды. Осындай талаптар

терминология жүйесінің сапалы әрі тиімді қалыптасуына ықпал етеді. Ғалым Өмірзақ Айтбайұлы терминге қойылатын негізгі талаптар ретінде дәлдік, ықшамдық және жүйелілікті атап көрсетеді. Академик Ш.Құрманбайұлы да терминге қойылатын негізгі талаптар ретінде терминнің бірмағыналылығы, термин мағынасының дәлдігі, Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы, терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі, терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы, терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы, эстетикалық талаптарға сай келуі деп бөледі [2, 10]. Ғалымдардың термин болуға қажет талап ретінде термин мағынасының дәлдігін ерекше атап өтеді. Осыған байланысты Өмірзақ Айтбайұлы мен Шерубай Құрманбайұлының бұл талапқа берген анықтамаларын келтірсек. Өмірзақ Айтбайұлы: «Дәлдік туралы. Термин арқылы ғылыми ұғым білдіріледі. Ондай жағдайда термин ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ізденістердің негізгі құралына айналады.

Ғылыми ой-пікір қашанда өзінің анықтығымен, дәлдігімен, нақтылығымен ерекшеленуге тиіс. Термин дәл болсын дейтін талап осы негізде пайда болған. Сонда осы дәлдікті кейбір зерттеушілердің айтуына қарағанда қамтамасыз ететін үш түрлі фактор бар сияқты:

1. Термин білдіруге тиісті ұғым белгілерін дәл іріктеп алу;
2. Термин жасау кезінде пайдаланылатын оның компоненттері мен элементтерін дұрыс саралау;
3. Термин жасау барысында осы аталған элементтердің органикалық бірлігі қамтамасыз етілуге тиіс» [1, 16].

Шерубай Құрманбайұлының анықтамасы «Термин мағынасының дәлдігі. Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі. Терминологиядағы шарттылық тұрғысынан келгенде бұл талап та үнемі орындала бермеуі мүмкін. Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз»

Нәтижелер. Қазіргі қазақ терминологиясының қалыптасу және даму үдерісі бірнеше тарихи кезеңдерден тұрады. Әр кезең еліміздің саяси, экономикалық, тарихи және мәдени салаларындағы маңызды өзгерістермен тығыз байланысты болды. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі осы өзгерістер терминологиялық лексиканың пайда болуы мен жаңаруына тікелей әсер етті.

XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының кезеңі ерекше орынға ие. Себебі Алаш зиялылары терминологиялық қорды қазақ тілі негізінде жасап, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруды мақсат етті

Олар қазақ балалары ана тілінде білім алып, ғылымды өз тілінде игеру қажет деп санап, оған өте үлкен мән берді. Қазақ білімпаздары аталған мақсаттарына сәйкес жұмыс атқарды. Оны, ең алдымен, ғасыр басында Алаш оқығандарының қаламынан туындаған оқулықтар мен оқу құралдарынан анық көруге болады. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш»; Елдес Омарұлының «Пішіндеме», Халел Досмұхамедұлының «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Табиғаттану», Жүсіпбек Аймауытұлының «Психология», Жұмахан Күдериннің «Өсімдіктану», Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика», Міржақып Дулатұлының «Есеп тану» сынды оқулықтары мен оқу құралдарындағы терминдердің орта есеппен 90 пайызы қазақ тілінің төл сөздері немесе солардың негізінде жасалған жаңа атаулар болып келеді. Кірме атаулар 10-15 пайыздан аспайды. Олардың дені тіліміздің дыбыстық ерекшеліктерін ескеріп, үндестік заңын сақтай отырып өзгертіліп алынған. Осы деректің өзі Алаш оқығандарының қазақ тіліндегі термин шығармашылығына басымдық бергеніне дәлел бола алады [3, 13].

Сөз болып отырған кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздіктер де Алаш зиялыларының терминқор қалыптастырудағы мақсаттарын айқындай түседі. Онда да біз «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Пән сөздері», «Атаулар сөздігі» сияқты қазақ тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктерді түзуде алаштықтардың ұлт тіліндегі термин шығармашылығына барынша басымдық бергенін көреміз.

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, алдымен Ахмет Байтұрсынұлының есімі ойымызға оралады. Ахмет Байтұрсынұлының бай мұрасын жай санамалап өткеннің өзінде, осынау тұлғаның өмірдегі ғажайып ерлігі мен табандылығына, туған халқына деген шексіз перзенттік сүйіспеншілігіне, асқан білімдарлығына тәнті болмай тұра алмаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* сияқты терминдерді кездестіруге болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше рет басылып тұрған «Тіл – құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге *тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан, уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы туралы сөз болғанда Мағжан Жұмабаевтың есімін де ескерусіз қалдыра алмаймыз. Ол да өз замандастарымен қатар қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралдарын жазып, ұлт тілінде термин жасауға атсалысқан Алаш зиялыларының бірі. Мағжан Жұмабаев «Бастауыш мектепте – ана тілі», «Сауатты бол» оқулығы, «Қызыл әскер әліппесі», «Педагогика» еңбектерінің авторы. Аталған еңбектерінің ішінде терминдер негізінен «Педагогика» атты құралында көбірек кездеседі. Шерубай Құрманбайұлының «Алаш және терминтану» монографиясында Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде 300-ге жуық термин кездесетінін атап көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев терминология бойынша Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бағытты қолдады. Ғылым тілінің ұлттық сипатының басым болуын өз еңбектерінде берілген төл терминдер арқылы көрсетті.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде өлшем бірлікке қатысты қадақ, куб секілді терминдерді қолданады. Қадақ – халықтық салмақ өлшемі. Бір қадақ екі жүз грамға тең болады. Қадақ өлшем бірлігі түркі тілдес халықтарда кеңінен тараған: қырғыздарда – кадақ, түрікмендерде – гадақ, өзбектерде – гадоқ деп аталады. Қадақпен көбінесе май, қант, өрік-мейіз тәрізді заттар өлшенген. «Педагогикада» аталған қадақ өлшем бірлігімен баланың салмағы өлшенеді. «Егер де сау болса, жаңа туған баланың саламағы 8 қадақ шамасында болады. Нашар аурулы бала 6 қадақ шамасында, нағыз сау, таза бала 10-11 қадақ шамасында салмақты болады» [4, 15].

Сонымен қатар, *лық/-лік (-дық/-дік, -тық/-тік)* жұрнағының көмегімен туындаған бірнеше терминдер қатары кездеседі. Олар: бейғамдық, жылылық, құмарлық, өзімшілдік (эгоизм), көпшілдік (альтруизм), іссіздік.

Педагогикада «Жылылық. Баланың да, жеткен адамның да өлшеулі жылылығы (Цельсий бойынша) 37-37,5 градус болады. Бірақ, жаңа туған бала денесінің жылылығы бастапқы күндерде түрлі себептерден мынау өлшеуден 2-3 градус кем болады» [4, 16]. Бүгінгі таңда «Жылылық» терминінің орнына «Температура» сөзі қолданылады. Профессор Т. Жанұзақовтың жетекшілігімен 2008 жылы жарық көрген Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Температура» сөзіне мынадай анықтама берілген:

1. Бір нәрсенің қызулық дәрежесін білдіретін өлшем.
2. Науқас адамның көтеріңкі қызуы [5, 317].

Мағжан Жұмабаев қолданған жылылық термині мұнай және газ саласында температура мағынасында қолданылады. «Бұл кенорындардан өндірілген мұнай, өзінің құрамындағы парафин мөлшерінің жоғары болуына байланысты, тіпті жаз айларының өзінде де жер

бетіне көтерілісімен-ақ бірден қоюланып кетеді, олар тіпті 34 С жылылықта да қиын жылжитын қою массаға айналады. Мұндай мұнайларды мұнай құбырлары арқылы тасымалдау барысында құбыр жүйесі бойына жиі-жиі компрессорлық станциялар орнатылады, осы станцияларда мұнай қыздырылып, жасанды түрде сұйылтылып отырылады» [6, 317].

Басқа саладағы термин сөздерді жүйелейтін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қазақ тілінің ұлттық корпусының» «Терминологиялық ішкорпусында»: «Бу мен жылылық әсерлерін таңдағанда мұнаймен қаңыққан қабат қалыңдығы 6 м-ден кем болмауы тиісті екенін ескеру қажет. Қалыңдық бұдан төмен жұқарғанда мұнайды бумен айдау нәтижелі болмайды, өйткені қабаттың төбесі мен табаны арқылы жылу жоғалуы көбейеді. Қабатының жатқан тереңдігі 1200 м-ден терең болмауы керек. Бұл ұңғыма оқпанының әр 100 метрінде жылудың шамамен, 3-і жоғалуымен және құбыр тізбектерінің техникалық деңгейде мықтылығын қамтамасыз етудің қиындығына байланысты» [7, 354]. Сонымен қатар, жылылық сөзі термин ретінде емес, ізеттілік, ілтипат, мейірімділік, бауырмалдық ауыспалы мағынасында да қолданылады. «Жазушы сыртқы болмысты баяндауға құштар да, ішкі мазмұнды көрсетуден қашқақтай береді. Кейіпкерлердің сыртқы динамикалық өсуі бар да ішкі жан-дүниесі көмескі көрсетілген. Олардың психологиялық жай-күйіне, қуаныш-ренішіне, қабағындағы кірбің мен жанарындағы жылылыққа, мінез өзгешелігіне тікелей ене алмайды да, сырттай баяндаумен тоқтайды. Кейіпкердің бір сәттік мінез-құлқын, психологиялық өзгерісін беруде авторлық баяндаумен қатар, кейіпкердің ой-ағымдарын пайдаланған ұтымды тұстары да бар» [9, 126]. Жылылық сөзі адам санасында бірден жағымды ой туғызады, адамды жақсылық жасауға итермелейтіні анық. Ал, термин ретіндегі мағынасын біз осы талдау мақаламызда талдауға тырыстық. Сондықтан салалық терминдерді зерттеу қазіргі тіл біліміндегі пәнаралық байланысты күшейтуді көздейді [8, 94]. Яғни, пән сөзінің әр салада әртүрлі мәнде қолдануына көптеген факторлар әсер етеді. Оны зерттеп, зерделеу лингвистиканың өзекті мәселесі.

Қорытынды. Заман көшінен қалмай ауысып, өзгеріп тұратын терминология саласын зерделеу уақыт талабы. Жаһандану үдерісіне жұтылмау үшін ұлттық таным, ұлттық болмысты танытатын ұғымдарды күнделікті өмірде пайдалануымыз қажет. Ол үшін өткен дәуірде қолданылған пән сөздерді мағынасын, қолдану ерекшеліктерін зерделеу өзекті мәселелердің бірі. Профессор Сарқыт Әлісжан «Терминге қатысты қазіргі талқылаулар, пікірталас жаппай қоғамдық сипатқа көшті. Мамандар мен филологтар ғана емес, қоғамның кез келген мүшесі белгілі бір термин жайында өз пікірін жеткізе алады. Бұл термин қалыптасуындағы мамандардың ғана емес, жалпы бұқараның «үнін» көрсетті» [10]. Термин сөздер туралы көзқарастың әралуандығы, пікір қайшылықтарының көп болуы тіл дамуының деңгейін байқатады. Сондықтан, бүгінгі таңда мағынасы өзгерген пән сөздерінің ерекшеліктерін саралай келе жүйелі талдау жұмыстары әлі де жүргізілуі керек деген пікірдеміз.

Әдебиеттер

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ тілі білімінің терминология мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. – 400 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар). – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 240 б.
4. Жұмабайұлы М. Шығармаларының академиялық толық жинағы Үш томдық III том. – Астана: Түркі академиясы, 2023. – 720 б.
5. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Маташев М.М., Сейітов Н., Жолтаев Г.Ж. Мұнай және газ кәсіпшілігі геологиясының негіздері – Алматы: ҚазҰТУ, 2008. – 317 б.

7. Қартабай А.Т., Орынғожин Е.С., Есімханова А.К. Мұнай кен орындарын игеру. – Алматы: Экономика. – 2013. – 378 б.
8. Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh., Shaheen A.A., Beisenova Z.S., Mamayeva G.B., Developing an Online Kazakh-English-Russian Thesaurus of Industry-Specific Terminology // International Journal of Society Culture and Language. – 2022. – №3 10 (1) – P 83–98. DOI: <http://dx.doi.org/10.22034/ijsc.2022.543082.2465>.
9. Нұрғали Р. Қазақтың жүз романы. – Астана: Фолиант, 2004. – 456 б.
10. Әлісжан С.Қ. Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. № 4. – 2024. – Б. 44-52 <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.04>.

Қ.Қ. САРЕКЕНОВА, Б.М. ОСЕРОВ

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ТРУД М. ЖУМАБАЕВА «ПЕДАГОГИКА» И ПРОБЛЕМА ТЕРМИНОЛОГИИ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы, касающиеся казахской терминологии. Обобщены и систематизированы выводы об образовании и формировании терминов таких ученых-лингвистов, как Ахмет Байтурсынов, Кудайберген Жубанов, Ныгмет Сауранбаев, Сарсен Аманжолов, Абдуали Кайдаров, Маулен Балакаев, Шора Сарыбаев, Сеилбек Исаев, Умирзак Айтбаев, Шерубай Курманбайұлы. В трудах деятелей Алаш проанализированы особенности употребления предметных терминов, их современное значение и способы образования. Терминология как отрасль лингвистики рассматривает актуальные вопросы языка в любую эпоху. Общественное устройство, общественное сознание, общественные взгляды, исторические события, научно-технический прогресс и другие изменения оказывают значительное влияние на язык. Поэтому изменение слов-терминов – это закономерное явление. В ходе исследования было показано, какие предметные термины в работе Магжана Жумабаева «Педагогика» сегодня активно используются, а какие утратили свою продуктивность на основе анализа направлений их изменения. Выявлены особенности употребления слов, относящихся к единице измерения. Систематическое изучение терминологии в трудах деятелей Алаш является одним из актуальных вопросов терминологии.

Ключевые слова: терминология, педагогика, теплота, языкознание, алаш, Магжан Жумабаев.

K.K. SAREKENOVA, B.M. OSSEROV

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

M. ZHUMABAYEV'S WORK «PEDAGOGY» AND THE PROBLEM OF TERMINOLOGY

Abstract. The paper deals with the issues concerning Kazakh terminology. The conclusions about the origin and formation of terms of such scientists-linguists as Akhmet Baitursynov, Kudaibergen Zhubanov, Nygmet Sauranbaev, Sarsen Amanzholov, Abduali Kaidarov, Maulen Balakaev, Shora Sarybaev, Seilbek Isayev, Umirzak Aitbaev, Sherubai Kurmanbayuly are generalised and systematised. The use of subject terms, their modern meaning and ways of formation are analysed in the works of Alash leaders. As a branch of linguistics, terminology deals with current issues of language in any era. Social structure, social consciousness, public attitudes, historical events, scientific and technological progress and other changes have a significant impact on language. Therefore, the change of terms is a natural phenomenon. The study showed which subject terms in Magzhan Zhumabayev's work "Pedagogy" are actively used today, and which ones have lost their productivity based on analysing the directions of their change. The peculiarities of the use of words related to the unit of measurement are revealed. Thus, the systematic study of terminology in the works of Alash leaders is one of the topical issues of terminology.

Key words: terminology, pedagogy, warmth, linguistics, Alash, Magzhan Zhumabayev.

Reference

1. Aitbaiuly O. Kazak til biliminin terminologia maseleleri. – Almaty: Abzal-ai, 2013. – 400 b.
2. Kurmanbaiuly Sh. Terminkor kalypastyru kozderi men terminzhasam tasilderi. – Almaty: Sozdik-Slovar, 2005. – 240 b.
3. Kurmanbaiuly Sh. Alash zhane termintanu (XX gasyr basyndagy kazak terminologiasy. 1910-1930 zhyldar). – Almaty: El-shezhire, 2008. – 240 b.
4. Zhumabaiuly M. Shygarmalarynyn akademialyq tolyk zhinagy Ush tomdyk III tom. – Astana: Turki akademiasy, 2023. – 720 b.
5. Zhanuzakov T. Kazak tilinin tusindirme sozdigi. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 968 b.
6. Matashev M.M., Seitov N., Zholtaev G.Zh. Munai zhane gaz kasipshiligi geologiasynyn negizderi – Almaty: KazUTU, 2008. – 317 b.
7. Kartabai A.T., Oryngozhin E.S., Esimkhanova A.K. Munai ken oryndaryn igeru. – Almaty: Ekonomika. – 2013. – 378 b.
8. Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh., Shaheen A.A., Beisenova Z.S., Mamayeva G.B., Developing an Online Kazakh-English-Russian Thesaurus of Industry-Specific Terminology // International Journal of Society Culture and Language. – 2022. – №3 10 (1) – P 83–98. DOI: <http://dx.doi.org/10.22034/ijsc.2022.543082.2465>.
9. Nurgali R. Kazaktyn zhuz romany. – Astana: Foliant, 2004. – 456 b.
10. Aliszhhan S.K. Termin kalypastyrudyn ozekti maseleleri // Eurazia gumanitarlyq institutynyn habarshysy. № 4. – 2024. – B. 44-52 DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.04>.

Авторлар туралы мәлімет:

Сарекенова Қарлығаш Құрманғалиқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Сарекенова Қарлығаш Құрманғалиқызы – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Sarekenova Karlygash Kyrmangalikyzy – Candidate of Philological Sciences, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Осеров Бауыржан Маратулы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Осеров Бауыржан Маратулы – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Osserov Bauyrzhan Maratuly – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Д.М. ПАШАН¹ А.А. ХАБИЕВА² Ә.М. ЕЛУБАЙ³ 

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан^{1,2}
Азаматтық авиация академиясы, Алматы, Қазақстан³
(e-mail: pashan_dan@mail.ru¹, a.a.khabiyeva@bk.ru², smailova_ase@mail.ru³)

*«НАРҒЫЗ» АНТРОПОНИМИНІҢ СЕМАНТИКАСЫ, ОРФОГРАФИЯЛЫҚ НОРМАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЖИІЛІГІ

Аңдатпа. Бұл мақалада «Нарғыз» есімінің мағынасы, оның шығу тарихы мен жазылу нормасы, сондай-ақ Қазақстанда қойылу жиілігі зерттелген. Қазақ тіліндегі «Нарғыз» атауы өсімдіктер дүниесіне қатысты атаулар тобына жатады және оның негізінде нарғызгүл (георгин) гүлінің атауы жатыр. Мақалада есімнің шығу тарихы мен мағынасына қатысты бірнеше болжам ұсынылады, оның ішінде жаугершілік замандағы батыр қыздардың бейнесімен байланыстыру, сондай-ақ парсы тілінен енген «наргис» гүлінің атауына байланысты нұсқалар бар. Орфографиялық тұрғыда, есімнің жазылу нормасы қазақ тілінің үндестік заңы мен тарихи тілдік жазылым дәстүрлеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар, Қазақстандағы статистика бойынша «Нарғыз» есімі негізінен 10 мен 30 жас аралығындағы қыздар арасында кең таралғаны анықталды. Қазіргі уақытта есімнің жиілігі 28 жасқа дейінгі кезеңде айтарлықтай жоғары болып, соңғы жылдары төмендегенін байқауға болады. Зерттеу нәтижелері «Нарғыз» есімінің мағыналық және тілдік аспектілерін айқындап, есімнің қойылу жиілігі бойынша динамикасын көрсетеді. Мақалада қазақ тіліндегі есімдер қойылу дәстүрі мен орфографиялық нормалардың сақталуы да қарастырылған. Әсіресе, ұлттық ономастика мен есімдер тарихындағы заңдылықтар маңызды орын алады. Бұл зерттеу арқылы қазақтың есім қою дәстүрлерінің өзгерісі мен қазіргі заман талаптарына сай жаңаруы туралы ойлар көрсетіледі. Есімдердің тарихи мәні мен олардың тілдік ерекшеліктері халық мәдениетіндегі маңызды бір бөлік болып табылады.

Түйін сөздер: Нарғыз, есімдер, орфография, қойылу жиілігі, ономастика.

Кіріспе. Қазақ мәдениетінде есімдердің мағынасы мен тарихы ерекше маңызды орын алады. Әрбір есім оның иесіне ғана тән бірегей сипаттарды, құндылықтарды және мәдени мұраны білдіреді. Балаға есім қоюда көп ойланып, жақсы есімді таңдап, ақылдаса қойып жатады. Қазақ қоғамында есімдер көбінесе табиғатпен, тарихи тұлғалармен және батырлық дәстүрлермен байланысқан. Бұл зерттеу еңбегімізде «Нарғыз» есімінің мағынасы, тарихы, орфографиялық нормасы және оның қойылу жиілігі қарастырсақ деп мақсат қойдық.

Есімдер қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан. «Нарғыз» есімінің шығу тегі және оны қолдану дәстүрі де осы тұрғыда зерттеуді талап етеді. Мақалада «Нарғыз» есімінің шығу тарихына қатысты бірнеше болжамдар ұсынып отырмыз. Мысалы, «Нарғыз» атауы қазақ тіліндегі өсімдіктер дүниесіне қатысты есімдер қатарына жатады деген пікір қалыптасқаны анық. Бірақ біз осы

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын ЖТН BR20280984 «Қазақ тілінің жаңғыру әлеуеті: жаңартпалар <лат.innovation>, үрдістер мен үдерістер» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жарық көрді.

зерттеуіміз арқылы оның шығу тарихы мен қолданылу үрдісіне қатысты көптеген қызықты аспектілерді қамтитын тұжырымдарды алға тартқымыз келеді. Сонымен қатар, оның қазақ тіліндегі жазылу нормалары мен қазіргі таңдағы орфографиялық ерекшеліктері туралы да пікірлер айтылған.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеу еңбегімізде «Нарғыз» есімінің семантикасы, тарихи-мәдени аспектілері және орфографиялық жазылу нормалары, қолданыс жиілігі кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу барысында сапалық және сандық әдістерді қолдандық.

Тарихи-компоративтік әдіс, дереккөздерге мәтіндік талдау (контент-талдау) тәсілдері негізінде сапалық әдістер қолданылды. Статистикалық мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау тәсілдері арқылы сандық әдістерді қолдандық.

Зерттеуімізге база ретінде ғылыми зерттеу жұмыстарының, сөздіктер мен энциклопедиялардың мәліметтері, сондай-ақ статистикалық деректер мен болжамдар қолданылды. Статистикалық мәліметтер Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросынан алынды, ол мәліметтер арқылы «Нарғыз» есімінің қойылу жиілігі мен қойылудағы жас ерекшеліктері талданды. Сондай-ақ, тілдік және тарихи тұрғыдан «Нарғыз» есімінің шығу тегі мен қолданылу динамикасы қарастырылды. Жинақталған мәліметтер жүйеленіп, интерпретациялау арқылы «Нарғыз» есімінің тілдік табиғаты мен қоғамдағы қолданыс үлгісі туралы қорытынды тұжырымдар жасалды.

Талқылау мен бақылау. Қазақ тілінде «нарғыз» атауы әйел адамның есімі ретінде қолданылатын базалық есімдердің бірі. Ономас-ғалым Телғожа Жанұзақ қазақ тіліндегі кісі аттарын қойылу ерекшеліктеріне, сипатына қарай он үш топқа бөліп қарастырады. Солардың бірі «Өсімдіктер дүниесіне байланысты есімдер» деп топталған. Осы топта «Қызғалдақ, Қырмызы» сынды қыз есімдері берілген [1]. Гүл атауларынан қойылған әйел есімдерінің қатарында Нарғыз есімін кездестірмедік.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі құрастырған кісі есімдерінің сөздігінде де «Нарғыз» есімі берілген. Сөздіктің 219-бетінде «Нарғыз/Нарқыз/Наргиз // Nargyz/Narqyz / Nargiz» [2] деп жазылу нормативі көрсетілген.

Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романының басты кейіпкерінің бірінің аты – Нарғыз. Мысал ретінде айта кетсек: Негізі Қожық үйінің, әсіресе *Нарғыздың* қайғысына арналғанмен, бұл күйдің мазмұны, қазақ елінің сол тұста басына түскен ауыртпалықты баяндайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз) [3].

Ал енді осы Нарғыз есімі қайдан шықты, не себептен әйел адамға қойылған дегенді анықтап көрелік.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: Нарғызгүл з а т. ө с. <лат. dahlia>. Күрделігүлділер тұқымдасына жататын баданалы, көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Нарғызгүл – жарық пен жылу сүйетін өсімдік, сондықтан да олар үшін күн түсетін, солтүстік желінен қағаберіс жерлерді, ең дұрысы – құрылыстар мен ағаштардың оңтүстік бетіне жақын тұстарды таңдап алу керек (Шаңырақ энци.)» деген ақпарат берілген [4].

Ал «Уикипедия» қазақша ашық энциклопедиясында берілген ақпарат былайша: Нарғызгүл, георгин (лат. Dahlia) – астралылар тұқымдасына жататын баданалы, көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Оңтүстік Америкада өсетін 15 түрі белгілі. Қазақстанда қолдан өсіріледі. Нарғызгүлдің гүлі себет секілді, мол гүлдейтін өсімдік. Гүлдерінің көлемі үлкен, бойы биік болғандықтан, көбіне оны гүлзардың ортасына егеді. Нарғызгүлді қырқып алып, суға салып қойса, оншақты күнге дейін өңін жоғалтпайды. Осы ерекшелігіне орай оны гүлдестелер жасауға қолданады [5].

Б.Қ. Қалиевтің сөздігінде: нарғызгүл [георгин, георгина] – күрделігүлділер тұқымдасына жататын, баданалы мәдени (қолдан өсірілетін) гүл екендігі айтылған. Сөйлеу тілінде нарғызгүл демей, нарғыз деп атайтындығы да беріледі [6].

НАРҒЫЗ сөйл. Нарғызгүл. Тоғайға түсіп, раушан, қалампыр немесе *нарғыз* бен сиреньнен бірдеме қосса, гүлшоғыры, құлпырып кетеді (К. Баялиев, Нөсер), яғни Нарғыз атауы «нарғызгүл» гүл атауынан қалыптасқан, сөйлеу нормасы бойынша «гүл» компоненті

қысқарып, тек қана «Нарғыз» түрінде қазақ тілінде қолданылатын, қызбалаға қойылатын есім деп болжам жасаймыз.

Тіл тарихының маманы Г. Мамырбек «Нарғыз» есімінің мағынасына қатысты екі түрлі болжам айтады:

1) Жаугершілік заманда, елдік намыс сынға түскен кезде намысты қолдан бермеген, нар тұлғалы батыр қыздарды *Нарқыз* деп атау дәстүрі болған. Нарғыз соның фонетикалық нұсқасы болуы мүмкін;

2) Қазақ ауыз әдебиетінің ғашықтық жырларында поэтикалық мәндегі «ғашық адамның әдемі көзі, сүйген жанның мөлдіреген көзі» және «хош иісті өсімдік» деген ұғымды білдіретін парсы тілінің *нарғис* сөзі актив қолданыста болды. Көзге қатысты қолданыс қазақ тілінде *наркес көз* деп аталса, гүлге қатысты қолданысы *Нарғиз* деген кісі есімін қалыптастырды. Кейіннен Нарғиздің қазақша дыбысталымынан Нарғыз нұсқасы пайда болуы мүмкін.

Нәтижелер. Қазақ халқында Нарғыз есімінің қызбалаға қойылуына негіз болатын себептерді айттық. Берілген мәліметтерге қарап, төменде Нар+қыз есіміне қатысты бірнеше болжамдарды көрсетсек болады.

Біріншісі, нар сынды батыр қыз болсын деген оймен, батыр қыздарға қарата Нарқыз есімі қойылған.

Екіншісі парсыдан енген «нарғис» сөзі негізге алынған, ол «хош иісті өсімдік, хош иісті гүл» деген мағынаны білдіреді.

Үшіншісі, нарғызгүл [георгин, георгина] – күрделігүлділер тұқымдасына жататын, мәдени (қолдан өсірілетін) гүл екендігі, осының негізінде қыз есіміне қарата айтылды деген пікірдің қалыптасуы.

Жалпы қазақ халқы көшпелі тұрмыс-тіршілік кешкен, жылдың төрт мезгілінде төрт түрлі орында отырған, көшпелі халық екендігі анық. Халқымызда дәнді дақылдарды өсіру мәдениеті қалыптасқан болса да, өз ауласында гүл өсіру мәдениеті 20 ғасырдан бастап белең алғаны белгілі. Бұған дейін қыздарын алқызыл дала гүлдеріне теңеп, жырға қосып, қыздарына Жауқазын, Қызғалдақ, Қырмызы, Лалагүл деп есім қойғаны белгілі.

Қызбалаға ат қоюда белгілі бір мінез-құлық ерекшеліктерін меңзеу, есімдер арқылы әлеуметтік-мәдени үлгілерді бекіту дәстүрі дүниежүзінің көптеген халықтарында кездеседі. А. Смит өз еңбегінде [7, 167] есімнің адамның жеке басына әсерін оның мәдени контекстімен байланыстырады, қазақ қоғамында бұл тенденция өте айқын байқалады. Сәйкесінше, ұлттық дүниетаным аясындағы «Нарғыз» есімі қызбаланың бойында рухани күш-қуат, қайрат, өмірге бейімділік танытумен астасып жатады.

Ғалым Б. Қалиевтің сөздігінде, уикипедия ақпараттарында «нарғызгүлдің» қолдан өсірілетін мәдени гүл екендігі нақты айтылған, яғни халықаралық [георгин, георгина] атауына аударма ретінде «нарғызгүлді» алғанын байқаймыз.

Енді Нарғыз есімінің орфографиялық жазылу нормасына келсек, дұрысы – Нарғыз. Ономаст-ғалым Б. Әбуәлі «Бірізділік, тұтастық, үндестік секілді ұғымдар бар, ол ұлттың тілінен бастап ... маңызды кеңістікті қамтиды. Қазіргі кісі есімдері де осы құндылықтарға мұқтаж. Тарихи болмысын сақтап қалу үшін, жазуда осыған дейін қалыптасқан табиғи болмысы ескерілуі тиіс. Солардың бірі қ дыбысының жазылуына байланысты. Кейде ұяңданып ғ болып айтылады. Айғаным, Телғожа, Қарағыз секілді есімдердің байырғы қолданысы бойынша қалыптасқан нормасы бұзылып, үндестік заңы ескерілмей, қазіргі кезде ғ орнына қ жазуды әдет қылып жүрміз. Бұл қазақ есімдерінің тарихи нормасына қайшы екені белгілі. Тарихи есім Айғанымды Айханым деп жазсақ, тура сол тұлға болмайды, өйткені осы нормаға сол адамның бейнесі орныққан. Егер кісі есімдерінің емле-ережесінде осы мәселе ескерілмесе, талай есімдеріміздің тарихи болмысынан айрылатыны анық» деген ойын айтады.

Осындай үндестік заңын бұзып, міңгесіп жүрген есімдерді біріздендіру аса қажет» деген ойдамыз. Әрине, соңғы кезде кірме есімдерді түпнұсқа тілде жазылу нормасы бойынша, біріккен есімдерді түбірлерді сақтай отырып жазуды талап етуші азаматтар да

бар. Қазақ тілінде «қара – гара, қожа – гожа, құл – гұл, қыз – гыз» қосымшаларына қатысты ереже де бар. Қатаң нұсқалары бірінші және екінші сыңарларда бірдей қолданылса, ұяңдар жеке тұрып және есімнің бірінші сыңары ретінде қолданыла алмайды. Бірінші, кейінгі сыңарларда, қатаңдар мен ұяң здан кейін қара, қожа, құл, қыз: Есқара, Баққожа, Айтқұл, Аққыз т.б.; үнді, ұяң және дауыстылардан кейін ғара, ғожа, ғұл, ғыз: Жанғара, Жанғожа, Смағұл, Жұмағұл, Айғыз, Қарағыз, Нарғыз т.б. болып жазылады.

Антропонимдік қорда өзіндік орны бар дәстүрлі қазақ есімдерінің қатарында тұратын Ағназар, Балғожа, Айғаным, Байғозы, Ергөбек, Нұрғожа т.б. айтылуы мен жазылуы бірдейлесіп, қалыптанған есімдер. Егер құрамындағы осы үндестікті қазіргі кезде өзгертіп, түбір сақтап жазатын болсақ, аталған тарихи тұлғалардың есімі өзінің қалыбынан ауытқып кетер еді. Демек, кісі есімдері жалпы есімдік мағынасымен салыстырып қарағанда өзіндік ерекшелігі бар құрылым болып табылады. Дегенмен, қазіргі кезде осы есімдердің дәстүрлі нұсқаларын өзгертіп, Бірханым, Нұрханым, Нарқыз, Нұрқали, Омарқазы, Нұрқожа т.б. секілді үнді «р»дан кейін ұяңдануы тиіс үндестікті бұзып жазып жүргендер бар. Бұлайша қалыптасып қалған дәстүрлі құрылымды бұлдірер болсақ, есімдердің жазылуындағы ғана емес, жалпы қолданылуындағы бірізділікті әлсіретеміз. Қазақ есімі деген ұғым аясына топтасатын лексикалық бірліктердің тұтастығы сақталуы қиынға айналады деп шырылдап жазып жүрген ғалымдар да бар [8].

ҚР МСМ Тіл саясаты комитеті Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мен ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесе әзірлеген «Қазақстан азаматтары аты-жөндерінің латынграфикалы әліпби негізінде жазылу ережелері» [9] атты нұсқаулығының §11 параграфында «Біріккен тұлғалы кісі есімдерінің алдыңғы сыңары дауыстыға және ұяң, үнді дауыссыздарға аяқталғанда, келесі сыңардың басындағы к, қ, (к, қ) дыбыстары айтылуы бойынша, кірігіп, ұяң ғ, г (g, ğ) әріптерімен жазылады» деп, әйел есімдерінің құрамында «Нарғыз (Наргиз) Nargyz (Nargiz)» есімдері бар екендігі нақты көрсетілген.

Енді кезекте, Нарғыз есімінің ҚР аумағында кездесу мен қойылу жиілігіне тоқталалық. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының <https://stat.gov.kz> сайты арқылы «Нарғыз» есімінің қойылу жиілігіне анализ жасадық [10]. Жалпы Қазақстан Республикасында «Нарғыз» есімді 355 әйел адам бар екен. Сондай-ақ 355 есім әйел адамдарға тиесілі (1-сурет) болғандықтан, бұл ер адамдарға қойылмайтын есім (2 сурет) деп нақты айта аламыз.

Мен сияқты неше адам бар?

👤 Нарғыз 👤 0

♀ Әйел 🌐 Қазақтар

Тіркелген өңірінің мекенжайы

📍 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ 📍 Аудан

Тазарту Көрсету

Нәтижелері:

0 адам.

Сіз сияқты - 0 адам

355 адам.

Қазақстан бойынша Сізбен аттас барлығы 355 адам тіркелген

Сурет 1 – Нарғыз есімінің әйел адамдарға қойылу статистикасы

Мен сияқты неше адам бар?

👤 Нарғыз 👤 0

♀ Ер 🌐 Қазақтар

Тіркелген өңірінің мекенжайы

📍 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ 📍 Аудан

Тазарту Көрсету

Нәтижелері:

0 адам.

Сіз сияқты - 0 адам

355 адам.

Қазақстан бойынша Сізбен аттас барлығы 355 адам тіркелген

Сурет 2 – Нарғыз есімінің ер адамдарға қойылу статистикасы (0)

Ал енді Нарғыз есімінің 30 жасқа дейінгі әйел адамдарға қойылу жиілігіне қаралық.


1 жаста – 5 қызбала	21 жаста – 8 қызбала
2 жаста – 2 қызбала	22 жаста – 11 қызбала
3 жаста – 4 қызбала	23 жаста – 10 қызбала
4 жаста – 8 қызбала	24 жаста – 13 қызбала
5 жаста – 3 қызбала	25 жаста – 13 қызбала
6 жаста – 7 қызбала	26 жаста – 14 қызбала
7 жаста – 6 қызбала	27 жаста – 16 қызбала
8 жаста – 7 қызбала	28 жаста – 28 қызбала
9 жаста – 7 қызбала	29 жаста – 9 қызбала
10 жаста – 6 қызбала (55 адам)	30 жаста – 1 қызбала (110 адам)
11 жаста – 16 қызбала	31 – 6 адам
12 жаста – 14 қызбала	32 – 8 адам
13 жаста – 10 қызбала	33 – 1 адам
14 жаста – 10 қызбала	34 – 0 адам
15 жаста – 5 қызбала	35 – 0 адам
16 жаста – 23 қызбала	36 – 0 адам
17 жаста – 20 қызбала	37 – 0 адам
18 жаста – 26 қызбала	38 – 0 адам
19 жаста – 8 қызбала	39 – 1 адам
20 жаста – 13 қызбала (145 адам)	40 – 0 адам (16 адам)

Нарғыз есімі 40 жасқа дейінгі әйел адамдарда 326 рет кездеседі. 1 мен 10 жас аралығында 55 қызбалада, 11 мен 20 жас аралығында 145 қызбалада, 21 ден 30 ға дейін 110 қызбалада, 31 ден 40 қа дейін 16 адамда кездеседі. ҚР 355 кездесетін Нарғыз есімінің 326-сы 40 жасқа дейінгі әйел адамдарға тиесілі болса, қалған 29-ы 40 тан жоғары жасқа тиесілі екендігін көрдік. Динамикасын шығарсақ, 30 дейінгі жастағы қызбалалардың ішінде 28 жас пен 18 жаста ең жиі қойылған кезі екен, яғни 10 жылдан кейін есімнің қойылу жиілігі көтерілген. Жалпы алғанда, 10 жас пен 20 жас аралығындағы қыздар арасында жиі қойылған есім екенін байқадық (сурет 3).



Сурет 3 – Нарғыз есімінің қойылу жиілігінің диаграммасы

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген Қазақ тілінің ұлттық корпусы (ҚТҰК) жүйесі сайтынан (<https://qazcorpus.kz/>) «Нарғыз» атауын іздеп көрдік [11]. Бұл корпус қазақ тілінің лексика-грамматикалық жүйесін толық қамтыған миллиондаған сөзқолданыстан тұратын электронды пішіндегі көлемді мәтіндер жинағы, қазақ тілі жайлы барлық мәліметті жинақтаушы «ақылды», мамандандырылған білім қоры саналады. Осы негізгі корпусының құрамында 16 ішкорпустар бар, олардың бірі «Ономастикалық ішкорпус». Ономастикалық ішкорпуста онимдердің мәдени-семантикасы берілген. Бұл корпусы жасауда әлемдік тәжірибелер негізге алынған [12]. Сонымен қатар корпуста мифонимдер мен теонимдердің де мәдени кодтардағы рөлі мен мәтіндік жиілігі қарастырылған. Бұл түрлі мәдени контекстердегі ойлау тәсілдерін түсінуге ықпал етеді [13]. ҚТҰК жалпы сөзқолданыс саны – 65 000 000. Осы сөзқолданыс арасынан Нарғыз атауы төмендегідей пайыздық мөлшерде стиль бойынша көрініс тапты (сурет 4)



Сурет 4 – Нарғыз атауының ҚТҰК жүйесінде кездесуі

Байқап отырсақ, іскери стильде атаудың кездесу жиілігі өте төмен, көркем әдебиетте кездесу жиілігіне қарап, ертеректе жиі қолданыста болған есім екендігін көреміз. Бұдан бөлек атаудың тақырып бойынша да кездесу жиілігін байқауға болады (сурет 5). Мәдени тақырыпта қолданылуы жоғары екенін көреміз.

The screenshot shows a web browser window with the URL https://qazcorpus.kz/_negizgi-korpus/statistic.php?soz=Narqyz. The page displays search results for the word "Narqyz".

Тақырып бойынша

Реттік нөмірі	Тематика	Сөз саны
1	ғылым (қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану ғылымдары)	4
2	мәдениет	8

[Көбірек көру...](#)

Авторлар бойынша

Реттік нөмірі	Автор	Сөз саны
1	Меңдолла Нұрымұлы	2
2	Ғабит Мүсірепов	9
3	Оразымбетова Баян Баймағамбетовна, Ахметчина Толқын Аканғалиевна	4
4	Жанғабыл Қабақбаев	8

Сурет 5 – Нарғыз атауының тақырып бойынша кездесу көрсеткіші

Жалпы алғанда, қызбалаға есім таңдау ұлбалаға есім таңдаудан қиындау процесс. Себебі, қызбала сұлулықтың, әдеміліктің символы болғандықтан, оған барынша эстетикалық тұрғыдан әдемі есім таңдауға тырысады [14].

Нарғыз есімі де халықтық таным-түсінік аясында елеулі деп таңдалған есімдердің бірі деп танимыз.

Қорытынды. Жоғарыда айтылған ойларды қорыта келе, келесідей тұжырымдар жасаймыз.

«Нарғыз» есімінің шығу тарихы: «Нарғыз» атауы ұлттық мәдени құндылықтар мен антропонимдік дәстүр арасындағы лексика-семантикалық байланыстың жарқын мысалы болып табылады. Атаудың семантикалық өзегі «нар» ұғымынан бастау алады, ол әлемнің қазақ бейнесінде күшпен, батылдықпен, төзімділікпен және ішкі қадір-қасиетпен байланысты орын алуында. Осылайша «Нарғыз» атауы жеке идентификатор ғана емес, сонымен бірге әйелдік мықтылық пен рухани күштің идеализациясын көрсететін белгілі бір этномәдени идеологияның символы ретінде қызмет етеді. Бұл атау әртүрлі этнотарихи контекстерде тұрақты символдық мағынаға ие болуы мүмкін, бұл одан әрі социолінгвистикалық және этнолінгвистикалық зерттеулерге де тақырып бола алады.

«Нарғыз» атауы қазақтың «нар сияқты мықты, батыр, қиындыққа төзімді, қайсар қызы» деген түсінігінен туындаған атау деп нақты айта аламыз. Яғни, есімнің негізгі мағынасы, күшті, батыл, айбатты, қайсар қызға қатысты болып отыр. Нарғыз сынды қалыптасқан Айғыз, Балғыз қыз есімдері бар.

Орфографиялық жазылуы: есімнің орфографиялық жазылуында қазақ тілінің үндестік заңы мен тарихи қалыптасқан тілдік нормалар сақталады. Лингвистикалық аспектіде атауды ресми құжаттарда тіркеу кезінде қазақ тілінің фонетикалық-графикалық нормаларын сақтау маңызды болып табылады. «Нарғыз» есімінің жазылуында «қ» таңбасының орнына «ғ» таңбасын қолдану қазақ тілінің жазу емле-ережелеріне, фонетикалық бейімделу принциптеріне сәйкес келеді. Бұл аспект орфографиялық нормалардың ауызша және жазбаша дәстүрдің эволюциясымен қалай әрекеттесетіндігін көрсетеді, сонымен қатар атаудың бірегейлігі мен мәдени сәйкестігін сақтайды. Орфографиялық жазылу нормасы – Нарғыз.

Қойылу жиілігі: Нарғыз есімінің қойылу жиілігіне келсек, Қазақстанда бұл есімнің жиі кездесетін жас топтары – 10 мен 30 жас аралығындағы қызбалалар мен әйелдер.

Есімнің динамикасына қарасақ, он сегіз және жиырма сегіз жастағы адамдарда жиі қойылатынынын байқап отырмыз. Осыны негізге ала отырып, Нарғыз есімінің тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда жиі қойылған есім екендігін байқаймыз. Ал соңғы жылдарда қойылу көрсеткішінің төмендеуін мына жағдаймен байланыстарамыз: мысалы, жаңа туылған нәрестелердің анасының орташа жасы 20 -30 жас аралығы деп алсақ, аналарына қойылған есімнің баласына қойылмайтыны сынды, анасында көп кездесетін есімнің балаларына қойылу жиілігі аз болатыны белгілі. Яғни, логикалық тұрғыдан жаңа туған балалардың ата-аналарының жасына байланысты қалыптасқан дәстүрлер мен есімдер жиілігі өзгеруі мүмкін деп айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Бес томдық. – Т.2. – Нұр-Сұлтан: Халықаралық түркі академиясы, 2021. – 525 б.
2. Антропонимдік сөздік. Құрастырушылар: Жанұзақ Т., Оңғарбай Н., Бармешова Н., Тұрғынбаева Ж., Садырбаева З., Садық Д. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 250 б.
3. Мұқанов С. Аққан жұлдыз // URL: <https://kitap.kz/book/aqqan-zhuldyz-1>.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. / Құраст.: Манкеева Ж., Бизақов С., Жүнісбек Ә. және т.б. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
5. Нарғызгүл гүлі туралы // URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki>.
6. Қалиев Б.Қ. Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сардар, 2012. – 503 б.
7. Smith D. The Cultural Foundations of Nations: Hierarchy, Covenant, and Republic by Anthony. – Oxford: Blackwell. – 2007. – 272 p.
8. Әбдуәлиұлы Б. Үндесуге міңгесу // Ономастикалық хабаршы. – 2019. – №2 (37). – Б. 27-34.
9. Қазақстан азаматтары аты-жөндерінің латынграфикалы әліпби негізінде жазылу ережелері // URL: https://drive.google.com/file/d/1xpEA05lO8myDElsMn_EQFze6ag0Hbyah/view.
10. Нарғыз есімінің статистикасы // URL: <https://stat.gov.kz/instruments/name/>.
11. Нарғыз атауы // Қазақ тілінің ұлттық корпусы. URL: https://qazcorpus.kz/_negizgikorpus/index1.php?soz=%D0%9D%D0%B0%D1%80%D2%93%D1%8B%D0%B7.
12. Рысберген Қ., Пашан Д., Рсалиева Н., Садырбаева З. Ономастикалық ішкорпусты жасау және әлемдік тәжірибе // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – № 2(139). – Б. 8-19. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-139-2-8-19>.
13. Plegenova G., Rysbergen K., Zhanabekova A. Representativeness of Mythonyms and Theonyms in Language Corpora // International Journal of Society, Culture & Language. 12(1), 2024. – P. 374-395. DOI: <https://doi.org/10.22034/ijsc.2024.2017262.3288>.
14. Пашан Д.М. Қызбалаға қойылатын есімдер: заманауи ұстанымдар // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2025. – №1 (91). – Б. 20-30. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5657.2025.91.1.003>.

Д.М. ПАШАН, А.А. ХАБИЕВА

Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова,
Алматы, Қазақстан

А.М. ЕЛУБАЙ

Академия гражданской авиации, Алматы, Қазақстан

СЕМАНТИКА АНТРОПОНИМА «НАРГЫЗ», ОРФОГРАФИЧЕСКИЕ НОРМЫ И ЧАСТОТА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ

Аннотация. В данной статье исследуются значение, происхождение и нормы написания имени «Нарғыз», а также частота его использования в Казахстане. Имя «Нарғыз» относится к группе имен, связанных с растительным миром, и основано на названии цветка нарғызгул

(георгин). В статье предлагаются несколько гипотез о происхождении и значении имени, включая связь с воинственными девушками времен войны и версию, связанную с персидским словом «наргис» — названием цветка. Орфографически, норма написания имени соответствует закону гармонии звуков в казахском языке и историческим языковым традициям. Согласно статистике Казахстана, имя «Нарғыз» наиболее часто встречается среди женщин в возрасте от 10 до 30 лет. В настоящее время наблюдается значительное снижение частоты его использования, особенно среди девушек до 28 лет. Результаты исследования помогают выяснить смысловые и языковые аспекты имени «Нарғыз», а также его динамику по частоте использования. Статья также рассматривает традиции именования в казахском языке и соблюдение орфографических норм. Особенно важную роль играют закономерности в национальной ономастике и истории имен. Это исследование выражает мысли об изменении традиций именования и их адаптации к современным требованиям. Историческое значение имен и их языковые особенности являются важной частью народной культуры.

Ключевые слова: Нарғыз, имена, орфография, частотность употребления, ономастика.

D.M. PASHAN, A.A. KHABIYEVA
Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics,
Almaty, Kazakhstan
A.M. YELUBAY
Civil aviation academy, Almaty, Kazakhstan

THE SEMANTICS OF THE ANTHROPONYM “NARGYZ”, ORTHOGRAPHIC NORMS, AND FREQUENCY OF USE

Annotation. This article explores the meaning, origin, and spelling norms of the name «Narǵız», as well as its frequency of use in Kazakhstan. The name «Narǵız» belongs to the group of names related to the plant world and is based on the name of the flower narǵızgul (dahlia). Several hypotheses about the origin and meaning of the name are proposed in the article, including a connection with warrior girls from the times of warfare and a version related to the Persian word «nargis», which means a flower. In terms of orthography, the spelling norm of the name aligns with the sound harmony law of the Kazakh language and historical language traditions. Additionally, according to statistics from Kazakhstan, the name «Narǵız» is most commonly found among women aged 10 to 30. Currently, there is a noticeable decrease in its frequency, especially among girls under 28. The research results clarify the semantic and linguistic aspects of the name «Narǵız» and show its frequency dynamics. The article also discusses the traditions of naming in the Kazakh language and adherence to spelling norms. The laws of national onomastics and the history of names play an important role. This study reflects thoughts on the changing traditions of naming and their adaptation to modern requirements. The historical meaning of names and their linguistic characteristics are an important part of national culture.

Keywords: Narǵız, names, orthography, frequency of use, onomastics.

References

1. Janūzaq T. Qazaq onomastikasy. Bes tomдық. – T.2. – Nūr-Sūltan. Halyqaralyq türkı akademiasy, 2021. – 525 b.
2. Antroponimdik sózdık. – Almaty: A.Baitürsynūly atyndaǵy Tıl bılımy instituty, 2018 – 250 bet. Qūrastyruşylar: T.Janūzaq, N.Oñǵarbai, N.Barmeşova, J.Türǵynbaeva, Z.Sadyrbaeva, D.Sadyq.
3. Mūqanov S. Aqqan jūldyz // URL: <https://kitap.kz/book/aqqan-zhuldyz-1>
4. Qazaq әдеби тілінің сөздігі. On bes tomдық. 11-tom. / Qūrast.: J.Mankeeva, S.Bizaqov, Ä.Jünısbek jāne t.b. – Almaty: Däuir, 2011. - 752 b.
5. Narǵyzgöl gülı turaly // URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki>
6. Qaliev B. Q. Ösımdık ataularynyñ tüsındırme sózdıǵı. – Almaty: Sardar, 2012. – 503 b.

7. Smith D. The Cultural Foundations of Nations: Hierarchy, Covenant, and Republic by Anthony. – Oxford: Blackwell. – 2007. – 272 p.
8. Äbduäliüly B. Ündesuge mıñgesu // Onomastikalyq habarşy. – 2019. – №2 (37). – B. 27-34.
9. Qazaqstan azamattary aty-jönderiniñ latyngrafikaly älipbi negızinde jazylu erejeleri // URL: https://drive.google.com/file/d/1xpEA05lO8myDElsMn_EQFze6ag0Hbyah/view
10. Narğyz esiminiñ statistikasy // URL: <https://stat.gov.kz/instruments/name/>.
11. Narğyz atauly // Qazaq tiliniñ ülttyq korpusy. – URL: https://qazcorpus.kz/_negizgikorpus/index1.php?soz=%D0%9D%D0%B0%D1%80%D2%93%D1%8B%D0%B7.
12. Rysbergen Q., Paşan D., Rsalieva N., Sadyrbaeva Z. Onomastikalyq ıskorpusty jasau jäne älemdik täjiribe // L.N.Gumilev atyndağy EÜU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2022. – № 2(139). – B. 8-19. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-139-2-8-19>.
13. Tlegenova G., Rysbergen K., Zhanabekova A. Representativeness of Mythonyms and Theonymsin Language Corpora // International Journal of Society, Culture & Language. 12(1), 2024. – P. 374-395. DOI: <https://doi.org/10.22034/ijsc.2024.2017262.3288>.
14. Paşan D.M. Qyzbalağa qoiylatyn esimder: zamanauı üstanymdar // Abai atyndağy QazÜPU Habarşysy «Filologia ғылымдары» seriasy, 2025. – №1 (91). – B. 20-30. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5657.2025.91.1.003>.

Авторлар туралы мәлімет:

Пашан Дана Мұсабекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Пашан Дана Мусабекқызы – кандидат филологических наук, научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан.

Pashan Dana Musabekqyzy – Candidate of Philological Sciences, Researcher A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

Хабиева Алмагүл Алтайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Хабиева Алмагуль Алтаевна – кандидат филологических наук, научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан.

Khabyeva Almagul Altayevna – Candidate of Philological Sciences, Researcher A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

Елубай Әсем Мамешқызы – философия докторы (PhD), Азаматтық Авиация Академиясы, Алматы, Қазақстан.

Елубай Асем Мамешовна – доктор философии (PhD) Академии гражданской авиации, Алматы, Казахстан.

Yelubay Assem Mameshovna – Doctor of Philosophy (PhD), Civil aviation academy, Almaty, Kazakhstan.

Г. ТӨКЕНҚЫЗЫ¹ С.Қ. ОМАРОВА² А.К. КАДИРХАН³ 

«Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, Астана, Қазақстан¹

(e-mail: adon_70@mail.ru¹, omarovask@mail.ru², alma_1992@mail.ru³)

***ҚАЗІРГІ ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАЛАР ТІЛІ (ҚАЗАҚ ТІЛІ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫНЫҢ КІШІ КОРПУСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Мақалада «Қазақ тілі ұлттық корпусының бес кіші корпусы» (<https://best.qazcorporation.kz/>) базасындағы қазіргі медиамәтіндер, соның ішінде телебағдарламалар мәтіндері талдау нысанына алынды. Бүгінгі жаһандану дәуірінде бұқаралық коммуникация да қарқынды дамуда, телеарналар, радио, әлеуметтік желілер, баспасөз басылымдарының желілік нұсқаларының көбею және интернет-басылымдардың шығуы тіл дамуына қарқынды әсер етуде. Әлемдік және отандық ғалымдар осы бағытты тілдік іс-әрекеттің ерекше бағыты ретінде қарастырады. Қазақ тіл біліміндегі медиамәтіндер көбінесе прагматикалық аспектіде қарастырылған. Зерттеу еңбектердің көп бөлігі медиамәтін, баспа мәтіндерін қарастыруға арналған, ал қазақ тіліндегі теле және радио медиамәтіндер тілін арнайы зерттеген еңбектер жоқтың қасы сондықтан телебағдарламалар тілін зерттеу өзекті.

Медиамәтіндер тілі қазіргі қазақ тілінің стилистикалық жүйесіне, сөйлеу әдебіне, әдеби тілге әсері тілдік материалдар арқылы айқындалды. Тіл мәдениеті мен шешендік өнер туралы зерттеулер қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында түрлі қырынан зерттеу нысаны ретінде алынғаны белгілі. Мәдениеттің негізгі бастауы тіл қатысудан басталады. Бүгінгі таңдағы медиамәтіндердің көп қырлы және көп өлшемді болуы ғалымдарға олардың әртүрлі аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік береді, соның ішінде стилистикалық тиістілікке бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері және олардың мәдениетпен байланысы жалпы және сөйлеу мәдениетімен байланысы назардан тыс қалмауы тиіс. Бүгінгі жаһандану дәуірінде бұқаралық коммуникация да қарқынды дамуда, телеарналар, радио, әлеуметтік желілер, баспасөз басылымдарының желілік нұсқаларының көбеюі және интернет-басылымдардың шығуы тіл дамуына қарқынды әсер етуде. Медиамәтіндердің қазақ тілінің стилистикалық жүйесіне, әдеби тіліне әсері тілдік материалдар арқылы айқындалды. Осы мәселелерді шешуде, сонымен қатар телебағдарламалар тілінің сапасын жақсартуда, үлкен тілдік модельдерді (LLM) қолданудың мүмкіндіктері қарастырылды.

Түйін сөздер: корпус, тілдік модель, стилистика, медиамәтін, прагматика, сөйлеу әдебі, тіл мәдениеті, шешендік өнер.

Кіріспе. Бүгінгі жаһандану дәуірінде бұқаралық коммуникация да қарқынды дамуда, оның ішінде телеарналар, радио, әлеуметтік желілер, баспасөз басылымдарының желілік

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын ЖТН: BR24993001 «Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тілдік модельді (LLM) құру» БНҚ ғылыми жобасы аясында жазылды.

нұсқаларының көбею және интернет-басылымдардың шығуы тіл дамуына қарқынды әсер етуде. Әлемдік және отандық ғалымдар осы бағытты тілдік іс-әрекеттің ерекше бағыты ретінде қарастырады. Жасанды интеллект пен үлкен тілдік модельдер (LLM) медиамәтіндерге жаңа тәсілдермен талдау жасап, сөйлеу мәдениетін сақтау мен оны дамытуға бағытталған құрал ретінде кеңінен қолданыла бастады.

Медиалингвистикада мәтінді зерттеудің барлық әдістері қолданылады: жүйелік талдау әдістері, логикалық, эмпирикалық, социалингвистикалық әдістер. Медиамәтіндер тілі қазіргі қазақ тілінің стилистикалық жүйесіне, сөйлеу әдебіне, әдеби тілге әсері тілдік материалдар арқылы айқындалды. Тіл мәдениеті мен шешендік өнер туралы зерттеулер қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында түрлі қырынан зерттеу нысаны ретінде алынғаны белгілі. Мәдениеттің негізгі бастауы тіл қатысудан басталады. Бүгінгі таңдағы медиамәтіндердің көп қырлы және көп өлшемді болуы ғалымдарға олардың әртүрлі аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік береді, соның ішінде стилистикалық тиістілікке бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері және олардың мәдениетпен байланысы жалпы және сөйлеу мәдениетімен байланысы назардан тыс қалмауы тиіс. Осы мәселенің шешімін табу мақсатын көздеген мақалада телебағдарламалар тіліндегі ерекшеліктер талданады.

Бүгінгі таңдағы медиамәтіндердің көп қырлы және көп өлшемді болуы ғалымдарға олардың әртүрлі аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік береді, соның ішінде стилистикалық тиістілікке бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері және олардың мәдениетпен байланысы жалпы және сөйлеу мәдениетімен байланысы назардан тыс қалмауы тиіс. Медиамәтіндер елдің ақпараттық кеңістігіндегі айрықша үстемдігінің арқасында қазіргі қазақ тілінің сөйлеу мәдениетіне ықпалы зор әрі негізін құрайды және отандық лингвистердің назарын аударуға және зерттеуге лайық.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада мәтінге лингвостилистикалық талдау, жинақтау, салыстыру әдіс-тәсілдері қолданылды. Зерттеу барысында мәтіндерді талдауға қосымша ретінде, үлкен тілдік модельдер (Large Language Models, LLM) технологиясы арқылы қазақ тіліндегі медиамәтіндерді өңдеудің мүмкіндіктері қарастырылды. LLM-дер медиамәтіндердегі стилистикалық, лексикалық қателерді автоматты түрде түзетуге, диалектілер мен жаргондарды әдеби тіл нормаларына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Өткен ғасырдың 90-жылдарында ағылшын ғылыми әдебиеттерінде пайда болған медиамәтін термині халықаралық академиялық ортада, ұлттық медиадискурс та жылдам қолданысқа еніп кетті. Медиамәтін ұғымының ғылыми айналымда тез бекітілуі зерттеушілердің бұқаралық коммуникация саласындағы тілдің қызмет ерекшеліктеріне деген қызығушылығының артуына байланысты болды. Тіл білімінде медиамәтін тілін Т.А. Ван Дейк, М. Мантгомери, А. Белл, Н. Фейерклаф, Р. Фаулер, т.б. сынды шетелдік ғалымдар лингвистиканың әртүрлі бағыттары бойынша зерттеген. Ғалымдар еңбектерінде медиамәтіндер әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, функционалдық стилистика, риторикалық сын тұрғысынан талданады және медиатекстердің түрлері мен функционалдық стилистикалық ерекшеліктері анықталады. Ғалым Т.А. Ван Дейк «Билік және медиа жаңалықтар» [1] деген зерттеуінде медиамәтіндер әлеуметтік лингвистика бағытында талдауға түседі. Ғалым медиамәтін арқылы билік пен медианың арақатынасын, байланысын жан-жақты ашып береді. Сонымен қатар ол аталған еңбегінде медиадискурс қызметін де талдайды. Тілдік коммуникацияны әлеуметтік психология тұрғысынан қарастыруға арналған «Тіл. Таным. Коммуникация» атты зерттеуінде лингвистикалық прагматика, мәтінді түсіну және қалыптастыру, бұқаралық ақпарат жүйелеріндегі тіл қызметі туралы мәлімет берілген. Автор әлеуметтік мәдени факторлардың тілді қолдану механизміне әсерін баяндайды. Ғалымның пікірінше, медиамәтінді белгілі бір әлеуметтік-мәдени мақсаттарда қолданған кезде автор оқырмандардың (көрермендердің) санасы мен қабылдауына әсер ететін барлық тиімді тәсілдерді ескеру керектігін айтады.

Медиалингвистика саласына іргелі еңбектерімен келген британдық лингвист М. Мантгомери медиамәтіндердің әлеуметтік рөлін зерттеу нысаны еткен: «Алдымен

медиамәтіндер қазіргі адамзат қоғамы үшін ақпарат көзі. Медиамәтін ақпараттық қызметті қоспағанда, ақпарат алушыларға қатысты басқа да атқаратын рөлдері бар. Соның бірі адамның жоғары рухани қажеттіліктерінің қоршаған ортасымен және мораль мен этика талаптарына жауап беретін құндылық-мотивациялық негіздерді қалыптастырумен байланысты әлеуметтік-мәдени қызметі ерекше орын алады» [2, 132] - деп түйіндейді.

Ғалымның тұжырымына сәйкес, тілдік коммуникацияны жандандыру контекстіндегі медиамаәтіннің рөлі - тек ақпарат жеткізу ғана емес, қоғамдағы ақиқатты тануға ықпалды болу. Бұқаралық ақпарат құралдарында өмірден алынған оқиғалар, құбылыстар медиамаәтіні арқылы берілуі тиіс. Ғалым медиамаәтін авторының мақсаты қоршаған ортамен барынша белсенді диалог құру екенін атап өтеді. Біз ғалымның пікірін құптаймыз, өйткені медиамаәтіндегі көзделген мақсат - өз аудиториясы үшін идеологиялық және психологиялық маңызы бар ақпаратты тарату, аудиторияның көзқарасына белгілі бір дәрежеде әсер ету. Бұл сөйлеу этикетіне де әсер етеді.

Ағылшын лингвисті Норман Фейерклафтың пайымдауынша, бүгінгі таңда қоғамда ақпараттық-лингвистикалық мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тіл мен сөйлеу мәдениетін сақтау мәселесі өзекті болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін кең контексте қабылдау қоғамдағы тілдің қызметіне әлеуметтік-психологиялық, саяси және мәдени факторлардың әсерін түсінуге және түсіндіруге жағдай жасайды [3].

Ал Р. Фаулер былай дейді: «бұқаралық ақпарат құралдарының тілі – бұқаралық коммуникация саласындағы мәтіндердің тұтас жиынтығы ғана емес, сонымен қатар лингвистикалық қасиеттері мен ерекшеліктерінің нақты анықталған жиынтығы» [4, 45]. Медиамаәтіндер тілдің дамуына, тілдің тазалығына ықпал етеді.

Ресей тіл білімінде теледидар тілі мен интернет тілі біршама қарастырылған. О.А. Лаптева «Живая русская речь с телеэкрана» атты еңбегінде теледидардағы медиамаәтіндерді, сөйлеудің қасиеттерін зерттеген [5].

Г.Н. Трофимова «Языковой вкус интернет-эпохи» атты еңбегінде әлеуметтік желілер тіліндегі ерекшеліктерді талдау нысаны еткен [6].

Қазіргі уақытта тіл білімінің жаңа медиалингвистика саласында бірнеше бағыттар бойынша зерттеулер жүргізуде:

- телебағдарламаар тілінің лингвистикалық сипатын анықтап, оны парадигма тілі – сөйлеу, мәтін – дискурс тұрғысынан қарастыру;
- тілдің негізгі функцияларын жүзеге асыру дәрежесіне сәйкес медиа ресурстарды зерттеу;
- мәтіндерді қолдану орны бойынша жіктеу (баспасөз, радио, теледидар, интернет);
- медиа ресурстардың функционалдық және стилистикалық түрлерін саралау;
- медиа мәтіндердің негізгі түрлерін анықтау, жанрлық-спецификалық жіктеуді әзірлеу;
- медиа мәдениеттің негізгі түрлерінің лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктерін анықтау;
- медиа мәтіндердің интерпретациялық қасиеттерін, экстралингвистикалық компоненттерін зерттеу;
- медиа мәтіндердің жеке және бұқаралық санаға әсер етуінің лингвистикалық медиа технологияларын зерттеу;
- әртүрлі елдердің лингвомедициналық тәжірибесіне салыстырмалы және салғастырмалы зерттеулер жүргізу.

Зерттеуші В.В. Кривенко медиа тілінің ерекшелігі оның «ақпаратты өңдеу және оны оқырманға әсер ету, медиа-іс-шараларға түсініктеме беру немесе ұйымдастыру, адамгершілік формаларын, эстетикалық талғамдары мен бағалауларын қалыптастыру арқылы аудиторияның пікірін өзгертудің қуатты әлеуетінде» екенін атап өтті. Құндылықтар иерархиясын қалыптастырады, тіпті оқырманға тарихи, қоғамдық-саяси түсініктер, психологиялық және т. б. көзқарастарына ықпал етеді. Бұқаралық ақпарат құралдары

бұқаралық дискурстың сапасына қоғамдық өмірдің модельдерін ұйымдастыру, қоғамның өзін-өзі бағалауын қалыптастыру сияқты құндылықтарды ақпараттандыру және бағалау арқылы әсер етеді» [7, 12].

Қазақ тіл біліміндегі медиамәтіндердің басым бөлігі прагматикалық аспектіде зерттеу нысаны болған. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бөлігі медиа-мәдениетті, баспа мәтіндерін зерттеуге назар аударған, ал қазақ тіліндегі телерадио мәтіндерінің тілін арнайы зерттеу жоқтың қасы.

Б.Қ. Момынованың «Қазақ газеттерінің лексикасы: жүйесі мен құрылымы» тақырыбындағы докторлық диссертациясы, Қ. Есенованың «Қазіргі қазақ медиамәтіндерінің прагматикасы» атты докторлық диссертациясы, А. Алдашеваның «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар», О. Бүркітовтың «Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі» атты диссертацияларында газет тілі жан-жақты талдауға түскен. М. Серғалиев «Ой мен сөздің жарасымы» мақаласында теледидар бағдарламалардың жүргізушісі тілінде әдеби тіл нормасының сақталмауын, бөгде тіл элементтерін орынсыз қолданғанын сынай отырып, ең көп қолданылатын жаңа сөздер газеттер, журналдар, теледидар және радио екенін атап өтті. «Солай бола тұра, радио тілі, телевизия тілі дейтін мәселелер тасада қалып келе жатыр. Саусақпен санарлық газет мақалалары бұл олқылықты тіптен толтыра алмайды. Әлі бұл тұрғыдан теориялық та, практикалық та мәні бар жайлар толып жатыр. Ондағы жылдар бойы жинақталған материалдар негізінде радио тілінің де, телевизия тілінің де теориясын жасайтын да мезгіл жетті» [8, 4], – дей келе, теледидар тілін зерттеудің өзектілігін алға тартады.

Қазіргі телебағдарлама жүргізушілерінің тілінде әдеби тіл нормаларының сақталмауы, шет тілі элементтерінің орынсыз қолданылуы секілді мұндай мәселелерді үлкен тілдік модельдер (LLM) технологиясы шешуге мүмкіндік береді. Мәселен, телебағдарламалардың тіліне LLM арқылы автоматты стилистикалық талдау жүргізу, сөйлеу мәдениетін сақтауға бағытталған арнайы өңдеулер жасау мүмкіндігі пайда болды. LLM технологиясы диалектілік ерекшеліктерді, кірме сөздерді немесе жаргондарды анықтап, оларды әдеби тіл нормаларына жақындату үшін қолданылуы мүмкін.

Г. Машинбаеваның «Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері» атты монографиясында теледидар тілінің ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеуші телеарналар арқылы берілетін әртүрлі жанрдағы бағдарламалардың тілін талдайды. Нәтижесінде әр жанрға қатысты үнемі қолданылатын лексемалар, дайын формалар мен стереотиптер тобын айқындайды [9]. «Ақпарат жеткізуші бұқаралық ақпарат құралдарының қызметтері ортақ болғанымен, олардың ақпаратты жеткізуде бір-бірінен айырмашылығы бар. Электронды ақпарат құралдары (теледидар, радио) ақпаратты аса бір ұшқырлықпен жедел түрде, яғни оқиғаны болған жерінен сол сәтінде жеткізуімен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда БАҚ тілін зерттеудің қоғамдағы орны айрықша. Әсіресе, аудио-визуалды ақпараттық құрылым болып табылатын теледидардың қоғамдық санаға және тілдің лексикафразеологиялық, функционалдық-стильдік жүйесіне тигізетін әсері ерекше. Осыған байланысты теледидар тіліндегі тілдік құбылыстарды жете зерттемей, оның оқырманға әсерін, ықпалын білу, қоғамдық пікірді қалыптастырудағы, қоғамдық сананы көтерудегі орнын айқындау мүмкін емес» [9, 4] – деген тұжырым жасайды.

Ал зерттеуші Д. Бисмильдина өзінің диссертациялық еңбегінде теледидар тілінің құрылымдық ерекшеліктерін жан-жақты қарастырады. Зерттеуде отандық телеарналардағы жаңалықтар тілі, спорттық жаңалықтар, комментарийлердің тілдік ерекшеліктері анықталады [10].

Телебағдарламалар ерекшеліктері ғылыми еңбектерде зерттеліп, медиамәтіндердегі қате тілдік қолданыстар мақалаларда сынға алынып келеді. Мысалы А. Тасымов теледидар мәтіндеріндегі диалектілерді сынға алса, Р. Сыздық, Қ. Ниеталиева теледидар және радио мәтіндері тілінің көркемдік ерекшеліктерін, жетістіктерін бағалайды.

Бұқаралық ақпарат құралдары тілін сынға алып, оның кемшіліктері туралы көптеген мысалдармен айтуға болады, бірақ оның жаңа тіл саясатының қалыптасуына және сол

дәуірдегі тілдік талғамның қалыптасуына оның басым әсерін мойындамауға болмайды. Стилистика сонымен қатар медиамәтіндегі әдеби емес элементтерді медиамәтіндегі қалыптан тыс элементтерді тарту нәтижесінде қол жеткізілген (немесе қол жеткізілмеген) стилистикалық эффект тұрғысынан қарастырады, яғни мәтін (біздің жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдары) әдеби нормаларға бағытталған тіл болуы керек.

Талқылау мен бақылау. Бұқаралық ақпарат құралдарында дәстүрлі түрде мәтінді басып шығаруға дайындау, мәтінді тілдік нормаға сәйкестендіру, яғни стилистикалық қателерге түзету жұмыстары жүргізіледі, соның негізінде әсіресе стилистикалық қателіктерге жол берілмейді. Мәтін көпшілікке түсінікті әдеби тілде беріледі. Ал бүгінгі телебағдарламаларды қарасақ, өнерлі жастардың тілінің көп өзгергеніне қынжыламыз. Мысалы, «Murat Oralgazin» телеарнасындағы «Елдос Сметов - Қызық times / бағдарламасында» танымал спорт шеберінің «Оңай жолмен ештеңе келмейді» тақырыбындағы бейнежазбасына назар аударсақ, Елдос Сметов: «Тренировканы жасайм, вроде бәрі жақсы, именно, сол приемға кіргенде жетінші орын алып қалғанмын. Вообще, болды, қойдым күресті, ертең официировать етеміз... қоштасамыз... давайласамыз», – дейді. Байқағанымыздай орынсыз бөгде сөз элементтерін қолдану, яғни тіл шұбарлау, сөйлемнің аяқталмай қалуы, стильдік қателер берілген ойды түсінуге мүмкіндік бермейді. Бұл жөнінде ғалымдар тарапынан да жиі айтылып келеді. «.. бүгінгі жастар, тіпті орта жастағылар да қазақ әдеби тілінің нормаларын тап басып, тани алмайтынды шығарды. Норма болып табылатын, қалыпты қолданыстарды ерекше қолданыстар деп, тіпті қате қолданыстар деп, ал қате қолданыстарды қалыпты норма немесе ерекше қолданыстар дейтін болды», – дейді ғалым Қ. Күдерінова [11]. Мысал келтірер болсақ, «Dope Soz» арнасында «Руслан Тай: Өтірік патриотизм, Мектептегі тәртіп, Қазақы трайбализм, Емшілер» атты подкастында, Руслан Тай «Сол компанияға өткенде респект ұстап қалдым жестко/ кешіктік базар жоқ, как положено автобусқа қыстырылдық/прикинъ ағылшыниша сөйлей бастайд», – деп сөйлеу барысында бөгде тіл элементтерін қолданды.

Тілші А. Сафьянова сөйлеу мәдениетін былайша жіктейді:

- элита тілі (стандартты сөйлеу мәдениеті, тілдің барлық мүмкіндіктерін, оның ішінде шығармашылықты еркін меңгеруді білдіреді);
- әдеби тіл (әдеби тілдің нормалары сақталатын сөйлеу мәнерін білу; шамамен ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін білу);
- орташа әдеби тіл (нормаларды толық сақтамау, кітап және ауызекі лексиканы шамадан тыс пайдалану);
- әдеби-ауызекі сөйлеу (әңгімелесушінің жасына және онымен танысу дәрежесіне қарамастан «сен» сөзі қолданылады);
- жергілікті жаргон сөздер (қарым-қатынас пен мәдениетті тек қоршаған ортаға бағыттау; тек ауызша қарым-қатынас стилін меңгеру) [12, 84].

Еліміздің өнерлі жастарының сұхбат бергенде сөз әдебіне мән беріп, шаршы топтың алдында әдеби тілде, тіліміздің бай шешен сөздік қорын орнымен қолданса екен, сөйлеу мәдениетінің сақталмауы тіл тазалығына кері ықпал етуі мүмкін.

А. Байтұрсынұлының: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіркеледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Өйткені тілдің баюы, сөйлеу тәсілінің кеңеюі оқу, көру және сезіну шарттарына саяды. Ал тележурналистикада шала-шарпы асығып, шалағай берекесіз сөз сөйлеп, ділмарсу арқылы шешендік өнердің майын ішем дегендер қателеседі» [13, 84] – деген пікірі әрқашан есте болуы керек.

Нәтижелер. Қазіргі уақытта қоғамдағы медиамәтін тілін, қызметін, дамуын талдай отырып, әдеби тіл нормаларын тілдің кез келген деңгейінде (грамматикалық, лексикалық, стилистикалық) сақтаудың үлгісі бола алатынына көз жеткізуге болады. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі жағдайы сөз бостандығымен реттеуші шекаралардың кеңеюімен сипатталады.

БАҚ мәтіндерін мазмұн мен аксиологияның өзара әрекеттесуі тұрғысынан қарау қоғамның тілдік мәдениетінің жай-күйі туралы ғана емес, оның моральдық-адамгершілік

мәртебесі туралы да құнды ақпарат алуға мүмкіндік береді, өйткені бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері публицистикалық дискурстың бірліктері ретінде олар талғамдар мен өмірлік басымдықтарды таратады, өмір салтын, мінез-құлықты, соның ішінде сөйлеу ерекшеліктерін қалыптастырады. Соңғы онжылдықтардағы оқиғалар медиамәтіндердің ақыл-ойға әсер етудің үлкен мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді және бұқаралық аудиторияның әлеуметтік желілер мен телебағдарламаларға көп уақыт бөлетіндігі белгілі. Бір жағынан, олар адамдарға әлемдік және танымдық хабарламаларды бере алады, бостандық пен әлеуметтік әділеттілікке ұмтылуды жеңілдетеді, ал екінші жағынан адамдарды құлдыққа түсіріп, оларға жалған ақпарат та бере алады, этникалық қақтығыстарды қоздыруы да мүмкін, сенімсіздік пен қорқыныш, т.б. кері ықпалы да болуы ықтимал. Біз сөйлеу мәдениетінің талаптарын ескере отырып, медиамәтінді аксиологиялық зерттеу жүргізу керек деп санаймыз. Қазіргі заманғы медиамәтіндер әсіресе телебағдарламалар тілінде әдеби тілдің босаңсуын көрсететіні белгілі болды, әдеби тіл нормалары сақталмайды, қарым-қатынас мазмұнының стилистикалық төмендеуі, сөйлеу агрессиясы, сөйлеудің «варваризациясы» және «люминизациясы» байқалады. Мұндай фактілер жария түрде «руқсат ету шегінің» төмендеуін айтуға мүмкіндік береді қазіргі сөйлеу жағдайында үлгі болатын сөйлеу тілі солғын тартқан. Көптеген журналистер өз сөзінде «заманауи» деген сөзді жиі қолданады, орынсыз жұмсалған қайталамалар да тіл мәдениетінің төмендігін айғақтайды. Телебағдарламалар тілінде жаргон, ауызекі лексика басым. Әлеуметтік желілерде жазу түсініксіз сөнге айналды, шет тіліндегі терминдерден басқа, қосымшаларды дұрыс қолданбау, кірме сөздердің көптігі т.б. ой ақпаратты тұтынушыны оңай адастырады, ал коммуникативті шиеленіс аймағы пайда болады, өйткені адресат өзінің тілдік қабілетсіздігін сезінеді ұсынылған бұқаралық ақпаратты қабылдау қиын болады. Барлығы коммуникативті сәтсіздіктердің санын көбейтеді.

«Кез келген қоғамда қандай да бір орныққан этикет нормалары арқылы реттеліп отырады. Ал этикет нормалары сан ғасырлық тәжірибе арқылы, тарихи-әлеуметтік жағдайларды бойына жинау арқылы, ол жинақталған материалдарды күнделікті өмірде сұрыптау арқылы дүниеге келеді. Атадан балаға мұра болып келе жатқан түрлі нормалар адамзаттың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас құруына жәрдемін тигізеді. Мысалы, тілдік норманы қатаң сақтағанымен әдеп нормасы сақталмаса, керісінше, әдеп нормасы сақталып, тілдік норма сақталмаса, коммуникативтік қатынас сәтсіз болады. Адам күнделікті өмірде алуан түрлі әлеуметтік рөл атқарады. Біресе дүкеннен зат сатып алуға келген тұтынушының рөлінде болса, бірде қоғамдық көліктің жолаушысы, тағы бірде ағаның рөлінде, бірде көршінің, оқырманның, көлік жүргізушісінің т.с.с. түрлі әлеуметтік рөлдерді атқаруына тура келеді. Сол рөлдердің әрқайсысының өзіне сай сөйлеу ерекшелігі болады. Коммуникант әдеттегі сөйлеу тәртібінен ауытқитын болса, бірден көзге түседі. Себебі бұл – нормадан ауытқу. Ал нормалардың басты мақсаты – қоғам мүшелерінің қарым-қатынасын реттеу. Сол тілдік норманы тану, талдау, зерттеу үшін «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті» ұғымдарына жүгінеміз» [14, 21], – дейді ғалымдар.

Біздің ойымызша, бұл жағдай қоғамды жаһандық демократияландыру, медиа-технологиялардың дамуы, бағдарламалардың форматын еркін өзгерту және жетілдіру сияқты факторларға байланысты. Біздің еліміздегі қоғамдық-саяси және экономикалық өзгерістерге бұқаралық ақпарат құралдарының да ықпалы зор екені белгілі. Қоғамдағы кез келген елеулі өзгерістер бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына өз ізін қалдырады.

Ауызекісөйлеустилиссөйлеушініңдарастіліменстереотиптің, ойынбірденжеткізуімен, ситуацияның үйлесімімен сипатталады. Мұндай қолданыстардың көрінісін әсіресе «Қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпусы» атты корпусының ауызекі сөйлеу элементтеріне бағытталған арнайы медиамәтіндерде айқын көрсетіледі [15]. Диалогқа құрылған мәтіндер оккозионалды қолданыстар және кірме сөздердің молдығымен ерекшеленеді. Мысалы, «Түнгі студия» бағдарламасындағы Өмірқұл Айниязов сұхбатында: «Бірде / вечерде тамада болдым дейсіз. Енді сіз ол кезде қазіргідей / гонорар айттайсыз го / ол филармонияда айлығыңыз 44 мың» [15]. Вечер, тамада, гонорар сөздерінің қазақша баламасымен жарыса қолданылатынын

көреміз. «Фонограмма дегені минусовка дауыс жоқ». Фонограмма, минусовка – кірме сөздер. Шет тілінен енген сөздер де ауызекі сөйлеу тілімізде кездесуі артып келеді. Мысалы, «Қайрат білесіз бе менің ойымша, ол өзіне көңіл аудартқысы келген сияқты немесе хайп. Кім білсін?!» [15]. Хайп – жұрттың назарын өзіне аударту, өз-өзін жарнамалау, көзге түсу деген мағынаны береді.

«Биімізді көрсеттік сөйтсе битіп тұрып, «Даа жігіттер әртүрлі екен» дит та жаңағы Задорнадский. «Бір біріне ұқсамайды ерекше топ. Бір біріне ешқайсысы бір-бірінен келмейді» дит та. Көп бойзбендта бір-біріне келет дит та бойзбендтар. Сөйтсе Әзімбек «Иә» дит та. «Біреуі – энергичный, рухты» дет та ол мені айтты. «Біреуі – музыкальный» дит, а біреуі «Біреуі – красивый» әдемі дит» [15]. Бойзбендт – ер адамдардан құралған топ. (дейді, деп айтады т.б.).

Тілімізде, кейде сонорлық дауыссыз дыбыстардың ситуациялық жағдайға сай түсіріліп айтылуы кездеседі. Сөйлеу тілінің стильдік белгісін көрсететін тілдік құралдардың қатарына боп, кеп, қып, дим, дит, т.б. сөздер жатады. Бұл лексемалардың әдеби тілдегі көрінісі қылып, келіп, деймін, болып, әкеліп, т.б. түрінде беріледі. Ауызекі тіліндегі қарапайым сөздердің экспрессиясы күшті болып келеді. Ол құбылыс әрекеттің жылдамдығын, қозғалыстың айқындылығын білдіруге қызмет етеді.

Медиамагнәтінде сөйлеушінің сөйлеу мәнері мен стиліне байланысты «жатырсыз» етістігі ауызекі стиліне тән үрдіс бойынша қысқартылып берілген. Екінші мәгінде де осы үрдісті байқауға болады: «Жалпы домбыраны қай жасыңыздан бастап ұстап келе жатсыз? Серік қылып келе жатсыз? Домбырамен шықтыңыз, соған қарағанда, дәстүрлі әншісіз-ау деймін» (Түнгі студия). Сұхбат беруші адамның жергілікті тіл ерекшелігін сақтап сөйлеуіне байланысты етістіктердің қысқартыла жұмсалғанын көреміз. Мысалы: отқан-отырған, «Бұл әнді шырқап *отқан* себебіміз де тегіннен *и* тегін емес. Бұл сіздің мектеп қабырғасында жүргенде ең алғашқы рет вальс билеген әніңіз», «Жаңағы «тауық» деген сөз дұрыс па сонда мыңдаған оқушы оқып *отқан*?» («Ашық алаң» бағдарламасы) [15]. Сұхбат беруші тіліндегі қысқартулар да ауызекі стиліне тән. «Дианаға несімен ұнағаны енді түсінікті болды. «Маған қатты ұнады ғой» деді ғой битіп». Битіп (былай деп...) – экспрессивті сөздер ауызекі сөйлеу стилінде жиі көрініс тапқан. «Махамбеттің термесінің соңғы жағында рәнке ұқсатып / көмеймен айту дит «Горловое пение» сондай жерлерде қостық» [15].

«Бұны көбісі битіп қарайды жаңағы «О ауыл туралы бір / жаңағы рән ән шығыпты» дейді. Шіркін ай бір музыканттар үңіліп қарайтын болса, ішінде өте үлкен еңбек бар [15]. Диалектілік ерекшеліктер медиамәгіндерде қолданылған. Әдеби тіл нормасынан тыс қалған диалектизмдер сұхбат мәгнінде жиі жұмсалған. Сонымен, мысал келтірер болсақ, етістіктердің қысқартылып қолданылуы: «битіп», «дит», «дим». Бұл белгілі бір аймақтарға тән сөзқолданыстары.

Ауызекі сөйлеудің фонетикалық нормаларынан айырмашылығы, ауызекі сөйлеу үшін айтылымның бұлыңғырлығы, қайталамаларды орынсыз қолдану тән: фонетикалық өзгерісі бар «қайтадан» сөзін «қайттан» деп қате қолдану сөйлеушінің стиліне де тән. Медиамәгіндегі лексемалардың қайталануы сөйлеуге, эмоцияны білдіретін тілдік бірліктерге тән.

Мысалы «Бірақ келген халық жаңағы концерттің ортасына келді «Ұлытау» тобымен «Батырлар ұранын» былай басқаша минусовкамен айтып жүргенбіз осы уақытқа дейін. Бірақ «Ұлытаумен» бірінші рет айттық, и мүлдем басқаша саунд, басқаша дыбысталу, / керемет болды әнді бітіріп қайттан барабанын ұрып тұр. Әлижан «Ұлытаудағы» халыққа «Қосылып айтамыз ба? Бірге шырқаймыз ба?» деп қайттан айтылып халықтың ана энергетикасы» [15]. Диалогтағы «минусовка», «и» кірме сөздер болып табылады. Сөйлеушінің көзқарасы мен сезімін білдіруде қайталама құбылысы да белсенді. Ауызекі сөйлеудің ерекшеліктеріне есімдіктерді жиі қолдану жатады. Есімдіктер бұрыннан қолданылған зат есімдер мен сын есімдерді алмастырып қана қоймай, көбінесе контекстке сүйенбей қолданылады. Сұхбат берушінің тіліне назар аударсаңыз, тұнып тұрған орынсыз қайталамалар (тавтология). Бұл әсіресе ауызекі сөйлеу стиліне тән. Интонацияның арқасында бұл есімдік жоғары

эмоционалдылыққа ие болады немесе күшейткіш ретінде қызмет етеді (осындай сұмдық; осындай сүйкімділік!; өте жағымды) немесе жағымды сапаның белгісі болады (ол осындай адам! «әдемі, жанашыр, мейірімді, ақылды, күшті»; және мұндай иіс «тәбетті ашады, жағымды»). Бұл жағдайда есімдіктің мағынасында жалпылау сақталады. Бірақ ауызекі сөйлеу осы жалпылаудың контекстік емес, ситуациялық сипаттамасымен сипатталады: Ол – осындай адам! – жағдайдан, әңгімелесушілерге жалпы өмірлік тәжірибеден адамның қандай жағымды қасиеттері туралы айтылатыны анық. «Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы» медиамәтіндердегі тілдік бірліктердің қолданыс жиілігі біздің алдымыздағы мақаламыздың нысаны болды. Онда барлық сөз таптарының қолданыс жиілігі медиамәтіндер негізінде анықталды [16].

Күнделікті теледидарлардан, әлеуметтік желілерден көріп жүргенімізден мысал келтіріп талдаулар жасайық. Мысалы, «Abai Tv» телеарнасын қарайтын болсақ, “Сөзтаным. Тіл жұтаңдығы” атты бір бейнероликте *«базар жоқ/жаңағы/сол секілді/кеп қапты/дей ме..?/яғни, жалпы айтқанда»* деген сөздер қолданылады. Яғни, жалпы деген сөздер орынсыз қайталанып келіп, айтылған ойды түсінуге кедергі келтірген. Ал «Qazaqstan TV/Қазақстан Ұлттық Арнасына» көңіл бөлсек, «1001 түн» атты бағдарламаның 50-ші бөлімін қарасақ, біз әншінің акцентсіз сөйлегенімен, сөйлеу барысында кейбір қателіктерге жол беретінін байқаймыз: *«кош болды деп айттын, тағы да бірдене дедін»* және т.б. сөздер қолданылады.

“Tartaria Films” арнасындағы “Дәстүрлі подкаст | АСЕ және Ерболат Беделхан” атты бағдарламаның 10-шығарылымында Азамат Қайратұлының *“мен короче / андай бір терезеде андай бір мебельде/сүйтсем какой то мебель емес”* деген қате-қате сөздерді қолданатынын байқаймыз. Сілтеу есімдіктері *анандай, мынадай* түрінде болуы керек т.б. “Dope Soz” арнасында “Руслан Тай: Өтірік патриотизм, Мектептегі тәртіп, Қазақы трайбализм, Емшілер” атты подкастында, Руслан Тай “Сол компанияға өткенде респект ұстап қалдым жестко/ кешіктік базар жоқ, как положено автобусқа қыстырылдык/прикинъ ағылшыниша сөйлей бастайд” деп сөйлеу барысында орынсыз сөздерді қолданды. “Телеканал Астана / Astana Tv” телеарнасында “Бауыржан Ибрагимовпен «Сырласу» (21.04.2017 ж)” атты сұхбатында Бауыржан Ибрагимов *“вот сол кезде мен өтірік айтпайм где то бір/вообщем бір жасарган адам сияқты”* деген қате қолданыстар құлаққа түрпідей тиеді. “Kitapal” телеарнасында “Ескендір Бестай: Үйренуді үйрену вундеркинд бала, бақытты ғұмыр / Kitapal podcast” атты 16 шығарылымында, Ескендір Бестай *“енді бір қазір бір подкаст тақырыбында бір”* деп *“бір, бір”* деп қайталай береді. Тавтология да тыңдарманды жалықтырып жібереді. Ойды түсінуге көп кедергі келтіретін де анық.

Көгілдір экрандағы қателерге мысал келтірсек:

Жүргізуші: Ассалаумағалейкум, құрметті достар! // Сіздермен бірге «Ұрпақ» подкасты...
*«Иә, келгеніңізге көп-көп *рахмет*, алғыс білдіреміз! Өйтсіп біздің подкастты қолдап, // осындай бір пайдасын тигізіп жатқаныңызға. Сіздің жалпы өзіңіздің отбасыңыздан бастасақ, // ата-анаңыз туралы. Жалпы балалық шағыңыз қалай болды сіздің? BIR KÜN // ТҮРКІСТАН | Қала қалай дамып кетті? Түркі елінің рухани астанасы!»* Жүргізуші де инверсияны көп қолданатынын көреміз, сөйлем құрылысы сақталмайды (әдетте, баяндауыш сөйлемнің соңында келеді). «Өйтсіп-осылай» есімдігі ауызекі сөйлеу тілінде өзгертіліп қолданылған. Енді сұхбат беруші жауабына назар салсақ: *«Мысалға қазіргілер қонақ келсе, мысалы айтамыз ғой қол жуып, ана жерге барып, қол жуып келеді өздері. Әдейі андай қылып алдарынан шықпайды. Алдынан *күтіватсаң* бір анандай болып қалған сияқты боласың // бір ерсі көрінеді. Сол себептен мен өзім де соны үйде қазір өзім де қыздарыма, *балдарыма* айтып, келген қонақтардың қолдарына су құйдыртамын. Қонақ кіре берген кезде /уже/ киімін...»* Сөйлеу тіліндегі қателер естіген кезде бірден жағымсыздық туғызады. *«Шымкентпен құда *болыватырмыз*».. Мысалға екі келінді бір үйге ұстай *алмайатқандар* бар ғой. Сол кезде төрт келін бір үйге бір шаңырақта тұрып, кәдімгідей істеді. Жеңгелеріміз сұға жұмсайды. Біз енді құдықтан су алып келеміз ғой. Қалдығұл деген жеңгем болды. // Зейнел ағамның келіншегі. «Сары бала» деп ат қойды да маған кішкентаймыз. Екінші класс оқимын ба, үшінші класс па «Сары бала» су алып келді дейді де, құдықтан. Енді баламыз ғой *ойнаватамыз* ана жерде қазір, қазір деп. Бір кезде ашуланады да, өзі*

алып келеді де, мықты болды да, андай /физический/ мықты. Ол кезде иін ағаш деді ме? Иыққа шелекті қойып, мына жағында бір шелек, мына жағында бір шелек сонымен су алып келетін [15]. Мәтіндерде осындай, осылай есімдігі сөйлеу тілінде «өстіп», «өйстіп» түрінде өзгеріске ұшырай жұмсалғанын жиі кездестіреміз. Олар сөйлеушінің индивидуалдық ерекше сөз саптам машығын сипаттайды. Мысалы: «Өйстіп адам болып жүре бергім келеді» (Түнгі студия).

«Ұрпақ» подкастынан: «Құдайға шүкір, бір қалыпта *жүріватырмыз*»

Сөйлеу тілі әсіресе синтаксистік ерекшелігімен сипатталады. Ең алдымен, бұл бір-бірінен кейін қысқа қарапайым сөйлемдерді қолдануда көрінеді: «Енді енді тағы бір проектке шақырып жатыр, Алла қаласа басты рөлде». Инверсиялы сөйлемдер жиі қолданылады.

Мысалы, сөйлемде жазу арқылы автор өз қателерін көре алады және жазғандарына сүйене отырып өңдеп, жалғастыра алады. Егер сөйлем құрылысында қате кетсе, ой дұрыс берілмесе, ашылмаса немесе қалағанына сәйкес келмесе, қайта жазуына болады, тіпті ойын да өзгерте алады. Оқырман ұзақ сөйлемді түсінгенше бірнеше рет қайта оқи алады. Ауызекі тілде мұның бәрі мүмкін емес. Егер спикер ұзақ, күрделі ұйымдастырылған сөйлем құраса, ол жалғасын құру процесінде басын ұмытып кетуі мүмкін. Ойлану тыңдаушыны шаршатуы мүмкін. Ауызекі тілде сөз тәртібінің нормалары жазбаша және монологиялық ауызша сөйлеуге қарағанда мүлдем өзгеше.

Ең маңыздысы ауызекі тілде интонациялық түрде ерекшеленетіндіктен, оны сөз тәртібімен білдірудің қажеті жоқ.

Медиамәтіндеріндегі әңгіме, диалогта ауызекі сөйлеу стилінің төмендегідей белгілерін атап өтуге болады:

- есімнің өзгертілген формалары Ереке, Әлеке түрінде келуі. Бірақ медиамәтінде адам тегінің қысқартылып айтылуы да тілімізге тән емес. Мысалы, «Өмірқұлды мен өз басым мен Амиеш дим» (Түнгі студия), «Кім, кім, араларыңызда жасы үлкен кім? Әз ағаң ғой» (Түнгі студия.);

- варваризмдердің жиі қолданылуы «Бірде / вечерде тамада болдым дейсіз. Енді сіз ол кезде қазіргідей / гонорар айтпайсыз ғо. (Түнгі студия);

- мәтіндегі сөйлемдердің толымсыз сөйлем түрінде келуі... олардың мағынасы сөйлеушіге түсінікті (сондықтан біз бармаймыз.);

- сөйлемнің құрылымының сақталмауы, яғни инверсиялық сөйлемдерді қолдану. Тілдің дамуына қоғамдағы жаңалықтар, мәдениетаралық қатынастар әсер ететіні заңды. Дегенмен, біздің тілімізге лек-легімен келіп жатқан кірме сөздер ағыны мен жаргондардың көптігі және оның сауалнамаға қатысқан журналистердің тілінде кездесуі қынжылтады.

Қорытынды. Қалай болғанда да, кез келген уақытта қоғамның өз мотивтері, өз ойлары, тіл мәселесі, әдеби тіл тақырыбы туралы өз болжамдары бар. Алайда уақыт өте келе әдеби тілдің бір қалыпта тұрып қалмайтыны, бірақ жаңарып, жүйеленетіні белгілі болды. Десек те әдеби тілдің принциптерін бұзбай, тіл мәдениеті оның дамуы мен жетілуінде үлкен рөл атқаратынын ұмытпаған абзал.

Әдеби тілдің нормаларын сақтау мен стилистикалық сапасын жақсарту мақсатында үлкен тілдік модельдер (LLM) құралдарын қолдану қазақ медиатілін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл технология қазақ тіліндегі медиамәтіндерге өңдеу жасау, автоматты түрде қателерді түзету, диалектілік сөздерді сәйкестендіру арқылы аудиторияға сапалы тілдік контент ұсынуға көмектеседі. LLM технологиясын медиамәтіндерге енгізу медиатілдің даму бағытын жаңа сатыға көтеріп, әдеби тіл нормаларының сақталуына оң ықпалын тигізеді. Адамдардың мәдени заңдылықтарды өз деңгейінде қарым-қатынас құралы ретінде сақтауы, тілдік ортаны байыту және жазбаша және ауызша сөйлеу формаларында қалыптасқан нормаларды бұрмалау оның өміршеңдігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Дейк ванн Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 312 с.
2. Montgomery M. Introduction to Language and Society. – London: Methuen, and Cook, 1992. – 308 p.
3. Fairclough N. Language and Power. 2-nd edition. – London: Longman, 2001. – 226 p.
4. Fowler R. Language in the News: Discourse and Ideology in the Press. – London: Psychology Press, 1991. – 254 p.
5. Лаптева О.А. Живая русская речь с телеэкрана. – М.: Эдиториал УРСС, 2003. – 520 с.
6. Трофимова Г.Н. Языковой вкус интернет-эпохи в России: Функционирование русского языка в Интернете: концептуально-сущностные доминанты. – М.: РУДН, 2004. – 380 с.
7. Кривенко Б.В. Язык массовой коммуникации: лексико-семиотический аспект. – Воронеж: Воронеж, 1993. – 123 с.
8. Момынова Б. Қазақ газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Арыс, 1998. – 131 б.
9. Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: филол.ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2007. – 125 б.
10. Бисмилдина Д.Д. Телехабарлар тілі: филол.ғыл.канд. дисс. – Астана, 2009. – 127 б.
11. Күдеринова Қ. Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамасы // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Хабаршысы. Филология сериясы. №1(138). – 2022. – Б. 8–18. DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-8-18
12. Сафьянова А. Речевая культура. URL: <https://grammatika-rus.ru/rechevaya-kultura/>.
13. Байтұрсынұлы А. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 б.
14. Күдеринова Қ., Серікқызы М., Байсадық И. Қазақтың дәстүрлі сөйлеу мәдениеті («Қыз Жібек» фильмінің негізінде) // Яссауи университетінің Хабаршысы. №4 (130). – 2023. – Б. 18–29. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.02>
15. Қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпустары. URL: <https://qazcorpora.kz/>.
16. Omarova, S., Ospanova, D., Aitova, N., et al., A Corpus Approach in Language Discovery: A Word Frequency Analysis Based on the Corpus Outcomes in Kazakh. Forum for Linguistic Studies, 7 (2). 2025. – P. 869 – 881. DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i2.8317>.

Г. ТӨКЕНҚЫЗЫ, С.К. ОМАРОВА,

НАО «Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Шайсултана Шаяхметова», Астана, Казахстан

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

А.К. КАДИРХАН

НАО «Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Шайсултана Шаяхметова», Астана, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЙ ЯЗЫК ТЕЛЕПРОГРАММ

(НА БАЗЕ ПОДКОРПУСОВ НАЦИОНАЛЬНОГО КОРПУСА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА)

Аннотация. В статье проанализированы современные медиатексты, в том числе тексты телепрограмм, которые взяты из базы «Национального корпуса казахского языка» (<https://best.qazcorpora.kz/>).

В сегодняшнюю эпоху глобализации динамично развивается массовая коммуникация, интенсивное влияние на развитие языка оказывают телеканалы, радио, социальные сети, распространение сетевых версий печатных изданий и выпуск интернет-изданий. Зарубежные и отечественные ученые рассматривают это направление как особое направление языковой деятельности. Медиатексты в казахском языкознании часто рассматриваются в прагматическом аспекте. Большая часть исследовательских работ посвящена рассмотрению медиатекста, печатных текстов, а специальных исследований языка теле-и радио-медиатекстов на казахском языке практически нет, поэтому актуально изучение языка телепрограмм.

поэтикалық туындыларда көркемдік тәсілдердің үстірт қолданылуы, символдардың терең мағынамен толық ашылмауы немесе мазмұнның бірсарынды болуы байқалады. Жазушы Оразбек Сәрсенбай осы ой тұрасында «Қазақ поэзиясында ауыл тақырыбын жырламаған ақын жоқтың қасы. Жоқтың қасы емес-ау, жоқ. Ол біз үшін ұлы тақырып, арналы өзек. Амал не, осындай ұлы тақырыпты көбіміз-ақ ұсақтатып барамыз. Қазір қаладан қарыс адым жерден басталатын немесе бірер сағатта-ақ салып ұрып жетіп баратын ауылды аңсап «еңірегенде етегі толатын» жылауық өлеңдердің, бара қалған жағдайда, ана төбесін бір жырлап, мына сайын бір жырлап, ақырында бар болғаны жергілікті ғана мәні бар географиялық атаулардың туристік анықтамалық кітапшасын еске түсіретін топтама жинақтардың, ел аузында айтылып жүрген асыл қазыналарымыз – аңыз-әңгімелерді ешқандай қорытусыз ұйқасқа көшіре салатын, дайындық жауапкершіліктен жұрдай тақпақ тарихшылықтың шамадан тыс көбейіп бара жатқанын жасыра алмаймыз» [3, 274]. Дегенмен, Қазақ поэзиясында ауыл тақырыбына арналған жоғары деңгейдегі туындылар молынан кездеседі. Ауыл өмірінің шынайы бейнесін, ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды тереңінен суреттеген шығармалар қазақ әдебиетінің алтын қорына енген. Атап айтсақ, Ф. Оңғарсынова, Т. Медетбек, Ұ. Есдәулет, С. Нұржан, Ж. Әсербекқызы, А. Бақтыгереева сынды азулы ақындар ауыл тақырыбын жаңаша бір биік деңгейге көтерді. Д. Кәпұлы, А. Елгезек, Е. Жүніс, Қ. Сарин, Т. Толқынқызы сынды алдыңғы буын толқынның қарымды қуатты поэзиясын ары қарай жалғастырды.

Біз зерттеу мақаламызда қазіргі қазақ лирикасында ауыл тақырыбына жиі қалам тербейтін Қалқаман Сариннің «Арқаттағы біздің үй» өлеңіне назар аудардық. Ақынның тіл шеберлігі мен ұлттық мәдениетке деген құрметі оның поэзиясындағы ауыл бейнесін көркем әрі рухани тұрғыдан жоғары деңгейде жеткізуге мүмкіндік береді. Ақынның шығармасы арқылы қазақ халқының ауыл өміріне деген жанашырлығы мен рухани мұрасын сақтау ұстанымы көрініс табады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеу қазіргі қазақ өлеңдеріндегі ауыл өміріне сағыныштың көркемдік сипатын Қалқаман Сариннің «Арқаттағы біздің үй» өлеңі негізінде талдап, саралауға бағытталған.

Зерттеуәдебиеттануғылымсаласыныңпоэтикалықталдау, мәтінталдаужәнекөркемдік әдістерді қолданатын бағыттарына тікелей сүйенеді. Қазақ әдебиетіндегі ауыл тақырыбы структурализм, компаративистика және герменевтикалық талдау тәсілдері басшылыққа алынады. Яғни, лирикалық туындының астарлы мәнін анықтауда герменевтикалық әдіс қолданылды. Басқа да шығармалармен салыстыруда компаративистикалық әдіс назарға алынды. Сондай-ақ туындының адам жанына әсер ететін эмоцияналды жағын анықтауда психологиялық-эстетикалық әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Қалқаман Сариннің «Арқаттағы біздің үй» атты өлеңі туған жерге, туған ауылға деген еш жасандылығы жоқ шынайы сағыныштан ерекше махаббаттан туған. Автордың ауылға деген сағынышы мен ауыл тұрмысын сипаттауы ауыл бейнесін көркем, құнды әрі мағыналы етіп бейнеледі. Ақын өлеңінде ауыл тіршілігінің сұлулығы мен адамдар арасындағы жылылық айтылады. Мысалы, «Түнді жамылып ап, түгел тылсым көшке еретін» деген тармақ арқылы автор ауылдың ерекше мүлгіген тыныштығын, табиғат пен ауылдағы адам өмірінің сөзсіз, қимылсыз үйлесімділігін көрсетеді [4, 66]. Түнмен бірге ауып жүрген тылсым табиғат бейнесі оқырманға ауыл күйінің тыныш әрі қимас келбетін жеткізеді. Қазіргі қазақ поэзиясында «Ауыл» тақырыбы көбіне ойсурет, яғни образды суреттеу арқылы көрініс табады. Бұл ойсуреттер ұлттық мақсаттың, рухани жадтың көркемдік бейнесі ретінде қалыптасқан [5, 41]. Мысалы өлеңде әке мен ананың болмысын суреттегенде «Әкеңе айтам! – деп қорқытып, жүреді Анам жұмсақ ұрсып» тармағы қазақ ауылындағы отбасы құндылықтарының адам санасына сіңіп кеткен заңдылықтарын баяндайды [4, 66]. Бұл жолда қазақ отбасындағы ананың баласына деген ізгілікпен құрылған мейірімді қарым-қатынасы бейнеленеді. Әкенің әр қазақ отбасындағы жоғары орны да бір ауыз сөзбен түсіндіріледі. Осылайша, өлеңнің әр сөзінен ауылдағы қазақы отбасының ұлттық ерекшеліктері байқалады. Өлеңдегі «Кеш батса да жүруші едік, кешіп

бастан күйді осындай» жолдарында ауыл балаларының ойынға деген ынтасы, балалық шақтың табиғи сәттері бүкпесіз суреттеледі [4, 66]. Бұл – ауыл балаларына ғана тән, ерекше әсерлі сәттер. Ақынның «Ай көңілге нұрын сеуіп» тармағы табиғаттың адам баласына қалай әсер ете алатындығы поэтикалық түрде жеткізеді. Айдың жарығы көңілге жылу беретіндей, жүрекке тыныштық сыйлайтындай әсерде қалдырады. Бұл көрініс ауылдың табиғи келбетін ерекше етеді. «Ай көңілге нұрын сеуіп» көркемдегіш құралын әрі қарай зерделей отырып, бұл тармақтың табиғат пен адам арасындағы терең үндестікті көрсетуге бағытталғанын аңғаруға болады. Мұндағы айдың жарығы ауыл өмірінде тек физикалық күйдегі емес, эмоционалдық мағынаға ие. Ай – тыныштық символы. Автор ай жарығының адам көңіліне шуақ шаша алатынын айқындап, табиғаттың жанды жадырататын күйін сипаттайды. Бұл тұста ай ауыл тұрғындарының өміріндегі шынайы тылсым белгісі ретінде көрініс табады. «Ай» концептісі қазақ танымында жарық пен үміттің символикасы. Айдың жарығы – табиғаттан берілген үмітті, жаны жайсаң ауыл тіршілігін, ақкөңіл әрі қонақжай адамдардың жарық көңілін бейнелейді. Қазақ мифологиясында да «ай» бейнесі көбінесе өмірдің жалғастығы мен жаңаруын, тұрақты қозғалыс пен тыныштықты білдіреді. Айдың әр түн сайын аспанда қайта көрінуі – табиғаттағы циклдік заңдылықтардың символы ретінде қабылданады. Ай аспанда жарқырағанда, ол қараңғылықты сейіліп, үміт пен жарықтың нышанына айналады. Айдың «көңілге нұр себуі» тіркесі осы мифологиялық тұрғыдан алғанда, адамға рухани қолдау көрсететін, жақсылық пен үміттің тұрақты қайнар көзі ретінде қарастырылады. Ауыл тұрғындары үшін айдың жарығы қараңғы түнде қауіп-қатерден қорғаушы күш секілді, табиғаттың мәңгілік циклдерімен бірлікке шақыратын белгі.

Қазақ өлеңдерінде ауылға деген сағыныш, ауылдағы балалық шаққа деген сағыныш табиғат құбылыстары арқылы беріледі. Біз қарастырған «ай» концептісімен қатар жүретін тағы бір табиғи құбылыстың аты – «Күн». Ай мен күн – өмір мен өлімнің, жарық пен қараңғылықтың, қозғалыс пен тыныштықтың пәлсапалық тұрғыда қарама-қарсы әрі бірін-бірі толықтыратын символдары ретінде көпшілікке таныс. Қалқаман Саринмен замандас Ақберен Елгезектің де «Екі ауыл» өлеңіндегі «Бірінде – Ай, бірінде – Күн-шаңырақ...» жолдары осы ұғымдардың өзара байланысын бейнелейді [6, 215]. Ақын Айды – тыныштықтың, өткен өмірдің белгісі, ал Күнді – тіршіліктің, жалғасып жатқан өмірдің символы ретінде сипаттайды. Қазақ лирикасында Ай мен Күннің тақырыптарға арқау болуы және қарсы мәндес ұғымдарды білдіру үшін қолданылатын тұстар кездеседі. Мысалы, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде «ай» табиғаттың тылсымға толы тыныштығын бейнелейді [7, 78]. Мағжанның «От» өлеңінде динамикалық жалындаған өмірдің бастауы ретінде «Күн» беріледі [8, 134]. Сондай-ақ Серікбол Қондыбайдың көшпелі халықтар үшін Күннің рухани танымында үлкен маңыздылығы бар екенін айтады. Күн түркі халықтарында басты құдіретті күш ретінде көрінетіндігін баяндайды [9, 67]. Бұл тұжырым Ақберен Елгезек, Қалқаман Сариннің өлеңдеріндегі тіршілік нышанымен сабақтасады.

Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» туындысында «ай» концептісі терең символдық мәнде құрылған. Әсіресе, радиацияның ауыр зардабын тартқан Ләйләнің ішкі толқынысқа толы әлемі мен оның табиғатпен ғана байланысы арқылы бұл концепт айқын көрінеді. Айдың толықсып тұруы – Ләйләнің жан дүниесінің тереңдігі мен оның рухани ізденісінің жоғары екендігін байқатады [10, 197]. Осылайша «ай» концептісі кейіпкердің ішкі жан әлемін ашудың көркемдік құралы ретінде тақырыпқа арқау болып, оның үміті мен қайғысының символикалық үйлесімін көрсетеді.

Айды қараңғылыққа шапағат төгетін бейне ретінде сипаттау көрінісі – Қалқаман Сариннің туындысындағы үміт пен Роза Мұқанованың кейіпкерінің үзілмес арман-тілегін ұштастырады. Қалқаман Сариннің «Айдың көңілге нұрын себуі» тармағы ауылдағы қарапайым өмірдің жеңілмейтін жігерлі рухын, қиындықтарға берілместен әрдайым бір жарық нүктені іздеуі, сол арқылы өмірге деген құштарлықты ояту идеясын байқатады. Сондай-ақ, өлеңдегі лирикалық кейіпкер ауылға деген сырлы сағынышты және оның әрбір

сәтін жеткізуде маңызды орынға ие. «Біздің үйдің шамы бірақ, бәрінен де кеш сөнетін» деген жолдардағы шамның кеш сөнуі ауылдағы қара шаңырақтың ерекшелігін, оны қимастықпен еске алуын көрсетеді. Өлеңде **эмоционалды ырғақ пен қайталау** басымырақ. Сондай-ақ, кейбір тармақтарда ауылға деген сағыныш сезімі нығая түседі. Ауыл тіршілігінің бір сәтін анығырақ жеткізу үшін ақын қайталау және ырғағы бар тіркестерді шебер қолданады. Бұл оқырманға да сол ауылдың жайдары жағдайына еніп, балалық шаққа саяхат жасауға мүмкіндік береді.

Өлеңнің келесі бір бөлігінде отбасылық қарым-қатынастар мен ауыл тұрмысын сипаттау үшін қарапайым, шынайы ұғымдар қолданылады. Ақын анасы мен әкесінің қарым-қатынасын жеткізуде «Анам – момын, Әкем – қатал, Бір біріне жақын, серік» деп сипаттайды [4, 66]. Мұнда отбасындағы ананың сабырлы және мейірімді келбетін, әкенің қаталдығы арқылы отбасындағы мызғымас тәртіпті көрсету байқалады. Бұл тәсіл отбасылық құндылықтарды қалыптастырады, ауыл баласының бойындағы терең құрмет пен сүйіспеншілік сезімін бейнелейді. Ақын ананы «момын», әкені «қатал» деп сипаттай отырып, олардың баланың тәрбиесіндегі рөлін баяндайды. Бұл контраст арқылы ақын отбасындағы үндестік пен тәртіпті жеткізуге тырысады. Қалқаман Сарин осы өлең арқылы қазақ ауылына тән өмір салты мен ауылдық менталитетті көрсетеді. «Кілең ұлдар қатар-қатар, Кілем үсті жатушы едік» деген тармақ отбасылық бірліктің, туыстық жақындықтың рухани және мәдени көрсеткішін айқындайды [4, 66]. Өлеңде қолданылған синтаксистік құрылымдар, мысалы, қайталаулар мен параллель құрылымдар, өлеңнің ырғақтылығын арттырып, оқырманның назарын негізгі идеяларға аударады. Мысалы, «Кілең ұлдар қатар-қатар, Кілем үсті жатушы едік» жолдары балалық шақтың ұжымдық естеліктерін бейнелейді. Осы тармақтардан сол кезеңге де тарихи және мәдени сараптама жасай аламыз. Өлең тәуелсіздік тұсында жазылғанымен балалық шақтағы сәттерді де ерекше толғаныспен тебірене еске алады. Ауылдағы қара шаңырақтың, отбасының қонақжайлығын, кеңдігін сипаттай отырып, балалардың ортасына тән еркін өмірді ерекше толқыныспен жеткізеді. Автор қазақ ауылдарының тарихи тұрғыда қалыптасқан мәдени болмысын баян етеді. Өлеңдегі «Шілде күні. Өрт айнала, Терезеден түскен арай» жолдары жаз мезгіліндегі ауыл тіршілігін көркемдегіш құралдар көмегімен әсерлі етеді [4, 66]. «Өрт айнала» тіркесі шілде айының қапырық ыстығын білдірсе, «Терезеден түскен арай» балалық шақтағы таңғы шуақты, алаңсыз ойын күндерін еріксіз еске түсіреді. Осы тармақтар арқылы ақын ауыл табиғатының эстетикалық мәнін, ауылдың өзіне тән мінезін ашады. Табиғат бейнесі балалық шақтағы қуаныш пен сағыныш сезімдерін нығайтып, ауыл өмірінің поэтикалық символына айналады. Өлеңдегі «Оянушы ек түске қарай» немесе «Жалаң аяқ жаз өтеді» жолдары ауыл балаларын қала балаларына қарағанда еркін, табиғатқа жақын өмір сүретінін эстетикалық тұрғыда жеткізеді [4, 67]. «Жалаң аяқ жаз өтеді» – табиғаттың баланың өміріндегі орны мен маңызын көрсету үшін көркемдегіш құралдар қолданылған. Нақтырақ айтсақ, «Жалаң аяқ жаз өтеді» тармағы көркемдік тұрғыдан бірнеше бейнелеу құралдарының тоғысын көрсетеді. Біріншіден, бұл жолда **эпитет** қолданылады. Себебі, «жалаң аяқ» тіркесі балалық шақтың еркіндігі мен табиғатпен үйлесімділігін сипаттайды. Екіншіден, бұл жолда **метафора** байқалады. «Жалаң аяқ жаз» тіркесі жаз мезгілін адам бейнесінде елестетіп, оның жеңіл, еркін сипатын көрсетеді. Үшіншіден, бұл жолда **аллитерация** бар. Өйткені, «ж» дыбысының қайталануы өлеңнің дыбыстық үйлесімділігін арттырып, оқырманның назарын аударады. Жалаң аяқ жүріп, бала табиғатпен үндесіп, байланыста болады. Ол байланыс ауыл өмірінің бір бөлшегі. Автор өлеңін әлеуметтік-психологиялық тұрғыда талдап көрейік. Мұнда баланың табиғатпен тығыз байланысы, ауылдағы қарапайым тұрмыс-тіршілік арқылы қалыптасқан өмірге бейімділігі көрініс табады. Сонымен бірге, бұл шумақтарда бала болмысының еркіндігі байқалады, бұл ауылдағы тіршіліктің жайбарақат болмысын бейнелейді. Өлеңнің шумақтарында жаңа киім, мектеп сынды дүниелік қажеттіліктер туралы айтылады. «– Не киеміз? Күзде – мектеп» жолдары ауыл өмірінің материалдық жағын көрсетсе де, ақын оны тым жеңіл, ойнақы қалыпта оқырмандарға ұсынады [4, 67]. Ауылдық жерде материалдық тапшылық

жиі кездессе де, ол ешқашан ауыл баласының рухани байлығына кедергі келтірмейтінін, жүзіне мұң салмайтындығын ұғындырады. Бұл тармақтардан экзистенциалистік сипатты байқаймыз. Осы арқылы ақын материалдық құндылықтардың емес, табиғат пен отбасылық құндылықтардың өмірдегі ең басты керек қажеттілік екенін түсіндіреді. Ақынның әрбір поэтикалық деталі қарапайым ауыл өмірінің сырын аша отырып, ауыл табиғаты мен тұрмысын терең түсінуге үндейді.

Қалқаман Сариннің «*Арқаттағы біздің үй*» өлеңінің жалғасы ауыл өмірін, оның эстетикасын, балалық шақтың естен кетпес кезеңдерін суреттейді. Ақынның ұсақ детальдарды дәл әрі әсерлі етіп жеткізуі, табиғаттың, отбасының және ауылдық өмірдің рухани мәнін, сырын ұғындырады. Өлеңде метафоралар, символдар және басқа да көркемдегіш құралдардың жүйелі пайдалану арқылы ауыл бейнесі, оның адам өміріндегі орны айқындалады. Өлеңнің тағы бір шумағында балалық шақтың қарапайым, бірақ сонымен бірге жанға жылы, ерекше сәттері көрініс табады. Мысалы, «*Ақ көйлекті (ағамдікі), Кетседағы сарғыш тартып*», бұл жолда ақ көйлектің тек киім ғана емес, балалық шақтың, отбасылық қарым-қатынастың да символы екенін көруге болады [4, 67]. Ақ көйлек ауыл өмірінің бір қажетті бейнесіне айналады, оның сарғыш тартып, ескіргені де – уақыттың өтуі мен өткен шақтың сағынышын, дәстүрдің құндылығы мен туыстық байланысты бағамдайды. Осылайша, ақ көйлек тек сыртқы киім емес, баланың туған үйіне деген, отбасының қамқорлығына деген қатынастың символына айналады. Өлеңде балалық шақтың қызыққа толы сәттері, оның табиғатпен және тұрмыс-тіршілікпен байланысты кезеңдері ерекше сипатталған. «*Таңсәріден, тым тымырсық, Мектеп бардық таласа ерте*» деген жолдарында баланың өміріндегі бақыттың шынайы көрінісін, оның таңсәріден мектепке асыққанын, табиғат пен адамдардың үндестігін және күнделікті қарым-қатынасының табиғилығын көрсетеді. Таңғы уақыттың тымырсық болуы баланың өмірін жаңалыққа, ертеңгі күнге деген үмітпен тоғыстырады. Бұл – ауыл баласының қарапайым өмір сүру тәсілінің көрінісі. Өлеңде дыбыстық үйлесімдер арқылы эмоционалды әсер күшейтіледі. Мысалы, «*Таңсәріден, тым тымырсық*» жолындағы «т» дыбысының қайталануы таңғы тыныштық пен салқындықты сезіндіреді. Туындыда жоғарыда айтқанымыздай көркемдегіш құралдар өлеңнің жаңа бір тынысын ашып тұрғандай [4, 67]. «Қалтамызда – құрт, ірімшік, Арқамызда – ала сөмке» жолдары арқылы ақын ауыл баласының өмірін қарапайым әрі шынайы етіп суреттейді [4, 67]. Бұл жерде тағамның және қарапайым киімдердің, еңбек пен табыс үшін өмір сүрудің символдары ретінде қолданылғанын көруге болады. Құрт пен ірімшік ауыл тұрмысында кәдімгі өнімдер, ала сөмке – оқуға, еңбекке деген бейімділіктің символы. Сондай-ақ «*Ауылдағы үй! Бақ, ырысым, Бақытым да – өзінде еді*» жолдарында ауылдың мәні мен құндылығы көрсетіледі. Бұл жердегі «бақ» және «ырыс» сөздері тек материалдық байлық емес, сонымен қатар адамның ішкі жан дүниесінің байлығын, рухани қанағат сезімін білдіреді [4, 67]. Ақын ауыл өмірінің қарапайым көріністерін терең мағыналы метафоралар арқылы жеткізеді. Мысалы, «*Ауылдағы үй! Бақ, ырысым*» жолында үй тек физикалық кеңістік емес, сонымен қатар бақыт пен берекенің символы ретінде көрінеді. Ауылдағы қара шаңырақтың бейнесі бала үшін тұрақтылықтың, тыныштықтың, сүйіспеншіліктің символы болмақ. Өлеңде үй тек физикалық құрылыс емес, бақыт пен шаттықтың ордасы ретінде бейнеленеді. Экзистенциалистік ойлар мен уақыттың өтуі де өлеңде өзіндік астармен беріледі. *Бар байлығым сенде менің, Өтсе дағы уақыт сырғып*» жолдары уақыттың өтуі мен өткінші өмірдің мағынасына пәлсапалық көзқарас ұсынады [4, 67]. Ауылдың қарапайым өмірі мен оның адамға деген әсері уақыттың сырғып өтуіне қарамастан, адамның ішінде тұрақты бақыт, сағыныш және рухани байлық қалатынын білдіреді. Бұл жолдар ақынның ауылға, оның өткен кезеңдеріне деген сағыныш сезімін көрсетеді. Уақыт өтсе де, балалық шағының, ауылдағы өмірінің бағасы мен мәні еш өзгермейді. Сондай-ақ, құндылықтардың символикалық мәнде берілуі де өлеңнің басты идеясына әсер етті. Ақынның «*Жаратқанға тәубе дедім, Жаратпаған бақытсыз қып*» жолдарында адам мен табиғат арасындағы, адамның Жаратқанмен байланысы, сонымен бірге өмірдің мәні мен тұрақтылығы туралы ой толғанады [4, 67]. Өлеңнің соңғы бөлімі діни

және философиялық тұрғыдан терең ойларды білдіреді. Ауыл мен табиғаттың одақтасып, адамның ішкі жан дүниесін тыныштандыратын күш болып табылатыны көрсетіледі. Бұл – ауылдың адам өміріндегі тыныштық, тұрақтылық, бақыты мен өмірдің мәні туралы пікірдің көрінісі. Қалқаман Сариннің «Арқаттағы біздің үй» өлеңі қазақ ауыл өмірінің қарапайым сұлулығын, табиғат пен адамның байланысын, балалардың өміріндегі қуаныштар мен сағыныш сезімдерін терең бейнелейді. Өлеңдегі метафоралар, символдар, көркемдегіш құралдар мен әдеби тәсілдер ауыл өмірінің поэтикалық бейнесін ашып, оқырманды туған жердің, отбасының, балалық шақтың мәнін түсінуге шақырады. Ақынның сөздері арқылы біз ауылдың рухани байлығын, оның адам өміріндегі терең маңызын сезінеміз. Қалқаман Сарин ауыл өмірін, балалық шақты, отбасының құндылығын, табиғаттың адамға әсерін жоғары поэтикалық деңгейде бейнелеген. Ақын метафораларды, символдарды, ритм мен өлшемді шебер пайдаланып, ауыл мен отбасы өмірінің маңызын көрсетіп, оқырманды терең ойларға жетелейді.

Нәтижелер. Қалқаман Сариннің «Арқаттағы біздің үй» атты өлеңін зерттеп, зерделеу кезінде қазіргі кезеңдегі қазақ лирикасында ауыл тақырыбының маңыздылығы айқындалды. Автордың поэтикалық тілі ауылдың тыныс-тіршілігін көрсетуде табиғат құбылыстарымен байланыстыруда ерекше рөл атқарған. Ауыл өмірінің салтын, сипатын көрсетуде көркемдегіш құралдарды шебер пайдаланған. Автор өлеңінде туған ауылға деген сағыныш лирикалық кейіпкерлердің болмысы арқылы беріліп, түрлі көркемдік детальдар мен символдық мәнмен айшықталған. Ауылға деген сағыныш табиғат көріністерімен өрнектеліп, күнделікті ауыл тіршілігі, отбасылық құндылықтар үндестікте суреттелген. Ауылға деген сағынышты өлеңмен өрнектеп жеткізу шебер суреткерліктің белгісі. Сағат Әшімбаев өлең туралы толғанысында: «Өлең әдебиеттің көне жанры ғана емес, көлденең көк атты кимелей алмайтын көш бастаушы көсем жанры. Мәселен, проза әдебиеттің еркін түрі әрі етек-жеңі кең формасы болса, өлең қиюы бөлек қиын саласы» [11, 164], - деп ой толғанысын білдіреді. Қалқаман Сариннің ауыл тақырыбына арналған аталмыш өлеңі ата қоныс, ата жұрт, мәңгілік ел ұғымдарымен сабақтасады. Мәңгілік ел идеясының негізгі тамыры мен тұтқасы туған жер ұғымымен байланысады [12, 10]. Сондай-ақ, автор туған ауылдың тыныс-тіршілігін сипаттаумен ғана шектелмейді, уақыт пен кеңістік арасындағы ішкі үндестікті баяндауда поэтикалық тәсілдерді шебер қолданған.

Қорытынды. Қалқаман Сариннің «Арқаттағы біздің үй» өлеңінде қазіргі қазақ поэзиясындағы ауыл өмірінің сағынышы айқын көрініс тапқан. Ақын ауылдың тұтас болмысын қарапайым, бірақ терең мағыналы поэтикалық өрнектермен жеткізе білген. Өлеңдегі ауыл көріністері, отбасы құндылықтары, табиғат пен адамның үйлесімділігі, сондай-ақ ұлттық болмысқа тән ерекше детальдар шығарманың көркемдік құндылығын арттыра түседі.

Қазіргі қазақ поэзиясында ауыл тақырыбы әртүрлі пішінде айтылып келе жатқаны белгілі. Дегенмен, Қалқаман Сарин поэзиясы бұл тақырыпты тың көркемдік арнаға көтере отырып, оқырманға тек ауылға деген сағынышты ғана емес, сондай-ақ ұлттық болмысты түсінудің ерекше кілтін ұсынады. Автор өлеңіндегі сағыныш пен балалық шақты образды суреттеу мен эмоционалды реңк арқылы ауыл тіршілігінің нәзік иірімдерін сезінуге мүмкіндік береді. Бұл шығарма қазақ әдебиетіндегі ауыл лирикасының көркемдік құндылығы жоғары жанр екенін тағы бір мәрте дәлелдейді. Сонымен қатар, өлеңде қолданылған көркемдік тәсілдер – эпитеттер, метафоралар, аллитерациялар және синтаксистік құрылымдар – шығарманың поэтикалық шеберлігін айқындайды.

Қалқаман Сариннің поэзиясы ауыл тақырыбын жаңаша қырынан қарастырып, ұлттық болмысты тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Оның шығармалары қазақ әдебиетіндегі ауыл лирикасының дамуына елеулі үлес қосып, оқырманның рухани әлемін байытады.

Әдебиеттер

1. Нұрдаулетова Б. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: Дәуір, 2011. – 312 б.
2. Белинский В.Г. Поэзияны тегі мен түріне қарап бөлу. – М.: Наука, 1950. – 473 с.
3. Сәрсенбай О. Менің мекенім. – Алматы: Қайнар. – 2002. – 544 б.
4. Сарин Қ. Құс жолындағы керуен. – Астана: Профи Медия, 2014. – 144 б.
5. Карипжанова Г.Т., Абикенова Г.Т., Саликжанова Ш.Б. Қазақ поэзиясындағы «Ауыл» бейнесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы №1(130)/2020 – Б. 37-44. DOI: <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/391/238>.
6. Елгезек А. Шексіздік сыртындағы шам. – Алматы : Хантәңірі, 2014. – 315 б.
7. Құнанбайұлы А. Таңдамалы өлеңдер. – Алматы : Жазушы, 1985. – 176 б.
8. Жұмабаев М. Өлеңдер/поэмалар. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 320 б.
9. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. – 376 б.
10. Мұқанова Р. Шығармалары. Әңгімелер, драмалар, сұхбаттар. – Алматы: Арда, 2014. – 322 б.
11. Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Астана: Елорда, 2006. – 392 б.
12. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 2020, 12(4). – P. 1–11. DOI: .

М.С. ЖӘЛЕЛОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

М. АРСЛАН

Университет Памуккале, Денизли, Турция

НОСТАЛЬГИЯ ПО ДЕРЕВНЕ В ПОЭЗИИ КАЛКАМАНА САРИНА: ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОБРАЗЫ В ПОЭЗИИ (НА ПРИМЕРЕ СТИХОТВОРЕНИЯ «АРҚАТТАҒЫ БІЗДІҢ ҮЙ»)

Аннотация. Данная статья посвящена анализу художественного образа ностальгии по деревне в поэзии Қалқамана Сарина. Через лирические приёмы стихотворения «Арқаттағы біздің үй» раскрываются ностальгия по деревенской жизни, тёплые воспоминания детства и любовь к родной земле. Поэтический язык, изобразительно-выразительные средства и символика в стихотворении направляют читателя к глубокому пониманию национальной самобытности.

В процессе исследования применён сравнительно-исторический метод; произведён анализ темы деревни на основе её отражения в современной казахской лирике. Деревня рассматривается как основа семейных ценностей и национального духа (с приведением конкретных примеров из творчества поэта).

В статье подчёркиваются интуитивная глубина, эмоциональные переживания и поэтическое мастерство Қалқамана Сарина. Ностальгия по деревне в его стихах оценивается как образец гармоничного соединения традиции и новаторства. Учтены мнения литературоведов, что позволяет более чётко обозначить место творчества поэта в современном литературном пространстве. Жизнь сельских людей, мотивы ностальгии по прошлому в его поэзии тесно переплетаются с национальным самосознанием и казахским миропониманием. В стихах Сарина читатель ощущает не только ностальгию по родной земле, но и глубокое уважение к национальным ценностям.

Образ деревни в произведениях Калкамана Сарина, оказавший заметное влияние на укрепление духовной силы современной казахской поэзии, раскрывается через процесс нового осмысления национальной идентичности в современной лирике.

Ключевые слова: Калкаман Сарин, поэзия, ностальгия по деревне, художественные приёмы, детство, природа, символика, казахская лирика.

M.S. ZHALELOVA

L.N. Gumilyev Eurasian national university, Astana, Kazakhstan

M. ARSLAN

Pamukkale University, Denizli, Turkey

**NOSTALGIA FOR THE COUNTRYSIDE IN THE POETRY OF QALKAMAN SARIN:
ARTISTIC EXPRESSIONS IN POETRY
(BASED ON THE POEM «ARQATTAGY BIZDIN UI»)**

Annotation. This article is dedicated to analyzing the artistic portrayal of nostalgia for the countryside in the poetry of Qalkaman Sarin. Based on his poem «*Arqattagy bizdin ui*», the poet's longing for village life, warm memories of childhood, and love for the homeland are revealed through lyrical techniques. The poetic language, imagery, and symbolism used in the poem guide the reader toward a deeper understanding of national identity.

The study employs comparative-historical methods to analyze the representation of rural themes in contemporary Kazakh lyric poetry. The village is described as a foundation of family values and national spirit, with specific examples from the poet's works provided.

The article highlights the intuitive depth, emotional nuances, and poetic mastery of Qalkaman Sarin. The nostalgia for rural life in his poetry is evaluated as a vivid example of the harmonious fusion of tradition and innovation. Literary scholars' perspectives are also considered, making the poet's place in today's literary landscape more evident. The lives of rural people and the theme of reminiscing about the past in his poetry are closely intertwined with national consciousness and Kazakh worldview. Through Sarin's poetry, the reader senses not only a deep nostalgia for the homeland but also a profound respect for national values.

The image of the village in Qalkaman Sarin's works, which has significantly contributed to the strengthening of the spiritual power of contemporary Kazakh poetry, reflects the process of reinterpreting national identity in modern lyrical expression.

Keywords: Qalkaman Sarin, poetry, nostalgia for the countryside, artistic techniques, childhood, nature, symbolism, Kazakh lyric poetry.

References

1. Nürdauletova B. Kognitivтік lingvistika. – Almaty: Däuir, 2011. - 312 b
2. Belinski V.G. Poeziyany tegi men türine qarap bölü. – M.: Nauka, 1950. – 473 s.
3. Särsenbai O. Menüñ mekenim. – Almaty: Qainar. – 2002. – 544 b.
4. Sarin Q. Qüs jolyndağy keruen. – Astana: Profi Media, 2014. – 144 b.
5. Karipjanova G.T., Abikenova G.T., Salikjanova Ş.B. Qazaq poeziyasındağy «Auyl» beinesi // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetiniñ habarşysy. Filologia seriasy №1(130)/2020 – B. 37-44. DOI: <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/391/238>.
6. Elgezek A. Şeksizdik syrtyndağy şam. – Almaty: Hantäñiri, 2014. – 315 b.
7. Qūnanbaiūly A. Tañdamaly öleñder. – Almaty : Jazuşy, 1985. - 176 b
8. Jūmabaev M. Öleñder/poemalar. – Almaty: An Arys, 2009. – 320 b.
9. Qondybai S. Qazaq mifologiasyna kirispe. – Almaty: Arys, 2008. – 376 b.
10. Mūqanova R. Şyğarmalary. Äñgimeler, dramalar, sühbattar. – Almaty: Arda, 2014. – 322 b.
11. Äşimbaev S. Eki tomdyq şyğarmalar jinağy. Bırınşı tom. – Astana: Elorda, 2006. – 392 b.
12. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 2020, 12(4)7. – P. 1–11. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>.

Авторлар туралы мәлімет:

Жәлелова Меруерт Серікқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан

Жәлелова Меруерт Сериковна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Zhalelova Meruert Serikkyzy – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian national university

Мұстафа Арслан – философия докторы (PhD), Памуккале университетінің профессоры, Денизли, Түркия.

Мустафа Арслан – доктор философии (PhD), профессор университета Памуккале, Денизли, Турция.

Mustafa Arslan – Doctor of Philosophy (PhD), Professor Pamukkale University, Denizli, Turkey.

Б.К. КАЖЫТАЙ 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: k_azhytay@mail.ru)

***АСҚАР АЛТАЙДЫҢ «ТУАЖАТ» РОМАНЫНДАҒЫ ОКСЮМОРОНДЫҚ БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛІ**

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілінің көркемдік қызметі жан-жақты талданады. Автор туындысында қарама-қайшы мағыналы сөздерден құралған тіркестер арқылы кейіпкердің ішкі жан әлемін, оның қайшылықты болмысын, сондай-ақ қоғамдағы рухани дағдарысты терең де әсерлі жеткізе білген. Зерттеу барысында оксюморон ұғымының әдеби-теориялық негіздері, антонимдік құрылымдардың рөлі, көркемдік-поэтикалық қызметі талданып, әлем және қазақ әдебиетіндегі оксюморонды қолданудың ерекшеліктері қарастырылды.

Мақалада «тамұққа түскен сәуле», «өлі тыныштық», «тірі тұлып» тәрізді тіркестерге мәтіндік, семантикалық және прагматикалық талдау жасалып, олардың символдық мәні мен стилистикалық қуаты ашылады. Бұл тіркестер арқылы автор кейіпкердің ішкі арпалысын, рухани күйзелісін, жатсынуын, өмір мен өлім, жарық пен түнек арасындағы күресін шебер жеткізеді. Оксюморон тәсілі романның идеялық мазмұнын тереңдетіп, кейіпкер психологиясын даралауға үлкен үлес қосады.

Зерттеу барысында оксюморон тек стилистикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге көркем мәтіннің астарлы, философиялық, мәдени кодтарын жеткізетін құрал ретінде қарастырылады. Авторлық қолданыстарда оксюморон кейіпкердің ішкі күйін айшықтап, қоғамдағы кереғарлықтарды көркемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Асқар Алтай романына тән оксюморондар поэтикалық тәсіл ғана емес, тұтас шығарманың метафоралық құрылымын құрайтын өзекті элементтер ретінде қызмет атқарады.

Түйін сөздер: оксюморондық бейнелеу, Асқар Алтай, қазақ әдебиеті, оксюморон, контраст

Кіріспе. Қазіргі қазақ қоғамындағы адамдардың жан дүние толғаныстарын бейнелеген туындылардың бірі – Асқар Алтайдың «Туажат» романы. Жазушы Асқар Алтай – тәуелсіздік жылдарында қазақ прозасына өзіндік өрнек қосқан қаламгердің бірі. «Туажат» романы алғаш 2012 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрген, Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастарға арналған шығарма. Роман мәтінінде мифологиялық мотивтер мен архетиптік образдар кең пайдаланылғаны байқалады – бас кейіпкер Байбураның жанында бөрі-ана рухы үнемі бірге жүреді [1]. «Туажат» атауының өзі көне туыстық ұғымнан алынған: «туажат – туыстық қатынас жағынан бір атаның баласы саналғанымен, одан кейінгі ұрпақтардың іргесі бөлініп, туыстық қарым-қатынасы алшақтай бастайды» [2]. Туажат ұғымы қазақ түсінігінде адамның алтыншы ұрпағы, демек, ата-бабасына туыстығы алыстаған ұрпақ, сондықтан туажат ұрпақ – өзінің алтыншы немесе жетінші аталары үшін

* Мақала ҚРҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР25795955 «Қазіргі проза жанрындағы оксюморондық бейнелеуді жасанды интеллект негізінде талдау» ғылыми жобасы аясында жазылды.

туыстығынан гөрі бөгде деп саналады. Бұл атау романда адамның атасы тұрмақ өзінің туған әке-шешесі мен бірге туған туыстарынан қарым-қатынасы алыстаған, өзінен басқаны мойындамайтын, жақын тартпайтын эгоистік сананы бейнелеген туынды. Демек, қоғамда адамдардың бір-біріне жат болып бара жатқан бөгде болмысын меңзейді. Автордың айтуынша, «қазір бүкіл қоғам туа жат, ұлттардың өзі бір-біріне бөтен» және ол осы туажат қоғамдағы адамдардың жан дүниесін көрсетуді мақсат еткен [3]. Роман мазмұнында қоғам мен тұлға, өмір мен өлім, ғасырлық дәстүр мен заман мұраты арасындағы кереғарлықтар көркем бейнеленген.

Шығарма мазмұнында кейіпкерлердің бөлек болмысын суреттеуде, ішкі психологиялық қайшылықтарын жеткізуде жазушы түрлі стилистикалық тәсілдерді қолданады. Солардың бірі – оксюморон, яғни мағынасы бір-біріне қарама-қайшы сөздерді бір тіркесте ұштастыра қолданып, заман келбетін, адам табиғатын анық ашатын бейнелеу құралы. Мысалы, әдеби тілде «тірі өлік» (өлі-тірі), «қатал бейіш», «жақсы өлім» сияқты сөз тіркестері оксюморонға жатады. Мұндай қайшылықты ұғымдарды біріккен мағынада қолдану нәтижесінде туындайтын ерекшелік әлем әдебиетінде ежелден белгілі құбылыс. Классикалық шығармалардан бастап қазіргі заманғы әдебиетке дейін оксюморон поэтикада кең орын алып келгені туралы ғылыми еңбектерде жан-жақты айтылған. В.В. Виноградов XX ғасырда оксюморонды стилистикалық құбылыс ретінде ғылыми айналымға енгізіп, оны «заттар мен құбылыстардың сипаттарын айқындаушы жаңа символ» деп анықтаған [4, 385]. Л.Н. Тимофеев А. Блок поэзиясын талдай отырып, контрастық бейнелеудің негізгі тәсілдерінің бірі ретінде оксюморонның тілдегі қарама-қарсылықты біртұтас концепт ретінде беру қасиетіне ерекше тоқталған [5]. Сонымен қатар Л.А. Введенская оксюморонды «логикалық ойлау тұрғысынан бір-біріне сай келмейтін сөздердің тіркесуі арқылы пайда болатын ең тиімді көркем құралдардың бірі» деп есептейді [6, 128]. Яғни, оксюморон құрамдас бөліктерінің мағынасы қарама-қайшы болғанымен, оларды синтаксистік бірлік етіп біріктіру нәтижесінде тұтас тіркес жаңа астарлы ұғым береді. Осы қасиетімен оксюморонды кейде «қарама-қайшылықтың тұтастығы» деп атайтыны да бар.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілдерін талдауда әдебиеттанулық сипаттағы сапалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы сипаттамалық (дескриптивті), контекстуалдық, интерпретациялық және құрылымдық-семантикалық талдау тәсілдері арқылы жүргізілді. Бұл әдістер оксюморондық тіркестердің мәтіндегі қызметін, олардың стилистикалық ерекшеліктері мен идеялық-мағыналық мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Алдымен, оксюморон ұғымының теориялық-методологиялық негіздері анықталып, отандық және шетелдік әдебиеттану ғылымындағы пайымдаулар жүйеленді. Бұл ретте В.В. Виноградовтың «Анна Ахматованың поэзиясы туралы (стилистикалық эскиздер)», Л.Н. Тимофеев пен С.В. Тураевтың «Краткий словарь литературоведческих терминов», Л.А. Введенскаяның «Стилистические фигуры, основанные на антонимах», В.И. Карасиктің «Оксюморон в языковом сознании и коммуникативной практике» және Н.С. Садинованың «Оксюморон as a method of poetic perception of the world» еңбектері ғылыми-теориялық негіз ретінде басшылыққа алынды.

Талқылау мен бақылау. Қазақ әдебиеттануында оксюморон құбылысына назар аударған еңбектер жоқтың қасы. ХХІ ғасырдың соңғы онжылдығында көркем мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне мән бере бастағандықтан, оксюморондық бейнелеуге мән беріле бастады. Десек те, кейбір мақалаларда сөз болғанымен, зерттеле қоймағанын айтуға тиіспіз. Қазақтың көркем әдебиеті тілінде, фольклорлық шығармаларда оксюморондық өрнектер ертеден кездесетіні белгілі. Сол сияқты көнеден жеткен қанатты сөздерде де ұшырасады: Алтын Орда дәуірінің ақыны Құтып «Ұқпаған – өлік, түсінген – тірі» деп атап көрсеткен екен [7]. Осы мысалдарда «тірі өлік» тіркесінің адам баласы тіршілігінің мәнін ашатын терең маңызға ие ұғымдар екенін байқаймыз.

Оксюморондар кейде әдеби шығармалардың атауларында да тұрақты орын алғанын байқауға болады. Мәселен, орыс әдебиетінде Н.В. Гогольдің «Өлі жандар»,

Л.Н. Толстойдың «Тірі өлік», В. Вишневскийдің «Оптимистік трагедия», М. Әуезовтың «Сөніп-жану», Ж. Шаштайұлының «Қызыл қар», Т. Нұрмағамбетовтың «Періштелердің өлімі», Т. Ахметжанның «О дүниенің қонағы» сияқты туындыларының атауы кереғар мәнді сөздерден құралған оксюморондар. Бұлардың барлығы туындының идеясын аша түсетін оксюморондық бейнелеу тәсілі ретінде қызмет етеді.

Жалпы, оксюморонды қолданудың әдеби функционалдық мәні зор. Ғалымдардың тұжырымдауынша, оксюморон көркем мәтінде эмоциялық-мағыналық реңкті күшейтуге мүмкіндік береді. Қарама-қарсы құбылыстарды түйістіре отырып, автор оқырман назарын адам мінезіндегі өзгешелікті, қоғамдағы орын алған оқиғаларда ерекше шиеленіске, тосын жағдайға аударуға мүмкіндік береді. Оксюморон арқылы кейіпкер болмысының екіұдай мінезі немесе оқиға желісінде суреттелген жағдайдың шарықтау шегі айқындала түседі. Біз Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы осындай оксюморондық бейнелеудің нақты көріністерін талдап, олардың шығарманың тақырыптық-идеялық маңызын ашудағы үлесін қарастырамыз.

Оксюморон – стилистикалық тәсіл ретінде көркем мәтінде бір құбылысты бейнелеудегі қарама-қайшылыққа негізделген ерекше құбылыс. Екі немесе одан да көп мағынасы қайшы сөздерді бір тіркесімде жұмсау арқылы пайда болатын бұл әдіс тілде дайын тұрақты тіркес түрінде де, авторлық жаңа қолданыс түрінде де көрінуі мүмкін. Оксюморон көркем мәтінде көбіне эпитет, теңеу түрінде қысқа сөз тіркесі деңгейінде құралады, бірақ кей жағдайда тұтас бір күрделі сөйлем түрінде де кездеседі. Мағыналық тұрғыдан алғанда оксюморонды құрайтын компоненттер бір-біріне қарама-қайшы болғанымен, олардың қосындысынан туатын негізгі түсінігі жаңа сападағы астарлы мағынаға ие болады.

Оксюморонның көркем шығармадағы қызметі – экспрессивтілікті арттыру, эмоционалды әсерлілік пен қарсылықты бояу арқылы бейнелеу. Контрастіліктің өнердегі рөлі туралы Л.Н. Тимофеев А. Блок поэзиясын талдай келе, ақын шығармашылығындағы басты ерекшелік әлемді қарама-қарсы құбылыстар арқылы поэтикалық игеруінде деп атап өтеді [5, 149]. Сол сияқты кез келген әдеби мәтінде қарама-қарсы ұғымдарды шендестіру идеялық-мазмұндық қатпарларды тереңдетудің бір жолы саналады. Қазақ әдебиеттанушылары да «кейде сөз шеберлері қарама-қарсы ұғымдарды қатар синтаксистік тіркеске түсіріп, оксюморон жасау үшін антонимдерді қолданады. Бұл әдіс көркем әдебиетте айтпақ ойды нақтылап, әсерлі ашуға көмектеседі» деп тұжырым жасаған. Демек, оксюморон – шындықтағы қайшылықты құбылысты тіл арқылы біртұтас образ ретінде танытуға мүмкіндік беретін өте тиімді тәсілдің бірі.

«Оқырман назарын негізгі идеяға аудару – оксюморонның риторикалық құрал ретіндегі басты міндеттерінің бірі», - екенін зерттеуші С.А. Qasim нақты атап өтеді [8]. Бұл – мәтіндегі қарама-қарсы ұғымдар арқылы оқыrmанды селт еткізіп, астарлы мағынаны ой елегінен өткізуге итермелейтін көркемдік тәсілдің прагматикалық қуатын дәлелдейді. «Оксюморондарды түсіну дәстүрлі мағыналар мен шындық арасындағы байланыстар жүйесін қайта қарауды талап етеді» – деп жазады А.А. Черненко [9, 258]. Бұл тұжырым арқылы автор оксюморонды қабылдау барысында оқырман үйреншікті логикалық және семантикалық қатынастардан бас тартып, бейнелі, астарлы деңгейде ойлауға мәжбүр болатынын көрсетеді.

«Оксюморон – мағыналық жарылыс іспеттес, қарама-қарсы ұғымдардың сығымдалған бірлігі, оны интерпретациялау көп жағдайда ашық символдық сипатқа ие» [10, 122]. В.И. Карасиктің бұл тұжырымында оксюморонның тек қарама-қайшылық тудырушы емес, сонымен қатар мағына мен символға айналдырушы қызметі айқындалады. Жазушылар оксюморонды көбіне бейнелеп отырған құбылыстың немесе кейіпкер жағдайының күрделілігін, драматизмін көрсету мақсатында пайдаланады. Көркем проза мәтінінде оксюморондық бейнелеудің эмоциялық-экспрессивтік әсері ерекше көрінеді, өйткені қарама-қайшы ұғымдардың бірлігі оқыrmанды әрі таңғалдырып, әрі ойландырып, кейіпкердің психологиялық күйін терең түсінуге жетелейді. Асқар Алтайдың «Туажат»

романында да автор осындай оксюморондық әдістерді орынды қолданып, шығарма идеясын ашуға атсалысқан.

Оксюморон – поэтикалық мәтінде кейіпкердің ішкі әлемін көркем түрде бейнелеудің әсерлі құралы ретінде сипатталады. Бұл тәсіл арқылы ақын немесе жазушы адамның психологиясын, өзге адамдармен қарым-қатынасын және өмір шындығына қатысты көзқарасын көркем бейнеде ұсынуға мүмкіндік алады. Зерттеуші Н.С. Садинова бұл туралы: «Through oxymoron, the writer draws a picture of the human psyche, creates unique poetic images that stand at opposite points, reflects the various subtle relationships between people, absorbs the contradictory views of reality into the spirit of the work» – деп тұжырымдайды [11, 340]. Бұл пікір оксюморонды тек тілдік немесе стилистикалық құбылыс ретінде емес, адамның рухани болмысын танытатын көркемдік құрал ретінде бағалауға негіз береді.

Асқар Алтай «Туажат» романында кейіпкерлердің жан дүниесіндегі тартысты, айнала әлемнің қасаң халін суреттеу үшін бірқатар оксюморондық бейнелеулерді шебер пайдаланған. Солардың ішіндегі ең алғаш көзге түсетіні – романдағы қосалқы атау іспетті берілген «Тамұққа түскен сәуле» тіркесі. Автор осы фраза арқылы шығарма мазмұнының аңдатпасын жасап отырғандай. «Тамұққа түскен сәуле» – тозақ отына түскен жарық, яғни түнекке енген нұр, қараңғылық құшағындағы сәуле. Мағынасы қарама-қайшы бұл екі ұғымды біріктіру арқылы қаламгер бүкіл шығармаға өзек болатын негізгі идеялық конфликті – жарық пен түнектің бітіспес күресін меңзейді. Романның басындағы эпиграфында да Інжілден «Если виновен народ, значит виновен я» деген, яғни «халқым кінәлі болса, мен де кінәлімін» деген түсінік арқылы қоғамдағы орын алған әділетсіздік, тұрақсыздық сипатталады. Әрі қарай Гётеден «Все, что вышло из-под моего пера, стало быть, лишь фрагменты одной и той же нескончаемой исповеди...» деген жолдар берілуі де бекер емес. Осындай философиялық-мифологиялық астармен басталған романдағы «тамұққа түскен сәуле» оксюморондық бейнелеу бас кейіпкер Байбураның болмысын танытады. Байбура – желтоқсан оқиғасына қатысып, ауыр жарақаттан аман қалған, кейін Ауған соғысын бастан кешкен күрделі тағдырлы жан. Ол кеңес дәуірінің соңғы кезеңінде «жат жерге кетіп, жат жұртта жүріп» тұл болып қалған, өзі туған қоғамына бөтенсініп қайтқан қайғылы кейіпкер. Жазушы оны шартты түрде «Туажат» деп атайды. Туажат – туа сала жаны жат, туысқа бөтен адам. Осы бейне арқылы қаламгер өзі өмір сүрген тамұқ қоғамның адамдық болмысты жатсынтып, рухани құлдырауға ұшыратқанын көрсетеді. Романда Байбура бейнесі бір жағынан тозақ отына түсіп жанған, қайғы-қасіретімен шыңдалған жан ретінде сипатталса, екінші жағынан ол бойындағы адамдық сәулені сөндірмей алып шығуға тырысқан қайраткер ретінде көрінеді. Демек, «тамұққа түскен сәуле» тіркесі өмір тозаққа айналған замандағы кейіпкерді метафоралық тұрғыда танытатын оксюморондық символ іспетті. Бұл образ романда бірнеше рет әр түрлі жаңа қырынан танылып отырады: бірде Байбураның түсінде көктен түскен Бөрі-Ана бейнесі оны «ажал бұғалығынан алып қалар» құтқарушы сәуле түрінде көрінсе, енді бірде қараңғылық түнек кеулеген әлемді жарып өтер көк мұнарлы боз сәуле ретінде елестейді. Осындай «жарық сәуле – түнек дүние» антонимдік жұбы шығарманың түпкі идеясымен үндес басты лейтмотив ретінде қолданылған.

Романда кездесетін тағы бір оксюморондық қолданыс – «өлі тыныштық» тіркесі. Байбураның Алтай тауындағы орман ішінде егерье жолығып, панта сорпасын ішіп тыныстап алған сәтінен кейінгі табиғат суретінде түнгі орманның ерекше күңгірт күйі бейнеленеді: «Айнала орман да қалғулы. Дүниені өлі тыныштық билегендей. Осы бір өлі әлемге тігілген сансыз шырақтай жұлдыздар ғана жамырай жылтылдайды». Мұнда автор түнгі табиғат тынысын «өлі тыныштық» деп сипаттау арқылы мүлгіген тау ішінің тылсым сәтін әсерлі жеткізген. Өлі тыныштық – дыбыс атаулы жоғалған абсолютті тыныштық күйі. Қазақ тілінде бұл тіркес тіршіліктің нышаны жоқ, өлі әлем деген мағынада қолданылады, яғни метафоралық тұрақты тіркес дәрежесіндегі оксюморон екенін аңғарамыз. Шығармада аталған тіркеспен қатар «өлі әлем», «мәйіттей сірі» деген сөз қолданыстары да қоғамдағы тіршіліктен бейхабар, меңіреу қалпын айқындай түседі. Өлілер әлемінде тыныштық

болмайтыны туралы діни аңыздар, ертегілер өте көп. Сондықтан, тыныштық сөзі өлгендер үшін қолданылатын ұғым емес.

«Үш тәулік бойы ақ түтек боран соғып, қалың қар басқан тау ішіндегі қоршаған дүние тып-тыныш мүлгі қалған. Осы бір сәтте жапан түздегі жалғыз адам – Байбураның да жан дүниесін өлі тыныштық жайлағандай». Автор табиғаттың тылсым бейнесін кейіпкердің ішкі күйімен астастыра суреттеп, оқырманды ерекше эмоциялық әсерде қалдырады. «Өлі тыныштық» оксюморондық эпитеті бір жағынан табиғаттағы тіршіліктің тоқтап қалуын нақты елестетуге көмектессе, екінші жағынан шығарманың психологиялық ахуалын күшейтіп тұр. Қараңғы түн, өлі тыныштық, жапан дала – бұл детальдар Байбураның жанын жайлаған жалғыздық пен тіршіліктен түңілу сарынын аңғартады. Оксюморонның дәл осындай қызметі туралы В.В. Виноградов: «Оксюморонды құрайтын сөздердің бірігуінен туындайтын мағынада эмоционалдық реңк күшейетінін», - айтқан болатын. Шынында да, «өлі» және «тыныштық» сөздері жеке тұрғанда бір-біріне қайшы емес, бірақ біріге келе ерекше күшейтпелі мәндегі бейнелі ұғымды білдіреді. Романда «өлі тыныштық» арқылы бейнеленген сәттегі сурет оқырманды алда болатын тосын оқиғаға алдын ала дайындайды: бұл тыныштық – қауіпті бұрқаныстың алдындағы өлі тыныштық. Шығарма композициясында осы бір баяу тыныш эпизодтан соң оқиға қайта шиеленіседі де, Байбураның Рахман көліне аттануы мен финалдық тартысы басталады.

Романда кейіпкердің өз аузынан айтылатын ең ауыр әрі әсерлі оксюморондық тіркес – «тірі тұлып». Бұл сөзді Байбура монолог түрінде жан серігі Мария-Агатаға өз халін түсіндіру барысында қолданады. Шет жерден Қазақстанға оралған Байбура айналасындағы өзгерістерді көріп күйзеледі. Ел тәуелсіздік алғанымен, өзі күткен әділ қоғам орнамағанын өз көзімен көреді. Алтай тауындағы аңшылық барысында ол өткен өмірін қайта саралап, өзін үлкен қайғылы қателіктің куәсіндей сезінеді. Осы сәтте Байбура: «Жатжанды болып алыппыз. Сонда не үшін тірі жүрміз деген ой келеді маған, Мария?! Тірі тұлыппыз... Тұлып», – деп жан айқайын жайып салады. Тірі тұлып – жансыз киім, ішіне жан бітпеген қуыс дене деген мағынаны білдіретін оксюморондық тіркес. Қазақ тілінде «тұлып» сөзі көбіне «тірі тұлып» түрінде фразеологизм құрамында кездеседі. Мағынасы – сүйегі тірі, бірақ жансыз кеуде, яғни еш қарекетсіз құр сұлдері ғана жүрген адам. Байбура дәл осылай өз замандастарына да, өзіне де ащы сынмен қарайды: күрескерлік рухтан айырылған, әділет үшін күреспек түгілі енді қара басының қамынан аса алмаған жуас жандарға тірі тұлып ретінде қарайды. Бұл арада жанды және жансыз «тірі тұлып» қарама-қайшы ұғымдары тіркесіп келіп, сырт көзге тірі көрінгенмен, іс жүзінде дәрменсіз, өлікпен тең адам халін бейнелейді. Байбураның құр сұлбасы қалуына не себеп болды? Шығармада оның өмір жолына шолу жасасақ, кешегі советтік жүйенің құрбаны болған жастардың бірі екенін көреміз. Желтоқсан көтерілісі кезінде ол алаңда басын қатерге тігіп, жанын шүберекке түйіп шыққан «мыңжылдық сарбаз». Ерлік пен азапты қатар кешіп, тәні шынжырланғанмен жаны азат қалған ол сол күйі 20 жылға жуық жат жерде көшіп-қонып жүреді. Еліне оралғанда оны ешкім құшақ жая қарсы алмайды, түсінбейді, тіпті құжат жасатып, аты-жөнін өзгертуіне тура келеді. Міне, осы қоғамның тасбауырлығы, жақынның жаттығы ауыр күйзеліс тудырып, жүрегінің ыстық жалынын суытып жіберген. Байбура өзін шын мәнінде тірі өлік сезінеді – тіршілігі бар, бірақ қызығы жоқ өмірді сүріп жүргенін түсінеді. Автор осы күйді дәл жеткізу үшін оқырман санасында бұрыннан қалыптасқан «тірі тұлып» ұғымын сәтті пайдаланады. Оның семантикасы жоғарыда айтқанымыздай, тұлғаның рухани өлімімен пара-пар тіршілік иесін көрсету. Бұл тұста шығармадағы «тірі тұлыппыз» деген ауыр сөз тек Байбураның жеке басына ғана емес, тұтас ұлттың сол кездегі жағдайына да қаратылып айтылғандай әсер береді. Өйткені көпшілік тәуелсіздік туралы сенімінен айырылып, алданышпен өмір сүріп келгенін қаламгер тірі тұлып күй кешкен қоғам мен құр сұлдері қалған Байбураның ойлары арқылы алға тартады. Байбура монологынан кейін Мария-Агата оның бұл торығып, өмірден түңілген күйін тоқтатпақ болып жұбата келе, Байбураның соғыссыз өмірде өз орнын таба алмай қиналып жүргенін сезінеді. Байбура бейбіт өмірдің тыныш күйіне шыдай алмай, қайтадан мазасыз күреске

Кереге қыранды томағалап, алтыбақанда әткеншек тепкізіп, ат үстіндегі қозғалысқа жаттықтыратын. Кейін оны суға салып, ақ жеммен тамақтандыруды бастайтын. Алғашында үйрене алмаса да, ашыққан қыран біртіндеп осы ақ жемге де икемделетін. Осылайша, бірте-бірте асау бүркіт жуасып, иесінің әміріне бағына бастайды. Содан соң ғана бүркіттің томағасын шешіп, қызыл жегізеді [2, 14].	На голову гордой птицы надевали кожаный колпак, известный как томага, и садили ее на качели, чтобы она привыкала к конной езде. Затем начали медленно подкармливать ее обескровленным мясом, замоченным в воде, прямо из рук. Лишь через значительное время хозяин снимал повязку с глаз орла и начинал кормить его уже красным мясом [12, 14].	They would place a leather hood, known as a tomagu, over the head of a majestic bird and set it on a swing to help it become familiar with riding on horseback. Gradually, they would start feeding it bloodless meat from their hands, soaked in water. Only after a significant period would they remove the cloth from the eagle's head, at which point the master would begin providing it with red meat [13, 25].

Оригинальный текст демонстрирует традиционные методы дрессировки орла. Казахи уважают и заботятся об орлах, обучают их охоте и взаимодействию с человеком. В оригинале используются казахские реалии например, «томаға» и «алтыбақан»), которые могут быть не совсем понятны для русскоязычных и англоязычных читателей. Переводчики (М. Симашко и О. Чоракаев) пытаются сохранить значение оригинала, передавая смысл фраз. Однако, например, «алтыбақан» не переведен в текстах, и остается в контексте как «качели», что может дать представление о действии, но не объясняет культурные или традиционные особенности. Стиль оригинала богат описанием и метафорами, что создает яркий образ процесса приручения орла. Переводчики стремятся сохранить этот стиль, создавая аналогичные изображения в русском и английском языках. Оба перевода сохраняют культурный контекст.

Обряд провозглашения хана имеет глубокие исторические корни, восходящие к временам монгольской империи и традициям кочевых народов Центральной Азии.

Одним из внешних атрибутов султанского достоинства была белая кошма. На общих собраниях и в других торжественных мероприятиях все представители высшего сословия — султаны, сайиды и ходжи — занимали места только на белых кошмах. Эта традиция восходит к древнему обряду поднятия хана на белую кошму [14]. Когда кандидат на престол получал одобрение большинства султанов и знати для царствования, самые влиятельные представители ханства среди султанов и биев сообщали ему об этом. Затем они садили его на «тонкий белый войлок» и трижды приподнимали край войлока, восклицая: «Хан! Хан! Хан!» [15].

Таблица 6 - Передача культурного кода: «обряд провозглашения хана» с казахского на русский и английский языки

Казахский язык (оригинал)	Перевод на русский язык (М.Симашко)	Перевод на английский язык (О.Чоракаев)
Қос қолы қызыл қанға толы болса да, он жеті жастағы Әбілқайырды оның мықты жақтастары Дәшті Қыпшаққа хан етіп ақ кигізге көтерді [2, 9].	В семнадцать лет был поднят на белой кошме Абулхаир в знак провозглашения его ханом [12, 8].	At seventeen, Abulkhair was lifted up on a white felt mat to be proclaimed Khan [13, 14].

В трилогии упомянута символика белой кошмы и жертвоприношение белого верблюда, что является важным элементом казахских традиций. Использование фразы «в знак провозглашения его ханом» достаточно точно отражает содержание оригинала, однако потеряно важное значение фразы о «крови» – это метафора, показывающая сложные обстоятельства, в которых происходило провозглашение. Оба перевода сохраняют общий смысл и ключевые культурные коды казахского текста, но понимание этих элементов может меняться. Перевод на русский язык сохраняет национальные традиции путем прямого использования казахских реалий, в то время как перевод на английский язык все же утрачивает часть культурных особенностей из-за использования более универсальных понятий.

Казахские жузы играют ключевую роль в конституционном строе Казахстана, аннотация уникальными особенностями и универсальным значением. Они представляют собой своеобразный социальный институт, который помогает поддерживать баланс и гармонию в казахском обществе. Деление на жузы - важный культурный код казахов, который демонстрирует общественную организацию, социальную структуру и историческую идентичность. Эти большие родовые объединения существенно влияли на формирование социальной иерархии, а также на управление и взаимодействие между различными группами [16, 84].

Таблица 7 - Передача культурного кода: «деление на жузы» с казахского на русский и английский языки

Казахский язык (оригинал)	Перевод на русский язык (М.Симашко)	Перевод на английский язык (О.Чоракаев)
Бұл кезеңде «Үлкен Орда» ханы ретінде Жәнібек ханның кенжесі, Тәуке ханның бәйбішесінен туған Болат отырған. Ол ұзақ уақыттан бері науқас болғандықтан, көптеген міндеттерді немере інісі Сәмеке атқарады. Кіші жүздің ханы Абдолла сұлтанның ұлы Әбілқайыр, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс — Әбілқайырмен әкесі бір, аналары бөлек [2, 260].	На тот момент ханом всех трех жузов, известных как Большая Орда, числился Булат, третий сын хана Тауке и внук Есим-хана. Фактическим ханом среднего жуза был его младший брат Сәмеке. В это же время старший, или Большой, жуз возглавлял Жолбарыс-султан, старший брат Абулхаира, который также не пользовался большим авторитетом [12, 257].	True, Bulat, the third son of Khan Tauk and the grandson of Yesim-Khan, was considered the khan of all three zhuzes- the so-called Big Horde-by that time... Actually, the khan of the Middle Zhuz was Samek, his younger brother. At that time, the Senior Zhuz was ruled by Zholbarys –Sultan, who also did not have much authority [13, 13].

Русский перевод передает основное содержание текста оригинала, сохраняя ключевые элементы. В результате проведенного анализа можно заключить, что оба перевода сохраняют основное содержание оригинального текста, однако подходы к передаче культурного кода различаются. Русский перевод более точно передает сложный политический контекст и культурные значения, в то время как английский перевод несколько упрощает и иногда искажает исторические связи и нюансы, что может затруднить полное понимание казахской культурной идентичности и структуры общества англоязычным читателем.

Заключение. В ходе исследования культурных кодов в художественном переводе трилогии Ильяса Есенберлина «Көшпенділер» мы пришли к выводу, что успешная передача культурных аспектов требует не только точности в лексическом переводе, но и глубокого понимания контекста, традиций и ценностей, присущих оригинальному тексту. В процессе перевода трилогии на русский и английский языки обоим переводчикам удается передать основные элементы культурного кода, однако некоторые специфические детали и метафоры теряются или трансформируются, что может влиять на общее восприятие казахской культурной идентичности. Каждый культурный код, представленный в произведении, является неотъемлемой частью казахской идентичности и наследия, и его адекватная передача в переводе имеет решающее значение как для сохранения эстетической сущности текста, так и для обеспечения культурного контекста для целевой аудитории. Переводчики сталкиваются с множеством вызовов, стремясь передать как смысловые, так и культурные нюансы. Применение разнообразных методов перевода позволяет не только сохранить глубину оригинала, но и адаптировать его для более широкой аудитории. Однако, важность внимательного подхода к выбору слов и идей не может быть недооценена, поскольку даже небольшие изменения могут значительно изменить восприятие произведения. Таким образом, художественный перевод выступает важным инструментом не только для передачи подобного опыта, но и для повышения межкультурного понимания и диалога. Результаты нашего анализа подчеркивают необходимость дальнейшего изучения культурных кодов и их роли в переводческой практике, что, несомненно, будет способствовать развитию теории и практики перевода в свете растущей глобализации и культурного взаимодействия. Исследование, которое мы представили в данной статье, надеется внести свой вклад в эту важную область, предоставляя полезные выводы и рекомендации как для литературоведов-исследователей, так и для практикующих переводчиков.

Литература

1. Bassnett S. Translation studies (3rd ed.). – London: Routledge, 2002. – 67 p.
2. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: Книжный клуб, 2021. – 792 с.
3. Худoley Н.В. Национальный код культуры и его актуализация в пословицах, поговорках и классических литературных текстах // Полилингвильность транскультурные практики. – 2017. – №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalnyy-kod-kultury-i-ego-aktualizatsiya-vposlovitsah-pogovorkah-i-klassicheskikh-literaturnykh-tekstah>.
4. Razumovskaya V.A. Cultural Information Translatability and Strategies of Literary Translation. Vestnik SPbSU. Series 9. Philology. Asian Studies. Journalism, 2016. – P. 110–121. DOI: 10.21638/11701/spbu.09.2016.409.
5. Rapaille K. The Culture Code. – New York: Crown Publishing, 2007. – 130 p.
6. Юань Мэнмэн бестиарий как культурный код в русской и китайской культуре // Философская антропология, философия культуры. Диссертация. Екатеринбург, 2023. – 220 с.
7. Махлина С.Т. Семиотика культуры и искусства : Опыт энцикл. слов. / С.Т. Махлина. М-Я / 20 см. – СПб: Петерб. гос. ун-т культуры и искусств, 2000. – С. 257-552.
8. Шипилова Е.А. Современный подход к изучению костюма как культурного кода // Аналитика культурологии. – 2015. – №1 (31). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennyy-podhod-k-izucheniyu-kostyuma-kak-kulturnogo-koda>.
9. Хазбулатов А., Султанова М. Культурный код нации в концептуальном понимании современной культурной политики Казахстана // Философский и общественно-гуманитарный журнал. – №4 (66). Адам әлемі, 2015. – С. 36-46.
10. Дуктова Л.Г. Обращение к понятию «культурный код» в русско-белорусском гуманитарном дискурсе. – Беларусь: Минский государственный ун-т, 2023. – С. 97–108. DOI: <https://doi.org/10.37816/2073-9567-2023-70-97-108>.
11. Тлеубаева Б.С., Лес М.К., Ауелбекова Г.С., Ибрагимова Э.А., Тогаев Б.Б. Традиционная культура казахского народа // Достижения науки и образования. – 2017. – №6 (19). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/traditsionnaya-kultura-kazahskogo-naroda>.
12. Есенберлин І. Кочевники. – Алматы: Книжный клуб, 2021. – 784 с.
13. Esenberlin I. The Nomads: a novel-trilogy \ transl. from Russian by O. Chorakaev. – Almaty: Association of publishers, printers and booksellers, 2015. – 787 p.
14. Кокумбаева В.Д. Культ предков у казахов: Аруахи, Коркыт Ата, Төре // Concorde. – 2020. – №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kult-predkov-u-kazahov-arua-hi-korkyt-ata-t-re>.
15. Султанов Т. Поднятые на белой кошке. Ханы казахских степей. – Астана: Астана Даму-21, 2006. – 256 с.
16. Оразбаева А.И. Жузовая структура казахов как социокультурный код нации Отан тарихы. – №2 (90), 2020. – С. 84-96.

С.А. СЕРАЛИМОВА, Ж.С. БЕЙСЕНОВА

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ МӘДЕНИ КОДТАР

Аңдатпа. Бұл мақала Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы мәдени мұраларды орыс және ағылшын тілдеріне аударған кезде көшіру мәселесін зерттеуге арналған. Зерттеудің өзектілігі әдеби шығармадағы мәдени кеңістікті әмбебап бейнелеуге бағытталған заманауи тенденциялармен анықталады. Көшпелі халықтардың тұрмысы мен тұрмыс-тіршілігінің элементтеріне, олардың салт-дәстүрлері мен құндылықтарына баса назар аударылады.

Зерттеудің мақсаты – Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында берілген қазақ этносының мәдени мұраларының берілу тәсілдерін анықтау және талдау, сонымен қатар түпнұсқаның мәдени ерекшелігін сақтау үшін қолданылған аударма стратегияларының тиімділігін анықтау.

Трилогиядағы мәдени мұра бізге мінез-құлық үлгілерін, құндылық бағдарларын және дүниетанымдық көзқарастарды қайта қалпына келтіру, мәліметтерді жаңартуға мүмкіндік береді. Ұлттық мәдени мұраларды жазушы оқырманды қазақ мәдениетінің нақты семантикасымен таныстырудың әдеби құралы ретінде пайдаланады. Олар шығармаға құндылық пен тереңдік қосады, мәдени контекстті тереңірек түсінуге және оның құндылықтары мен идеалдарымен араласуға ықпал етеді. Жұмыста мәдени мұраларды анықтау мен жіктеудің сипаттамалық әдісін, олардың аудармалардағы берілуін бағалау үшін салыстырмалы талдауды, мәдени шындықтардың және олардың баламаларының мағыналарын анықтауға арналған контекстік талдау әдісін, сондай-ақ аударма шешімдерінің сәйкестігін бағалау үшін аударма талдауының элементтерін қамтитын кешенді тәсіл қолданылады. Мақалада аударма мәтіннің мағынасын беріп қана қоймай, сонымен қатар кейіпкерлер мен жалпы ұлттың болмысын қалыптастыратын мәдени мұраны қалай сақтай алатынын зерттейді. Түпнұсқаның лексикалық мағынасын ғана емес, мәдени реңктерін де жеткізуде аудармашылардың кездесетін қиындықтары мен тосқауылдарын талқылауға өз үлестерін қосады. Аударманың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануды талдау сәйкестік пен айқындықтың жоғары дәрежесіне жету мүмкіндігін көрсетеді, бұл аударманы авторлық ниет пен түпнұсқаның мәдени мазмұнына жақындатады.

Мақала әдебиеттегі мәдени бейімделу және мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне, сондай-ақ көркем аудармада мәдени шындықты жеткізудің ерекшеліктеріне қызығушылық танытатын зерттеушілер, студенттер және тәжірибелік аудармашылар үшін пайдалы болады.

Түйін сөздер: мәдени мұра, көркем аударма, сәйкестілік, тұрмыс, әдет-ғұрып, дәуір.

S.A SERALIMOVA, Zh.S BEISENOVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

CULTURAL CODES IN LITERARY TRANSLATION

Annotation. This article is devoted to the study of the issue of transferring cultural codes in Ilyas Esenberlin's trilogy «Koshpendiler» when translated into Russian and English. The relevance of the study is determined by modern trends towards the universal reflection of cultural space in a literary work. The focus is on the elements of life and everyday life of nomadic peoples, their traditions and values. The purpose of the study is to identify and analyze the methods of transferring cultural codes of the Kazakh ethnic group, presented in Ilyas Esenberlin's trilogy «Koshpendiler», as well as to determine the effectiveness of the translation strategies used to preserve the cultural specificity of the original.

The cultural code in the trilogy allows encoding and decoding behavioral patterns, value orientations, and worldview. National cultural codes are used by the writer as a literary device to introduce the reader to the specific semantics of Kazakh culture. They add layers and depth to the work, promoting a deeper understanding of the cultural context and interaction with its values and ideals. The paper uses a comprehensive approach, including a descriptive method for identifying and classifying cultural codes, a comparative analysis to assess their transmission in translations, a contextual analysis method to determine the meanings of cultural realities and their equivalents, as well as elements of translation analysis to assess the adequacy of translation decisions. The paper examines how translation can not only convey the meaning of the text, but also preserve the cultural code that shapes the identity of the characters and the nation as a whole. The difficulties and challenges that translators face when conveying not only the lexical meaning, but also the cultural nuances of the original are discussed. An analysis of the application of various translation methods and techniques demonstrates the possibility of achieving a high degree of adequacy and expressiveness, which makes the translation closer to the author's intention and the cultural content of the original.

The article will be useful for researchers, students and practicing translators interested in issues of cultural adaptation and intercultural communication in literature, as well as the specifics of conveying cultural realities in literary translation.

Keywords: cultural code, literary translation, identity, everyday life, customs, era.

References

1. Bassnett S. Translation studies (3rd ed.). – London: Routledge, 2002. – 67 p.
2. Esenberlin I. Köşpendiler. – Almaty: Knijnyi klub, 2021. – 792 s.
3. Hudolei N.V. Nasionälnyi kod kültury i ego aktualizatsiya v poslovisah, pogovorkah i klasicheskikh literaturnykh tekstah // Polilingvialnost transkulturnyepraktiki. – 2017. – №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalnyy-kod-kultury-i-ego-aktualizatsiya-vposlovitsah-pogovorkah-i-klassicheskikh-literaturnykh-tekstah>.
4. Razumovskaya V.A. Cultural Information Translatability and Strategies of Literary Translation. Vestnik SPbSU. Series 9. Philology. Asian Studies. Journalism, 2016. – P. 110–121. DOI: 10.21638/11701/spbu.09.2016.409.
5. Rapaille K. The Culture Code. – New York: Crown Publishing, 2007. – 130 p.
6. İuän Menmen bestiari kak külturnyi kod v ruskoi i kitaiskoi külture // Filosofskaia antropologia, filosofia kültury. Disertasiia. Ekaterinburg, 2023. – 220 s.
7. Mahlina S.T. Semiotika kültury i iskustva : Opyt ensikl. slov. / S.T. Mahlina. M-İa / 20 sm. – SPb: Peterb. gos. un-t kültury i iskustv, 2000. – S. 257–552.
8. Şipilova E.A. Sovremennyy podhod k izucheniu kostüma kak külturnogo koda // Analitika külturologii. – 2015. – №1 (31). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennyy-podhod-k-izucheniyu-kostyuma-kak-kulturnogo-kovada>.
9. Hazbulatov A., Sultanova M. Külturnyi kod nasii v konseptualnom ponimanii sovremennoi külturnoi politiki Kazahstana // Filosofski i obşestvenno-gumanitarnyy jurnal. – №4 (66). Adam älemi, 2015. – S. 36–46.
10. Duktova L.G. Obraşenie k ponätii «külturnyi kod» v rusko-belorusskom humanitarnom disкурse. – Belarüs: Minski gosudarstvennyi un-t, 2023. – С. 97–108. DOI: <https://doi.org/10.37816/2073-9567-2023-70-97-108>.
11. Tleubaeva B.S, Les M.K., Auelbekova G.S., İbragimova E.A., Togaev B.B. Tradisionnaia kültura kazahskogo naroda // Dostijenia nauki i obrazovania. – 2017. – №6 (19). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/traditsionnaya-kultura-kazahskogo-naroda>
12. Esenberlin İ. Kochevniki. – Almaty: Knijnyi klub, 2021. – 784 s.
13. Esenberlin I. The Nomads: a novel-trilogy \transl.from Russian by O. Chorakaev. – Almaty: Association of publishers, printers and booksellers, 2015. – 787 p.
14. Kokumbaeva B.D. Kült predkov u kazahov: Aruahi, Korkyt Ata, Töre // Concorde. – 2020. – №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kult-predkov-u-kazahov-aruah-korkyt-ata-t-re>.
15. Sultanov T. Podnätie na beloi koşme. Hany kazahskikh stepei. – Astana: Astana Damu-21, 2006. – 256 s.
16. Orazbaeva A.İ Juzovaia struktura kazahov kak sosiokülturnyi kod nasii Otan tarihy. – №2 (90), 2020. – S. 84–96.

Авторлар туралы мәлімет:

Сералимова Сәуле Амантайқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетің докторанты, Астана, Қазақстан.

Сералимова Сауле Амантаевна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Seralimova Saule Amantaevna – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian national university, Astana, Kazakhstan.

Бейсенова Жайнагул Сабитқызы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетің профессоры, Астана, Қазақстан.

Бейсенова Жайнагуль Сабитовна – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Beisenova Zhainagul Sabitovna – doctor of philology, professor of L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Б.Т. ТЛЕУБЕКОВА¹



А.Д. ИБРАЕВА²



Г.Қ. ҚИАРЫСТАНОВА³



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан^{1,2}

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана,
Қазақстан³

(e-mail: biko.1972@mail.ru¹, Ibraevaizat@mail.ru²,
gulzhan.kiarystanova@gmail.com³)

КӨРКЕМДІК ӘДІСТІҢ ӘДЕБИ АҒЫМДАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада көркемдік әдіс және оның әдеби ағымдар мен бағыттардағы орны мен рөлі жан-жақты талданады. Әдебиеттануда көркемдік әдіс – шығарманың мәні мен мазмұнын ашу үшін автор қолданатын белгілі бір принциптер мен тәсілдердің жүйесі ретінде анықталады. Бұл мақалада көркемдік әдістің әдеби ағымдар мен бағыттармен өзара байланысы, сондай-ақ әр ағымның ерекшеліктері мен шығармашылық ерекшеліктері зерттеледі және әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы мен олардың өзара байланысы қарастырылады. Әрбір ағым белгілі бір тарихи және әлеуметтік жағдайларға жауап ретінде туындайды және өзіне тән көркемдік әдістерді қолданады. Мысалы, романтизм ағымы жеке тұлғаның ішкі дүниесіне, эмоцияларына басымдық берсе, реализм қоғамдық шындықты нақты бейнелеуді мақсат тұтты. Мақалада осы ағымдардың көркемдік әдістерін салыстыру арқылы олардың бір-бірінен айырмашылығы мен ортақ тұстары көрсетіледі. Сонымен қатар, символизм мен импрессионизм сияқты бағыттардың көркемдік тәсілдері, олардың табиғат пен адам өміріне деген жаңаша көзқарасы талданады. Әдеби ағымдардың дамуында қоғамның саяси және әлеуметтік жағдайы маңызды рөл атқарады. Әрбір жаңа бағыт қоғамдағы өзгерістерді, мәдениет пен философиядағы жаңалықтарды бейнелейді. Мысалы, модернизм мен авангардизм сияқты бағыттар XX ғасырдың басында қоғамдағы түбегейлі өзгерістер мен революциялық көңіл-күйді көрсетуге ұмтылды. Бұл ағымдар өздерінің көркемдік әдістері арқылы дәстүрлі әдебиетке қарсы шығып, эксперименттік тәсілдер мен жаңа формаларды енгізді. Көркемдік әдістердің әдеби процестегі өзгерістер мен жаңалықтарды қалай бейнелегені туралы да айтылады. Әдеби бағыттар мен ағымдардың өзара ықпалы мен олардың жаңа эстетикалық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі талданады. Сонымен қатар, шығармашылық процесіндегі жаңашылдықтар мен стильдер арқылы әдебиеттегі өзгерістер, жанрлық түрлердің жаңаруы көрсетіледі.

Түйін сөздер: көркемдік әдіс, көркемдік ойлау, әдеби ағым, әдеби бағыт, типология, аспект, құбылыс.

Кіріспе. Әдеби ағымдар мен бағыттар, өз кезегінде, қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси және философиялық жағдайларына жауап ретінде туындап, әрбір тарихи кезеңнің ерекшелігін бейнелейді. Әдеби шығармашылықта көркемдік әдіс – бұл жазушының шығарманы жазу барысында қолданатын шығармашылық тәсілдер мен принциптердің жиынтығы. Әрбір ағым немесе бағыт өзіне тән әдіснамалық негіздер мен эстетикалық қағидаларға сүйенеді.

Әдеби ағымдар мен бағыттар уақыт өте келе өзгеріп, жаңа идеялар мен көркемдік тәсілдер арқылы әдебиеттің дамуына әсер етеді. Мысалы, романтизм ағымы адамның ішкі дүниесіне, сезімдеріне басымдық берсе, реализм қоғамдық өмір мен әлеуметтік шындықты нақты бейнелеуге бағытталды. Ал модернизм мен авангардизм сияқты бағыттар дәстүрлі көркемдік әдістерге қарсы шығып, эксперименттік тәсілдер мен жаңа формаларды енгізді.

Біз көркемдік әдістің табиғатын танытатын негізгі-негізгі деген белгілерін саралай көрсететін болсақ, көркемдік құралдар жүйесіндегі басқа категориялардан бөлектеп тұратын әдістің басты-басты белгі-сипаттары мынадай деуге болады:

- Біріншіден, әдіс қаламгерлердің идеялық-көркемдік концепциясының тіні болып табылады;
- Екіншіден, мазмұн мен түр элементтерінің қарым-қатынасында алып қарағанда, көркемдік әдіс – мазмұнның негізгі мәселесі. Алайда әдістің түрге әсер еткіштік күші жоққа шығарылмайды;
- Үшіншіден, бірнеше қаламгерлердің белгілі бір әдіс аясында топтасуына олардың дүниетанымдық қырларындағы сәйкестіктер басты ролдердің бірін атқарады;
- Төртіншіден, әдісті тануда суреткердің көркем мазмұнды түзетін объективті фактор мен субъективті фактордың қарым-қатынасы аса маңызды, яғни жазушының болмыстың жалпы заңдылықтарын игеру деңгейі мен өзінің жеке қоғамдық санасынан туындайтын идеялық-эстетикалық принципіне орай өмір шындығын таңдаудағы, оны бейнелеудегі ұстанымы айқындалады;
- Бесіншіден, көркемдік ойлау типтері әдісті туғызатын басты факторлардың бірі. Көркемдік ойлаудың ұқсас типтері қаламгерлерді бір әдістің төңірегіне топтастыруға негізгі себептердің бірі.

Сонымен қатар, көптеген ғалым негіздеген «көркемдік әдіс қоғамдық-тарихи дамудың белгілі бір кезеңдеріне байланысты пайда болатыны» турасындағы көзқарас ұлттық әдебиеттануымызда әбден орнығып қалды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада көркемдік әдістің әдеби ағымдар мен бағыттардағы ролін талдау үшін бірнеше негізгі әдістер мен материалдар пайдаланылды. Алдымен, тарихи-талдамалық әдіс қолданылады, себебі әрбір әдеби ағым мен бағыт белгілі бір тарихи және мәдени кезеңде қалыптасып, сол дәуірдің ерекшеліктерін бейнелейді. Әдеби ағымдардың пайда болу себептері мен олардың шығармашылық тәсілдері әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты зерттеледі. Осыған орай, әрбір ағымның қоғамдық өмірге, философиялық көзқарастар мен мәдениетке қалай әсер еткені қарастырылады. Сонымен қатар, салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Романтизм, реализм, символизм, импрессионизм, модернизм сияқты әдеби бағыттардың көркемдік әдістерін салыстыра отырып, олардың ерекшеліктері мен ортақ тұстары анықталды. Әр ағымның көркемдік тәсілдері мен философиялық тұжырымдамаларының әдебиеттегі маңызы зерттелді.

Қосымшатүрде,аналитикалықәдіспайдаланылып,әрбағыттыңшығармашылығындағы негізгі стильдер мен жанрлық ерекшеліктер талданды. Мақалада әдеби шығармалардың нақты мысалдары арқылы теориялық тұжырымдар нақтылауға тырысты, осылайша, көркемдік әдістің әдеби процестегі орны мен мәні айқындалды.

Талқылау мен бақылау. «Көркемдік әдіс нақтылы бір тарихи жағдайларда пайда болады, яғни қандай да бір көркемдік әдісті ұстанған суреткерлерді идеал жайындағы түсінік, сол идеалға сәйкес келетін (немесе керісінше) қаһармандар типі, соған орай туындайтын сюжет мәселелері біріктіреді. Қоғамдық-тарихи жағдайлардың алуан түрлілігі көркемдік әдістің де алуан түрін туғызады» [1, 143] деген тұжырым ең кейінгі деген теориялық еңбектерімізде де айтылды. Әдістің тарихи құбылыс екендігіне де кезінде әжептәуір ғылыми пікірталастар туып, әр түрлі теориялық тұжырымдар жасалған болатын. Ленинград университетінен «Шет ел әдебиеті. Әдіс мәселесі» деп аталатын сериялы жинақты шығарушы ғалымдар көркемдік әдістің әдістемелік қырларына терең мән беріп, көркемдік әдісті статикалық категория ретінде қарастыруға болмайтынына,

оны тарихи-әдеби тұрғыда қарау бірнеше мәселелердің туындауына алып келетініне көңіл аударды. «Смоллеттің сентиментализмін, Байронның классицизмін, Диккенс пен Бальзактың романтизмін, Золя мен Норристің реализмін қайда қоюға болады? Вальтер Скотт реалист пе, романтик пе? Фицджеральд пен Вульфтың романтикалық стилистикасын немесе Фолкнердің модернистік тәсілін қалай түсіндіруге болады?» деген сұрақтарды алға тарта отырып, «Әдісті динамикалық және диалектикалық категория ретінде мойындау – үлкен және кішігірім тұйықтардан шығудың, әдістемелік псевдомәселелерді жоюдың жалғыз жолы. Бұл жол – ауыр, әрі аз игерілген, ең бастысы – үйреншікті жол емес» [2, 3], – деп жазды Ю.В. Ковалев. Бұл көбінесе көркемдік әдіс пен әдеби ағым, бағыттардың байланысы мәселесінен келіп шығып жатты. Осы ғылыми мәселе, яғни әдіс пен ағымның және бағыттың бір-бірімен қарым-қатынасы, олардың байланыс сипаттарын таныту біздің негізгі көңіл аударатын нысандарымыздың бірі. Г.Н. Пospelов: «өмірді көркем бейнелеу принциптері» дегеніміз – типологиялық ұғым да, ал әдеби бағыттар мен ағымдар – нақты тарихи ұғымдар...Көркем мазмұнның типологиялық қырлары өздігінен туып, өздігінен өмір сүрмейді. Олар қашанда тарихи ерекшеліктерден туындайды да, оларды ғылыми тұрғыдан түсіну және түсіндіру осы ерекшелігімен тығыз байланыста ғана мүмкін болады» [3, 22] дейді. Аталмыш ұғымдардың ішінара байланыстары мен күрделі қарым-қатынастарын зерттеудің әдістемелік түйткілдерін шешуде Пospelов ұсыныстары әлі де маңызын жойған жоқ. «Жазушылардың идеологиялық танымдары мен теориялық көзқарастары олардың өмірді бейнелеу принциптерінде ғана емес, бүткіл шығармашылығында, суреткер туындыларының көркем мазмұны мен формасының нақты құрамында көрініс береді. Сондықтан да бұл орайдағы мақсатымызға ең алдымен әдеби ағымдар мен бағыттарды зерттеу процесі кезінде ғана жете аламыз. Әсіресе маңыздысы – ағымдар, өйткені, бағыттар - тарихи тұрғыдан алып қарағанда кеш туған және бағдарламаланған әдеби ағымдар» [3, 22] – деген тұжырым жасайды.

Жалпы, кеңес әдебиеттануында осы мәселе жайында, яғни әдеби-тарихи үдерістегі әдіс пен ағымдардың, бағыттардың ара-салмағы төңірегінде әр түрлі көзқарастар болғанын аңдаймыз. Әсіресе кең тарағаны деп мына екі ұстанымды айтуға болады: Біріншісі – әдіс пен бағытты бір-бірімен тығыз байланыста қарап, әдісті бағыттың негізі, бағытты қалыптаушы фактор деп қарастыру. Мұндай көзқарасты жақтаушылар А.Н. Соколов, И.Ф. Волков, Л.И. Тимофеев, Ю.И. Суровцев т.б. болды. Олардың концепциясы бойынша әрбір әдеби бағыттың өзіне тән көркемдік әдісі болады да, қандай да бір әдіс белгілі бір бағыттың ауқымында өмір сүреді. Мәселен, А.Н. Соколов: «Әдіс пен бағыттың ара-қатынасы мынадан көрінеді: шығармашылықтың әдісі идеялық-эмоционалдық мазмұнмен, образдық түзіліспен бірге әр түрлі деңгейдегі өнердің барлық жақтарын қамтитын әдеби бағыттың аса маңызды бөлігі» [4, 77] дегенді айтса, Ю.И. Суровцев: Әдісті бағыттан бөлуге болмайды. Әдіс – ол бағыттың әдісі» [5, 117] деген түйінге тоқтайды.

Екіншісі – Г.Н. Пospelов негіздеген көзқарас. Ол әдіс пен бағытты бір-бірінен айыра қарастырады. Ғалымның пікірінше әдісте қаламгерлердің өмірді бейнелеуінің белгілі принциптері бар, ал әдеби бағыттар белгілі бір елдердегі және түрлі дәуірлердегі нақты бір әдеби бағдарлама айналасына біріккен жазушылар тобы. Демек, бұл категориялар поэтикалық шығармашылықтың бір-бірінен бөлек жатқан қырлары. Сондықтан да Пospelов үшін әдіс пен бағыттардың қарым-қатынасы нақты емес. Оның дәлелдеуінше, әдеби бағыттар – тарихи қайталанбайтын құбылыстар. Ал әдіс болса, түрлі дәуірлер мен халықтар әдебиетінде, түрлі бағыттар мен ағымдар ішінде қайталануы мүмкін [3].

Сонымен, көркемдік әдіс және әдеби бағыт, ағымдардың қарым-қатынасы хақындағы екі түрлі ұстанымда да оларды «нақты-тарихи» немесе «типологиялық» белгілеріне қарай анықтауға тырысушылық байқалады. Оның зерттеудегі басты нысаны – шығарма, яғни көркем шығарманың идеясын тереңдете зерделеп, автор құпиясын ашу барысында заманауи қажеттіліктерді өтеу [6]. Бұл дәйектемелердің екеуінде де рационалдық негіз жоқ емес. Аталмыш көзқарастардың бір тоқтамға келетін тұсы - әдеби бағыттардың нақты-тарихи құбылыс екендігі. Мұндай пікір тоқайластығы күрделі проблеманы

шешудегі аса маңызды қадам еді. Ал әдіс турасына келгенде ғылыми ой-пікірлер екі түрлі бағытта өрістеді. Бір ғалымдар (И.Ф. Волков, Л.И. Тимофеев және т.б.) оны нақты-тарихи, басқалары (П.А. Николаев, Г.Н. Пospelовтар) типологиялық сипатқа ие ұғымдар ретінде дәлелдеді.

Бұл тұжырымдардың қайсын алып қарасақ та, оларды бір-бірін жоққа шығаратын тоқтамдар деп айтуға болмайды. Қайта бір-бірін толықтыратын концепциялар дегеніміз дұрысырақ. Өйткені ғалымдар көркемдік әдіс құрамын түрлі аспектіде алып қарастырды. Пospelовтың «әдіс – типологиялық құбылыс» дегеніне келісетін себебімізді тарата айта кетейік. Шындығына келгенде, «сыншыл реализм», «ағартушылық реализм», «социалистік реализм», «неореализм» әдістері делінетін принциптерді өмірді және адам мінездерін бейнелеудің жалпы реалистік принципі біріктіреді. Мысалы, сыншыл реализм мен социалистік реализмдегі адам мінездерінің реалды өмір қатынастары мен нақты қоғамдық-әлеуметтік шарттылықтар заңдылығына бағындырла бейнеленуі реалистік принциптер талаптарына сәйкес, яғни реалистік принцип бірнеше әдістердің жүйесін құрап, бірнеше әдістердің негізі, темірқазығы болып отыр. Айналаны образды тұрғыда игерудің реализм сияқты жалпы ұстанымы суреткерлердің дүниетанушылық типтеріне сай әр түрлі көркемдік әдістерде әр түрлі пайдаланылады. Реализм өзінің жалпы масштабында қолданылмай жекелеген принциптермен араласып әрі қарай дамуы мүмкін немесе керісінше сыңаржақтанып, жұтаңданып кетуі де мүмкін. Кеңестік дәуір әдебиетінде социалистік реализмді «реализмнің ең жоғарғы, жаңа сатысы» деп жар салудан да осы ерекшеліктерді байқауға болады. Мұнда көркем ойлаудың реалистік типі жаңа әрі тосын идеялық-эстетикалық талаптарға сай өмір шындығын басқаша игерудің тегеурінді және қасаң ұстанымдарымен «байытылды». Бұл әдіс табиғатының типологиялық мәні нақты-тарихи сипатқа қарай ауысты деген сөз. Демек, өмірді бейнелеудің реалистік және реалистік емес принциптеріне қосымша мағына үстейтін жекелеген принциптер сыншыл реализм, соц. реализм т.б. әдістерді қалыптастырып, нақты-тарихилық мәнге ие болады. Сондықтан да өмір құбылыстарын көркем игерудің негізгі, жалпы принципі белгілі бір әдістерге айналмай тұрып-ақ таным үрдісі, тенденция ретінде өмір сүреді. Реализм әдістері пайда болмаған кезеңдердің өзінде реалистік принциптердің өмір сүруі соның айғағы. Тіпті модернистік, постмодернистік деген шығарманың өзінен реалистік бейнелеу сипаттарын аңғаруға болады. Керісінше, реалистік бағыттағы шығармаларға реалистік емес бейнелеу ерекшеліктері кірігіп кетуі бек мүмкін. Ондай белгілерді ХХ ғасыр басындағы әдебиетімізден де көруге болады. М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелеріндегі таным бағдары М. Хайдеггердің «адамның жапандағы жалғыздығы, панасыздығы» идеясымен, экзистенциалистік әдебиеттің аса көрнекті өкілі Ж.П. Сартрдың «дүние – бос» қисынымен қойындасып жатыр. «Әдебиет тарихына жаңа көзбен назар аударған уақытта біздің көптеген реалистік туындыларымыздың модернизммен тамырласып жатқанын байқаймыз. Ол М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, тіпті, С. Сейфуллин мен С. Ерубаев шығармаларынан да кең орын алады. 1960 жылдардан бергі «жылымық» дәуірінде мұндай әдеби-танымдық дискурс Р. Тоқтаров, С. Мұратбеков, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, Т. Әбдіков, Ә. Тарази, Қ. Ысқақов, А. Нұрманов, Д. Досжанов, Р. Сейсенбаев, М. Қабанбай т.б. жазушылардың көркемдік тәжірибесінен анық аңғарылады» [7, 8] деген Б. Майтанов пікірі де айтар ойымызды қуаттай түседі.

Жоғарыда айтқандардан шығатын қорытынды: әдіс типологиялық та, нақты-тарихи да құбылыс. Өйткені, типологиялық ерекшеліктер әдістердің бастау көзі, іргетасы болып, өмір шындығын бейнелеудің жалпы принциптері бойынша бірнеше әдістердің басын біріктіре алады және әр түрлі әдеби ағым-бағыттарда қайталана алады. Алайда, бұл реализм әдістеріне көбірек қатысты. Пospelов идеясын жақтаушылар осы мәселені ескермегенге ұқсайды. Неге десек, әдебиет дамуында реализмнен бұрын пайда болған романтизмнің бірнеше үлгілері болғанымен, романтизм дербес әдістер туғызған жоқ. Романтизм бағыты, ағымдары және ілкі романтизм (предромантизм) болғаны факт. Еуропа әдебиетінде көрініс беріп, мықты тенденцияға айналған прогресшіл, төңкерісшіл

т.б. романтизмдер – романтизмнің ішкі ағымдары ғана. Әдіс өзінің нақты-тарихи мағынасында өмір құбылыстарын көркем игерудің жиынтық ұстанымдары ретінде бағыттың құрамына кіріп, оның қалыптастырушысы болады. Реализм терминінің екі түрлі мәнде, яғни, реализм бағыты, реализм әдісі ретінде қолданылатыны сондықтан. Реализм аталған екі түрлі мағынасын да зерттеушілер әрқалай түсіндіріп келеді. Реализмнің түп бастауларын көркемдік дамудың антикалық кезеңдерімен байланыстыратындар да, Қайта өрлеу эстетикасының жемісі деп қарайтындар да бар. Еуропа елдерінің әдебиетінде XIX ғасырдың алғашқы ширегінен кейін реализм бағыт ретінде романтизммен бәсекелесе отырып, басты бейнелеу ұстанымына айналған деген тоқтамға келісер болсақ, оған дейінгі байқалған реалистік бейнелеу белгілерінің көрінісі реализмнің даму сатылары деп қарастырылады. Реализм бағыт ретінде XIX ғасырда пайда болып, тарихи-нақты мәнге ие болды. Реализмнің тарихи мәнге ие болуы жаңа эстетикалық сапаның қажетті болуымен қатар, өз дәуірінің әлеуметтік міндеттерімен де тығыз байланысты.

Осы мәселеге кеңірек тоқталудағы себебіміз де көркемдік әдіс пен әдеби бағыт, ағымдардың ара-салмағын таразылап көру, бұл ұғымдар теориясының кейбір тұстарын сөз ете отырып, олардың айырмашылықтары мен үндестіктерін бажайлау. Бұл турасындағы бірнеше көзқарастарды екшей отырып, негізгі-негізгі деген тұжырымдарды айрықшалауға болады. Сонымен, әдеби бағыттың көркемдік әдістен басты айырмашылығы – бағыт – нақты-тарихи мәнді білдіретін, әрқилы тарихи жағдайларда пайда болатын, алдын-ала дайындалған шығармашылық бағдарламаға негізделетін және мақсатты түрде нақты бір теориялық-эстетикалық ұстаным астына біріккен жазушылар тобы. Бағыттың әдеби топ, әдеби мектеп сияқты ұғымдарға сәйкесетін тұстары болғанымен, бағыттың оларға қарағанда ауқымы анағұрлым кең. Бағыт көбінесе қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-тарихи қажеттіліктер тоғысында туып, ол қажеттіліктер өз актуалдылығын жоғалтқанда бірге жоғалып отыратын қасиетке ие. Дәуірдің жаңа идеялық эстетикалық сұраныстарына сай басқа бағыттар мен ағымдар дүниеге келеді де, үстем бағытты ығыстырып шығармай қоймайды. (Еуропа құрлығында көктеген классицизмді сентиментализмнің алмастырғаны сияқты). Әдеби бағыт ұғымы бірқатар зерттеушілерге әр тараптағы елдердің даму сатыларын, ұлттық ерекшеліктерін ашып көрсетуде маңызды ролдердің бірін атқарды. Сонымен бірге бірнеше елдер әдебиетіндегі ортақ белгілерді көрсетуге септігін типізді. Әдеби бағыттарды халықаралық құбылыс дәрежесіне көтере отырып, оларды ұлттық әдебиеттердің басты сатылары деп қарастыратын және әдебиет тарихын кезеңдерге бөлуді тікелей бағыттарға тәуелдейтін Жирмунский концепциясы толығымен қабылданып кетпесе де әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар. Мұнда да бағытты тарихи дәуірлермен сабақтастыру сипаты танылады.

Ал әдіс болса тарихи алуан жағдайларда пайда болып, әр түрлі ағымдар мен бағыттар туғыза береді. Шығарма авторының өмір құбылыстарын образды игеру арқылы қайта түлету ерекшелігі оның таңдаған әдісіне тікелей қатысты. Бағыт пен ағымда бірнеше жазушылардың көркемдік-идеялық ұстанымдары алдыңғы қатарға шықса, кейбір әдістер жекелеген қаламгерлерге ғана тән болуы да мүмкін. Бұл дегеніміз әдіске тарихи нақтылықпен қатар, типологиялық та мағына үстейді. Өйткені әдіс категориясы – әрекеттік категория. Қандай да болмасын әрекеттің өзіне тән әдісі болады. Мысалы, адамның танымдық әдістері, практикалық әдістері, ғылыми жобалау әдістері, практикалық әдістері т.с.с. «Көркемдік әдіс пен әдеби бағыттар әдебиеттің түрлі жақтары мен түрлі аспектілеріне жататын категориялар. Әдеби бағыт әдебиеттің түгел ерекшелігін қамтитын әдеби процестің қозғалыс формасы болғандықтан әдеби дамуға жатады, ал әдіс – шығармашылық процестің құбылысы. Ол көркем шығарманың ішкі әлемін қалыптастыру мен өмір шындығын образды бейнелеудегі әрекеттер жүйесінде өмір сүреді» [8, 47] деген тұжырым жасайды Курилов.

Нәтижелер. Тарихи кезеңдер мен дәуірлердегі көркемдік құбылыстардың ортақ сипаты мен қаламгерлердің салыстырмалы түрдегі идеялық-эстетикалық бірлігінен келіп шығатын әдеби бағыттар мен ағымдардың көркемдік әдістен айырмашылығын,

субодинациялық ара-қатынасын әркім әрқилы түсіндіріп келе жатыр. Бұл орайдағы тәжірибелерге қарап отырсақ, бір ғалымдар бағытты тектік сипаты бар ауқымды категория деп қарастырады да ағымдар олардың түрлері деп айқындайды. Енді бір ғалымдар тектік қасиетке ағымдар ие екенін дәлелдей отырып, ағымдар тарихын бағыттардан бұрын қарастырады. Бағыттардың бір-бірінен айырмашылығы оларға тән көркемдік әдістерінде, яғни бағыт діңгегі болатын әдіс көркем мазмұнның бірнеше жазушыларға ортақ типін жасақтайды. «Тұтас қадамгерлер шоғырының бір бағытты құрауы олардың адам өмірінің жоғарғы, негізгі мәнін немесе оның қайғы-қасіретін қайдан, қалай көретініне байланысты», - деп есептейтін Ф.И. Волков: «Бұл тұрғыдан келгенде бағыттың негізгі көрсеткіші – идеялық-эмоционалдық бағыттылығында, яғни көркем шығарманың пофосында» [9, 126] – дегенді алға тартады. Тіпті А.Н. Соколов «тұтас романтизмнің өзін тарихи нақты құбылыс ретінде «бағыт» деген терминмен айғақтауды» ұсынғаны белгілі [4]. Оны М. Каган да жақтап романтизмнің бір-бірімен кереғар түсіп жататын түрлерін «ағым» терминімен белгілейді.

Қарастырылып отырған категорияларға қатысты түрлі-түрлі пікірлерді шексіз келтіре беруге болады. Енді сол концепциялардың қайсына іш тартатынымызды, бүгінгі таңдағы әдеби-теориялық таным тұрғысынан біздіңше қайсы дұрыс деп танитынымызға келейік. Қалай десек те бұл жерде біз Г.Н. Пospelовтың «әдеби бағыт» ұғымына берген терминологиялық анықтамасын қолдайтынымызды білдіреміз. Өйткені аталмыш ұғымның ерекшеліктері мен элементтерін түгендеген сайын пікір қайшылықтары көбейіп, адасушылықтар тереңдей беретініне көзіміз жетіп отыр. Олай етпейінше бағытты әдіспен, стильмен, ағыммен, поэтиканың басқа да ортақ құбылыстарымен шатастыру жалғаса бермек. Кейінгі кезеңдегі алыс және жақын шет елдерде жарық көріп жатқан теориялық еңбектерде «әдеби бағыт» деп аталатын категорияны мансұқтау байқалады. Бұл ұғымның болшағы аса «жарқын» болмай, келешекте ғылыми айналымнан шығып қалуы мүмкін екенін айтып жүрген ғалымдар бар. Олардың сөздерінің де тым негізсіз деп кесіп тастауға болмайтын сыңайлы. Неге дейтін болсақ, біз әр елдегі әдебиеттер даму үрдісінен ХХ ғасырдың орта шенінен бері нақты бір бағдарлама, я болмаса әдеби манифест астына саналы түрде бірігіп, белгілі ережелерге қатаң бағынған, алдарына ортақ проблема қойып, соны біріге шешуге ұмтылған қаламгерлер шоғырын көре кою қиын. Пospelовтың теориясы осы ұғымнан бас тартпай, әдебиеттанудың ғылыми аппаратында сақтап қалу үшін де керек. Біз жоғарыда айтып кеткендей, бұл теория бойынша «әдеби бағыт – ауқымды шығармашылық мақсатқа сай жасалған нақты бір әдеби-теориялық ортақ бағдарламаны ұстанған жазушылар қатары және де бұл нақты тарихи құбылыс». Мысалы, ғалымның тұжырымдамасына сәйкес, ең алғашқы әдеби бағыт – классицизмді дүниеге келтірушілер Малерб, Корнель, Расин, Буало, Шаплен тағы басқалары өз шығармашылықтарының заңдылықтарын белгілейтін ережелер табуға, айқын бағдарлама қалыптастыруға ұмтылды. Ақырында Ж. Шапленнің «үш бірлік», П. Домьенің «нақты ережелерді ұстану» идеялары Н. Буалонның «Поэтикалық өнер» (1674) трактатына ұласып, аяқталған бағдарлама жасалды. Бағдарламадағы ережелерге сай классицистер антикалак өнерді үлгі ретінде ұсынып, асқақ азаматтық идеяларды насихаттап, рационалистік ойлауды бірінші қатарға қойды. Классицизм тудырған көркем шығармалардың образдары да бағдарламадағы ережелерге сай мүсінделіп отырды. Бағдарлама талаптары классицизм туындыларының жанрлық жүйесіне де әсер етті де «жоғарғы жанрлар» (трагедия, эпопея, ода), және «төменгі жанрлар» (комедия, сатира, мысал) сынды ұғымдар пайда болды.

ХХ ғасырдың 20-жылдарында Батыс мәдениеті мен өнерінде бағыт ретінде пайда болған экспрессионизмнің де теориялық тұғырнамасы «Штурм» және «Акцион» журналдарында негізделді. Экспрессионизм терминін «Штурм» журналының шығарушысы Х. Вальденом 1911 жылы ұсынды да, бұл журналдар экспрессинистердің негізгі мінбері болды. Экспрессионистердің алдына қойған мақсаттары дүниетанымдық терең өзгерістерге сай дәстүрлік негіздерден бас тартып, бейнелеу тілін түбегейлі өзгертуге бағытталды. Сонысымен олар авангард деп аталатын ауқымды көркемдік қозғалысқа енді.

Ал енді бірде бағыт, бірде ағым, бірде жалпылама мәдени құбылыс деп атап жүрген символизмге келер болсақ, оның арнайы жасалған теориялық тұғырнамасының бар екеніне қарап бағыт ретінде қабылдауымызға болады. Поэтикалық тілді жаңарту идеясын көтеріп шығып, ең алғаш Францияда пайда болған символизм ұстанымдарына арналып, атақты «Фигаро» басылымында 1886 жылы Ж. Мореастың «Әдеби манифест. Символизм» атты еңбегі жарық көрді. Сол сияқты бастауында Э. Золя тұрған натурализмді де осы тұрғыдан алып қарау дұрысырақ көрінеді.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің даму ерекшелігіне үңілсек, ондағы екі бағытты айрықшалап айтуға болады. Бірі – бұқарашылдық бағыт, екіншісі – тапшылдық-төңкерісшілдік бағыт. Бұларды бағыт деп айқындауымыздағы басты критерий – екеуінің де бағдарламалық сипаты бар. Бұқарашылдық бағыттың негізінде қазақ зиялылары 1925 жылы жария еткен «Алқа» ұйымның жарғысы жатыр. «Бұқарашылдар» деген атауды алғаш кім қолданғанын анықтау мүмкін емес. «Ұлтшыл» атанғандар мен «жолбикелер» өздерін бұқарашыл ақын-жазушылармыз деп санаған. Бұл атау 20-жылдардың орта шенінде болған көркем әдебиет туралы айтыста теориялық мәнге ие болып, сын мен әдеби-теориялық ой-пікірде берік орын тапты. Біздің ойымызша, бұл атаудың пайда болуы «Алқа» ұйымын құру идеясына тығыз байланысты» [10, 167] дегенді зерттеуші Ж. Смағұлов та айтқан болатын.

«Алқалықтардың» көздегені - әдебиетті үгіт пен насихат құралына айналдыруға, әдебиетке дендей еніп бара жатқан ташылдық синдромына қарсы тұру. Көркем әдебиетті классикалық дәстүр аясында дамыта отырып, ұлттық сөз өнерінің өзіндік сыр-сипатын сақтап қалу. Әдебиеттің көркемдік-эстетикалық бағдары «бір езу» болмай, өнердің әу бастағы миссиясына сәйкес әр тараптағы ізденістеріне тосқауыл болмау. Тапшылдық-төңкерісшілдік тенденцияның бағыт ретінде күш алуы РКБ(б) Орталық Комитетінің 1925 жылғы 18 маусымдағы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысынан кейін біржола кеңестік идеологияны насихаттауға көшкен ҚазАППтың (Қазақстанның пролетар жазушылар ассоциациясы) құрылуымен тығыз байланысты. Әдебиетті шынайы көркемдік әлемінен аулақтатып әкетіп, оны саясаттың үгіт-ұранына айналдырушылықтың қандай салдары болғанына көзіміз бүгін жетіп отыр, яғни таптық көзқарас әдебиеттің эстетикалық нысанасы туралы жалпы-халықтық түсінікті адастырып жіберді.

Бұл әдеби бағыттардың өзіне тән көркемдік әдістері де болды. Көркем шығарманы талдауда идеядағы автор құпиясын ашудың соны методологиялық ұстанымдарын арнайы назарға ала отырып, әдебиеттану ғылымының негізінде шығарманы қазақи, заманауи таным тұрғысынан терең талдау мәселелерін қарастыру әрине қажеттілік туғызып отыр [11, 197]. Бұқарашылдық бағыттағы қаламгерлер шығармаларында сыншы реализмге, романтизмге іш тартса, тапшылдық-төңкерісшілдік бағыт натуралистік бейнелеу ұстанымынан бірте-бірте социалистік реализмге ауысып алды. Келтірілген мысалдар арқылы біз көркемдік әдіс пен әдеби бағыттың қарым-қатынастық жүйесі мен айырмашылықтары біршама айқындалды деп ойлаймыз. Әрине, бұл мәселеге келгенде біздікі соңғы пікір емес.

Ал әдеби ағымдар мен әдіс арасындағы байланысқа келетін болсақ, бір әдістің, әдеби бағыттың аясында біріккен қаламгерлер түрлі ағымдарды қалыптастыра алады. Мағжан шығармашылығының мысалында қазақ әдебиетіндегі романтизм әдісін ғылыми тұрғыда қарастырған Е.Тілешев романтизмнің бірнеше ағымдарын (дәлірек айтсақ бесеу) табады. Олар: ілгерінді романтизм, әлеуметтік-консервативті, элегиялық-философиялық, діни-өсиетшіл, индивидуалдық романтизмдер [12].

Н.А. Гуляевтің «Реализмге қарағанда романтикалық өнер белгілі бір өмір сфераларын бейнелеуде анағұрлым көркемдік эффект бере алады. Бұлай болмаған жағдайда романтизм өзін-өзі ақтамаған әрі қажетсіз болып шығар еді» деген пікірі де қуаттайды [13, 230]. Реализм әдісі романтизммен қоян-қолтық және қантаса дамыған әдіс болды. Суреткерлер ағымға негізінен әлеуметтік-идеологиялық ұстанымдардың ұқсастығы арқылы бірігеді.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, әдеби ағымдар мен бағыттардың тарихи-мәдени контексте қалыптасып, дамуы көркемдік әдістің табиғаты мен қызметін терең түсінуді талап етеді. Зерттеу барысында көркемдік әдіс пен әдеби ағымдардың, бағыттардың өзара байланысы мен айырмашылықтары анықталды. Көркемдік әдіс – дүниетанымдық және эстетикалық принциптердің жиынтығы ретінде, қаламгердің өмір шындығын бейнелеу тәсілін белгілейтін типологиялық құбылыс. Ал әдеби ағымдар мен бағыттар тарихи-нақты сипатта көрінеді және белгілі бір дәуірдің рухани-мәдени талаптарына сай туындайды.

5. Lapteva O.I. Refleksivnoe myshlenie kak osnova razvitija professional'nogo razvitija pedagogov v dopolnitel'nom obrazovanii: avtoref. kand.psih.nauk. – Tambov, 2003. – 24 s.
6. Sizikova T.Je. Meta-model' refleksii v ramkah meta-ontologii // Sibirskij psihologicheskij zhurnal, 2018. – №68. – С. 6-31.
7. Podojnicina A. Psihologi-obrazovatel'noe soprovozhdenie aktualizacii i razvitija refleksivnyh sposobnostej molodyh ljudej, obuchajushhihsja v vuze // Sibirskij psihologicheskij zhurnal, 2017. – №63. – С. 75-83.

8. Karpova A.V., Ponomareva V.V. Metodika diagnostiki urovnja razvitiya refleksivnosti. URL: <https://psycabi.net/testy/517-test-refleksii-metodika-diagnostiki-urovnja-razvitiya-refleksivnosti-oprosnik-karpova-a-v>.
9. Shadrikov V.D., Kurginjan S.S. Refleksija sub#ekta v strukture dejatel'nsoti // *Sovremennye issledovaniya intellekta i tvorchestva*. – M.: Institut psihologii RAN, 2015. – S. 280-300.
10. Gabdrahmanova R.G., Husainova R.M., Chirkina S.E. Refleksivnaja dejatel'nost' studenta v sisteme psihologo-pedagogicheskogo obrazovanija kak pokazatel' ego gotovnosti k professional'noj dejatel'nosti // *Obrazovanie i samorazvitije*, 2015. – №2. – S. 55-61.
11. Sharov A.S. O-granichennyj chelovek: znachimost', aktivnost', refleksija: monografija. – Omsk: OmGPU, 2000. – 359 s.
12. Bailey K.M. Practical research for education: Reflective practice in action. – London: Routledge, 2015. – P.12.
13. Fukuda A. & Chujo K. Reflective practice in foreign language teacher education: What is it and how can it be implemented? // *System*, 2019. – 15 p.
14. Wei W. Reflection and intercultural communication in Chinese foreign language education // *Journal of multilingual and multicultural development*, 2020. – 23 p.
15. Karasik V.I. Jazykovoju krgu: lichnost', koncepty, diskurs. – Volgograd: Peremena, 2002. – 477 c.
16. Vlasova Ju.A., Mihal'chuk A.A. Psihologicheskaja atmosfera v gruppe kak uslovie aktualizacii refleksivnoj dejatel'nosti // *Sibirskij psihologicheskij zhurnal*, 2017. – №65. – S. 125-135.
17. Isenova F.K. Refleksija kak sposob formirovanija pis'mennoj kompetencii v obuchenii russkomu jazyku // *Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj onlajn-konferencii "Filologicheskie nauki v kontekste innovacionnyh issledovanij"*. – Baku: Mutarsym, 2020. – S. 264-266.
18. Talapuly A. Pochemu Kazahstanu rano radovat'sja neplohim rezul'tatam testirovanija PISA // *Karavan*. – 2024. URL: <https://www.caravan.kz/news/pochemu-kazahstanu-rano-radovatsya-neplohim-rezultatam-v-testirovanii-pisa-979100/>.

Авторлар туралы мәлімет:

Исенова Фатима Куанышевна – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті м.а., Астана, Қазақстан.

Исенова Фатима Куанышевна – кандидат филологических наук, и.о. доцента Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан.

Issenova Fatima Kuanyshevna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Каудырова Айман Оразғалиевна – филология ғылымдарының кандидаты, К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Каудырова Айман Оразғалиевна – кандидат филологических наук, профессор Казахского национального университета искусств имени К. Байсеитовой, Астана, Казахстан.

Kaudyrova Aiman Orazgaliyevna – Candidate of Philological Sciences, Professor of the K. Baiseitova Kazakh National University of Arts, Astana, Kazakhstan.

Дүкембай Гүлжаннат Назымбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Дүкембай Гүлжаннат Назымбекқызы – кандидат филологических наук, доцент Казахского национального университета искусств имени К. Байсеитовой, Астана, Казахстан.

Dukembay Gulzhannat Nazymbekkyzy – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of the K. Baiseitova Kazakh National University of Arts, Astana, Kazakhstan.

*М.Н. ЖУМАДИЛОВА¹ 

Р.А. БЕРКЕНОВА² 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті¹
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті²
(e-mail: m.zhumadilova@mail.ru¹, agabekkyzy_rabiga@mail.ru²)

ӨЗГЕ ТІЛДІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАЗУ DAҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЛИНВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада өзге тілді студенттердің қазақ тілінде жазу дағдысын дамытуда қолданылатын тиімді әдістер мен оқыту тәжірибесі жан-жақты қарастырылады. Қазақ тілін үйретуде жазу дағдысы студенттердің тілдік қабілетін жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Мақалада жазу дағдысын қалыптастырудың теориялық негіздері, әдістері, сондай-ақ заманауи оқыту технологияларының рөлі талданады. Зерттеу барысында жазу дағдысын дамытуда қолданылатын тиімді әдістердің ғылыми-теориялық негіздері анықталып, тәжірибелік қолданысы көрсетіледі. Авторлар шетелдік және қазақстандық зерттеулерді талдай отырып, заманауи оқыту технологияларының қазақ тілінде жазу дағдысын қалыптастырудағы маңызын дәлелдейді. Мақалада интерактивті оқыту әдістері, веб-квест, әлеуметтік желілерді пайдалану және жобалау технологиясының тиімділігі мысалдармен көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстармен толықтырылған.

Мақалада жазу дағдысын оқыту әдістері ғылыми тұрғыдан негізделіп, олардың тиімділігі талданады. Жазу дағдысы тіл үйренушінің ойларын жүйелі түрде жеткізу, тілдік құрылымдарды дұрыс пайдалану және логикалық байланыс орнату қабілеттерін қамтиды. Мақалада коммуникативтік, когнитивтік, конструктивтік және процессуалдық әдістердің тиімділігі мен оларды қолдану тәжірибесі мысалдармен дәйектеледі. Сонымен қатар, жазу дағдысын дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі қарастырылады.

Мақалада қазақ тілін өзге тілді студенттерге үйретуде заманауи оқыту технологияларын қолдану мәселесі ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан талданады. Жазу дағдысын дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интерактивті оқыту әдістері, онлайн платформалар, және цифрлық құралдардың тиімділігі қарастырылады. Тәжірибелік мысалдар арқылы осы технологиялардың студенттердің жазу қабілеттерін жетілдіруге әсері көрсетіледі.

Мақалада студенттердің қазақ тілінде жазып үйрену дағдыларын қалыптастыру тәжірибесі талданып, нәтижелері ғылыми тұрғыдан сараланады. Оқыту үдерісінде қолданылған әдістер, жаттығу түрлері және тапсырма үлгілері көрсетіледі. Сонымен қатар, қазақ тілінде жазу дағдысын дамытуда кездесетін қиындықтар және оларды шешу жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, жазу дағдысы, өзге тілді студенттер, оқыту әдістері, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интерактивті оқыту

Кіріспе. Қазақ тілін өзге тілді студенттерге үйрету бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, жазу дағдысын меңгерту барысында студенттердің тілдік тосқауылдарын жеңу, сөздік қорын байыту, ойларын жүйелі түрде жеткізе білу қабілетін дамыту қажет. Осы орайда, жазу дағдысын қалыптастырудың тиімді әдістері мен тәжірибесін зерттеу өзекті болып отыр.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, әрі елдің қоғамдық-саяси, мәдени және экономикалық өмірінде маңызды орын алатын байланыс құралы. Елдің білім беру жүйесінде қазақ тілін үйрету өзекті мәселе. Атап айтсақ, өзге тілді студенттерге жазу дағдыларын дамыту маңызды рөл атқарады. Өйткені жазу дағдысы – ойды нақты әрі жүйелі жеткізудің, ақпаратты сауатты түрде рәсімдеудің, тілдік нормаларды меңгерудің негізгі көрсеткіші. Сондықтан өзге тілді студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын қалыптастыру ғылыми-зерттеу тұрғысынан маңызды әрі тәжірибелік мәнге ие.

Өзге тілді студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын дамыту ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан бірнеше аспектілерді қамтиды:

1. **Лингвистикалық негіздеме:** Жазу дағдысын дамыту үшін қазақ тілінің морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және стилистикалық ерекшеліктерін меңгеру қажет. Бұл өзге тілді студенттердің тілдік құрылымдарды дұрыс пайдалануына және мазмұнды сауатты құрастыруына ықпал етеді.

2. **Психолингвистикалық аспект:** Жазу процесі ойлау, есте сақтау, қиялдау және тілдік шығармашылықты қажет ететін күрделі когнитивті әрекет болғандықтан, студенттердің психологиялық ерекшеліктерін ескеру маңызды.

3. **Әдістемелік негіздеме:** Жазу дағдысын дамыту үшін тиімді оқыту әдістерін (жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, эссе жазу, пікірталасқа қатысу) қолдану қажет. Бұл әдістер студенттердің белсенділігін арттырып, өз ойын жүйелі түрде жазбаша жеткізуге дағдыландырады.

Сонымен қатар, жазу дағдыларын дамыту аспектілері қатарына **лексика-грамматикалық, коммуникативтік, шығармашылық, мәдени-әлеуметтік** аспектілерін жатқызамыз. **Лексика-грамматикалық аспект** сөздік қорды кеңейту, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану, пунктуация ережелерін меңгеруде қолданылса, **коммуникативтік аспект** жазбаша мәтіндер арқылы ойды анық, түсінікті, логикалық жеткізу үшін қажет. **Шығармашылық аспект** студенттердің қиялын дамытып, өз ойларын еркін әрі креативті түрде жеткізе білуге әсер етеді. Ал **мәдени-әлеуметтік аспект** қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін ескере отырып, тілдік бірліктерді орынды қолдану, мәтіннің ұлттық-мәдени реңкін сақтай білуге жұмсалады.

Студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын дамыту **коммуникативтік құзыреттілікті** арттырады, яғни ойды жүйелі әрі сауатты жеткізу қабілетін қалыптастырады. **Тұлғалық дамуға** да ықпал етеді, өйткені жазу барысында студенттің сыни ойлау қабілеті, шығармашылық әлеуеті дамиды. **Мәдени интеграцияны** қамтамасыз етеді, себебі тіл үйрену арқылы студенттер қазақ халқының мәдениеті мен құндылықтарын тереңірек түсінеді. **Кәсіби құзыреттілікті** арттырады, әсіресе болашақ мамандықтарына байланысты ресми құжаттарды, ғылыми мақалаларды, іскерлік хаттарды сауатты жазуға мүмкіндік береді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Қазақ тілінде жазу дағдыларын дамыту тек тілдік білім берумен шектелмей, студенттің тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал ететін көпқырлы үрдіс. Психолингвистикалық зерттеулерге сүйенсек, жазу процесі адамның когнитивті белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін оятады [1, 22]. Сонымен қатар, жазбаша сөйлеу – тұлғааралық және мәдениаралық коммуникацияның маңызды құралы. Сондықтан өзге тілді студенттердің жазу дағдыларын дамыту олардың тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, қоғамда белсенді, мәдени тұрғыдан сауатты жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, өзге тілді студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын дамыту қазіргі замандағы білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Мақалада бұл мәселені кешенді қарастырып, ғылыми және әдістемелік тұрғыдан негіздеу көзделеді.

Өзге тілді студенттердің жазу дағдысын қалыптастырудың лингводидактикалық әдістеме негіздері тақырыбы қазіргі қазақ тілі мен тіл үйрету әдістемесі саласында кеңінен зерттеліп келе жатқан маңызды бағыттардың бірі. Бұл бағытта зерттеу жүргізген бірқатар отандық және шетелдік ғалымдарды атап өтуге болады. З.К. Жұбанованың қазақ тілін

шет тілі ретінде оқыту әдістемесі бойынша жазылым, оқылым, тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастыру жолдарын қарастырса, Ш.Ш. Абиляхирова қазақ тілін үйретуде лингводидактикалық негіздерге ерекше назар аударып, жазу дағдысын қалыптастырудағы кезеңдер мен жаттығу түрлерін ұсынды. Б.Ғ. Құлмағамбетова қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы әдістемелік ерекшеліктерді қарастырып, жазылым әрекетін дамытуға қатысты зерттеу жүргізді. А.С. Салғараева қазақ тілін үйренушілердің жазылым дағдыларын дамытудың жолдарын зерттеген. Шетелдік және жалпы лингводидактика бойынша Н.Д. Гальскова, И.А. Зимняя сынды тіл зерттеушілері шет тілдерін оқыту теориясы мен әдістемесі, әсіресе жазылым дағдысын қалыптастыруда коммуникативтік бағытты қолдану туралы және шет тілін оқытудағы психолингвистикалық аспектілерге жайында ғылыми еңбектер жазды. М. Хоршид, Л. Бахман, Дж.Б. Керрол екінші тілді меңгерудегі жазылым әрекетінің бағалау және қалыптастыру аспектілерін зерттеген. Ғалымдар тілді ұлт болашағы жастардың мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқытуды ұсынады [2, 20].

Жазу дағдысы – тілдік қарым-қатынастың маңызды бөлігі. Ол ойды логикалық және жүйелі түрде жеткізу, грамматикалық құрылымдарды дұрыс пайдалану, сөздердің орнын дұрыс орналастыру қабілеттерінен құралады. Қазақ тілінде жазу дағдысын дамытуда келесі теориялық ұстанымдар негізге алынады:

- **Коммуникативтік әдіс** – студенттердің жазу арқылы ойларын еркін жеткізуге, өз пікірлерін білдіруге үйрету.
- **Когнитивтік әдіс** – ақпаратты қабылдау, өңдеу және жазбаша түрде беру қабілетін дамыту.
- **Тілдік интерференцияны болдырмау** – студенттің ана тілінің грамматикалық құрылымдарын қазақ тіліне көшіріп қолдануын алдын алу.

Талқылау мен бақылау. Коммуникативтік әдіс тіл үйренушінің тілдік қатынасқа түсу қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл әдіс студенттің жазу арқылы ойларын еркін жеткізуге, өз пікірін жазбаша түрде білдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тілін үйреніп жүрген студенттерге «Менің демалысым» тақырыбында эссе жазу тапсырмасы берілді. Олар өз ойларын еркін түрде, сөйлемдерді байланыстырылып жазуға тырысты. Бұл тапсырмада студенттер өз тәжірибелерін сипаттап, сол арқылы жазу дағдысын дамытты. Эссе жазу барысында студенттер бір-бірінің жұмыстарын оқып, пікір білдіру арқылы жазу мәдениетін меңгерді. Осылайша, жазу тек қана грамматикалық құрылымдарды қолдану ғана емес, сонымен қатар ойды анық әрі логикалық жеткізу екенін түсінді.

Когнитивтік әдіс ақпаратты қабылдау, өңдеу және жазбаша түрде беру қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл әдіс бойынша студенттер ақпаратты жинақтап, талдап, оны өз сөзімен түсіндіріп жазады. Мысалы, Студенттерге «Энергияны үнемдеу жолдары» тақырыбында мәтін берілді. Олар мәтінді оқып, негізгі идеяларын шығарып, өз ойларын қосып, шағын мақала жазды. Мәтінмен жұмыс істеу кезінде студенттер ойларын жинақтап, ақпаратты талдап, оны жазбаша түрде жүйелеуге үйренді. Бұл олардың аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытты.

Конструктивтік әдіс студенттердің дайын мәтіндерден үйреніп, солардың негізінде өз мәтіндерін құрастыруына бағытталған. Бұл әдіс жазу дағдысын қалыптастыруда тиімді, себебі студенттер дайын үлгілерді көріп, олардан жазу стилін, құрылымын үйренеді. Мысалы, «Ресми хат жазу» тақырыбында студенттерге дайын хат үлгілері берілді. Олар осы үлгілерді талдап, құрылымын түсініп, содан кейін өздері ұқсас хат жазды. Сол арқылы студенттер дайын мәтіндерді үлгі ретінде пайдаланып, өз ойларын жүйелеп, сол стильде жазуға дағдыланды. Бұл әдіс әсіресе ресми және академиялық жазу дағдыларын дамытуда тиімді болды.

Жазу процесін кезеңдерге бөлу әдісі. Бұл әдіс бойынша жазу процесі бірнеше кезеңдерге бөлініп оқытылады: жоспарлау, алғашқы нұсқаны жазу, редакциялау, және соңғы нұсқаны дайындау. Әр кезеңде студенттер өз ойларын дамытып, мәтінді жақсартуға бағытталған тапсырмаларды орындайды. Мысал ретінде, «Қазақстандағы экотуризмнің

дамуы» тақырыбында мақала жазу барысында студенттер алдымен жоспар құрды, содан кейін алғашқы нұсқасын жазып, оны өзара тексеріп, пікір алмасты. Соңында, олар қателерін түзеп, мақаланы қайта жазып шықты. Жазу процесін кезеңдерге бөлу студенттерге мәтінді жүйелі түрде құрастыруды, ойларын жинақтап жазуды үйретті. Олар редакциялау арқылы қателерін көріп, оларды түзетіп, соңғы нұсқаны жақсартты.

Тілдік интерференцияны болдырмау. Тілдік интерференция – студенттің ана тілінің грамматикалық құрылымдарын екінші тілге (қазақ тіліне) көшіруі. Бұл қателіктерді болдырмау үшін салыстырмалы талдау, қателерді түзету және грамматикалық құрылымдарды нақты түсіндіру әдістері қолданылады. Мысалы, орыс тілді студенттер жиі «Мен бардым магазин» деп жазады (орыс тіліндегі «Я пошел в магазин» құрылымына ұқсатып). Бұл жерде сөздердің орын тәртібін қазақ тілінің ережелеріне сәйкес қою қажеттілігі түсіндірілді. Нәтижесінде, мұғалім орыс және қазақ тілдерінің грамматикалық құрылымдарын салыстыра отырып, студенттерге дұрыс сөз тәртібін түсіндірді. Сонымен қатар, қателерді талдау және дұрыс жазу үлгілерін көрсету арқылы тілдік интерференцияны болдырмауға қол жеткізілді.

Жазу дағдысын қалыптастырудың теориялық негіздері коммуникативтік, когнитивтік, конструктивтік әдістерге, жазу процесін кезеңдерге бөлуге және тілдік интерференцияны болдырмауға негізделеді. Бұл әдістерді тәжірибеде тиімді қолдану арқылы студенттер қазақ тілінде еркін жазып, өз ойларын жүйелі жеткізуге үйренеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, теориялық негіздерді ескере отырып ұйымдастырылған оқыту жазу дағдысын жетілдіруде оң нәтиже береді.

Қазақ тілін өзге тілді аудиторияға оқытуда жазу дағдысын қалыптастыру маңызды орын алады. Жазу – тілдік қатынастың күрделі формасы, ол ойды логикалық және жүйелі түрде жеткізу, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану, мәтіннің мазмұнын түсінікті және толық беру қабілеттерін дамытады. Сондықтан жазу дағдысын оқыту әдістерін ғылыми негіздеу мен оларды тәжірибеде қолдану тілді тиімді меңгерудің басты шарттарының бірі болып табылады.

Жазу процесін кезеңдерге бөліп оқыту тәжірибесі де нәтижелі болып табылады:

1. **Жоспарлау.** Мәтіннің мазмұнын ойластыру, құрылымын жоспарлау.
2. **Алғашқы нұсқаны жазу.** Ойды жүйелеп жазу.
3. **Редакциялау.** Қателерді түзету, мәтінді жақсарту.
4. **Соңғы нұсқаны жазу.** Толық және нақты мәтінді аяқтау.

5. **Мысал.** «Цифрлық технологиялардың қоғамға әсері» тақырыбында мақала жазу кезінде студенттер алдымен жоспар құрды, содан кейін алғашқы нұсқаны жазып, редакциялау арқылы қателерін түзетіп, соңғы нұсқасын дайындады.

6. **Тұжырым.** Процессуалдық әдіс жазу дағдысын жүйелі дамытуға, мәтінді құрылымдауға және жазу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өзге тілді студенттердің жазу дағдыларын дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану өте маңызды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру саласында оқыту әдістерін жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. АКТ-ның енгізілуі білім сапасын жақсартуға, оқушылар мен мұғалімдердің білім беру процесіне қатысу деңгейін арттыруға, сондай-ақ оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жазу дағдысын оқытуда коммуникативтік, когнитивтік, конструктивтік және процессуалдық әдістерді қолдану тиімді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар студенттердің жазу дағдысын заманауи талаптарға сай дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері бұл әдістердің тілдік тосқауылды жеңуге, ойды жүйелі жеткізуге, шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жазу дағдысын дамытуда маңызды рөл атқарады:

• **Онлайн платформада жазу:** Google Docs, Padlet, LearningApps сияқты платформаларды қолданып, топтық жұмыстарды ұйымдастыру, кері байланыс беру.

- **Әлеуметтік желілерді пайдалану:** Facebook, Instagram, Telegram топтарында жазбаша талқылау жүргізу.

- **Мобильді қосымшалар:** Тілді үйренуге арналған қосымшаларды пайдаланып, студенттерге жазу тапсырмаларын беру.

Қазіргі заманда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласына да өз ықпалын тигізуде. Студенттердің қазақ тілінде жазып үйрену дағдыларын дамытуда заманауи оқыту технологияларын қолдану білім беру процесін жандандырып, тиімділігін арттырады. Жазу дағдысы тілдік құрылымдарды дұрыс пайдалану, ойды логикалық жеткізу, мәтіннің мазмұнын толық және түсінікті беру сияқты күрделі қабілеттерді қамтиды. Сондықтан осы дағдыларды дамытудың заманауи тәсілдерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Онлайн платформалар (Google Docs, Padlet, Microsoft Teams) бірлескен жұмыс істеуге, пікір алмасуға және мәтіндерді бірге редакциялауға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, онлайн платформалар ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын дамытып, студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттырады [3, 227]. **Мысалы,** Google Docs арқылы топтық эссе жазу тапсырмасы берілді. Студенттер әр бөлімді бірлесіп жазып, пікірлерін бөлісті, қателерін түзетті. Бұл тәсіл студенттерді бірлесіп жұмыс істеуге, пікір алмасуға және жазу стилін жақсартуға үйретті. Онлайн платформалар студенттердің жазу дағдысын дамытуда тиімді, себебі олар пікір алмасу мен редакциялау процесін жеңілдетеді.

Әлеуметтік желілер (Facebook, Telegram, Instagram) арқылы жазу дағдысын дамытуда пікір алмасу, топтық талқылау, сауалнамалар ұйымдастыру әдістері қолданылады. Әлеуметтік желілерде жазу үдерісі бейресми жағдайда өтетіндіктен, студенттердің ойларын еркін жеткізу қабілеті дамиды [4, 70]. Зерттеу барысында Telegram арнасында «Қазақстандағы заманауи технологиялар» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Студенттер өз ойларын пост ретінде жазып, пікірлер қалдырды. Талқылау барысында студенттер аргументтер келтіріп, логикалық тұжырымдар жасады. Бұл олардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытты. Әлеуметтік желілерде пікір алмасу студенттердің еркін жазу қабілетін дамытып, тілдік кедергілерді жояды.

Әлеуметтік желілер қазіргі уақытта жастардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Facebook, Telegram, Instagram сияқты платформалар студенттердің қазақ тілінде жазу дағдысын дамытуға қолайлы мүмкіндік береді. Оқытушы бұл ресурстарды дұрыс пайдаланып, оқыту әдістерін заманауи талаптарға сай ұйымдастырса, жазу дағдысын дамытудың тиімді құралына айналдыра алады.

Жазу дағдысын үйренгісі келетін студенттерге бірқатар пікір алмасу және топтық талқылау жаттығуларын ұсынамыз:

Instagram Stories арқылы сауалнама құру

Мақсаты: Шығармашылықпен ойлап, сауалнамаларды тартымды және қызықты етіп жазуға үйрету.

Әдісі: Instagram Stories-те сауалнама немесе сұрақтар орналастыру.

Тапсырма үлгілері:

1. **Сауалнама жазу.** «Уақытты тиімді пайдалану жолдары» тақырыбында екі нұсқалы сауалнама жасау.

2. **Жауаптарды талдау.** Пайдаланушылардың жауаптарын талдап, қорытынды жазу.

3. **Талқылау.** Stories нәтижесін топта талқылап, ұсыныстар жазу.

Мысалы:

Сұрақ: «Сіз уақытыңызды қалай жоспарлайсыз?»

1. А) Күнгізбе қолданамын

2. В) Ешқандай жоспарсыз»

Қорытынды: «Көпшілік күнгізбе қолдануды тиімді деп санайды, өйткені ол уақытты үнемдеуге көмектеседі.»

Талдау: Instagram Stories арқылы сауалнама жазу студенттерді қысқа, нақты және креативті жазуға, аудиторияның қызығушылығын оятуға машықтандырады.

Telegram чатында топтық талқылау (шығармашылық жазу және топтық талқылау тапсырмалары).

Мақсаты: Топта бірлесіп жазу, өз пікірін дәлелдеу және басқалардың көзқарасын тыңдап, талдау жасауға үйрету.

Әдісі: Telegram чатында белгілі бір тақырыпта топтық талқылау ұйымдастыру.

Тапсырма үлгілері:

1. **Тақырып таңдау.** «Қазақ тілін үйренудің заманауи әдістері» тақырыбында талқылау.

2. **Пікір алмасу.** Әр студент өз ойын жазады және басқалардың пікіріне жауап береді.

3. **Қорытынды жазу.** Топта талқыланған пікірлерді жинақтап, ортақ қорытынды жасау.

Мысалы:

Студент А: «Мультимедиялық қосымшалар қазақ тілін үйренуге көмектеседі.»

Студент В: «Мен келісемін, әсіресе ойын арқылы оқыту тиімді.»

Студент С: «Менің ойымша, қазақша подкасттар тыңдауды да енгізу қажет.»

Интерактивті оқыту әдістері. Веб-квест әдісі — студенттердің интернет арқылы ақпарат іздеп, оны талдап, жазбаша жұмыс дайындауына бағытталған тапсырма түрі. Веб-квест әдісі зерттеу дағдыларын, ақпаратты саралау қабілетін дамытады [5, 10]. **Мысалы,** «Жасыл технологиялар» тақырыбында веб-квест ұйымдастырылып, студенттер интернеттен мәліметтер жинап, талдап, қорытынды жасап, шағын мақала жазды. Нәтижесінде студенттер ақпаратты сыни тұрғыдан саралап, оны құрылымдап, логикалық ойларын жазбаша түрде жеткізе білді. Веб-квест әдісі зерттеу дағдыларын, ақпаратты талдау және оны жүйелеп жазу қабілетін дамытады.

Студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын дамытуда интерактивті оқыту әдістерін, оның ішінде веб-квест әдісін қолдануға да болады. Қазіргі білім беру жүйесінде интерактивті оқыту әдістері студенттердің белсенділігін арттырып, оқу процесін тиімді етуге бағытталған. Солардың бірі – веб-квест әдісі. Бұл әдіс студенттердің зерттеу қабілеттерін дамытып, өз бетінше ақпарат іздеуге және оны талдауға үйретеді.

Нәтижелер. Заманауи оқыту технологияларын қолдану студенттердің қазақ тілінде жазу дағдысын дамытудың тиімді тәсілі болып табылады. Онлайн платформалар, әлеуметтік желілер, веб-квест әдісі, электрондық күнделік, мобильді қосымшалар тіл үйренушілердің жазу қабілеттерін шығармашылық тұрғыдан жетілдіреді. Зерттеу нәтижелері бұл әдістердің жазу дағдысын дамытуда тиімділігін дәлелдеді.

Заманауи әдістер ретінде мультимедиялық қосымшалар, ойындар және подкасттар қолдану ұсынылды. Топтық талқылау студенттердің ойларын жүйелі түрде жеткізуге, пікірлерді салыстыруға және қорытынды жасауға үйретеді.

Әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану арқылы қазақ тілінде жазу дағдысын дамытуға болады. Facebook пікірталастары, Telegram сауалнамалары және Instagram Stories шығармашылық жазу қабілетін, пікірталас мәдениетін, қысқа және нақты ой жеткізу дағдысын қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл әдістер студенттердің қызығушылығын оятып, белсенділігін арттырады.

Жазып үйрену дағдыларын дамытуда заманауи оқыту технологияларын кеңінен қолдану үрдісі де дамыды. Заманауи оқыту технологиялары келесі теориялық бағыттарға негізделеді:

Конструктивизм теориясы: Білім алушы жаңа ақпаратты бұрынғы білімімен байланыстырып, өз бетінше меңгереді [6, 96].

Когнитивтік теория: Ақпаратты қабылдау, сақтау және қайта өңдеу үдерістерін жетілдіруге бағытталған [7, 202].

Коммуникативтік-әрекеттік тәсіл: Студенттердің қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға негізделеді [8].

Қазіргі білім беру жүйесінде студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл бағытта заманауи оқыту технологияларының теориялық негіздерін зерттеу және оларды тәжірибеде қолдану өзекті болып отыр.

Қазақстандық зерттеушілер студенттердің жазу дағдыларын дамытуда жобалау технологиясының тиімділігін атап өтеді. Темір мен Букабаев өз еңбектерінде жобалау технологиясы арқылы студенттердің академиялық жазылым құзыретін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеген. Олар жобалау кезеңдері мен оның тиімділігін анықтап, бұл әдістің студенттердің өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттыратынын көрсеткен [9, 120].

Сонымен қатар, Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектерінде қазақ тілін оқыту әдістемесімен оқытудың жаңашат технологиялары кеңінен қарастырылған. Оның зерттеулері тіл дамытуда грамматикалық-коммуникативтік жаттығулардың маңыздылығын және заманауи технологияларды қолданудың тиімділігін көрсетеді [10].

Шетелдік зерттеушілер де жазу дағдыларын дамытуда заманауи оқыту технологияларының маңыздылығын атап өтеді. Мысалы, Е.С. Полат өз еңбегінде жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды білім беру жүйесінде қолданудың тиімділігін зерттеген. Ол жобалау әдісінің шет тілдерін оқытуда оқушылардың белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін көрсеткен [11, 174].

Жоғарыда аталған зерттеулерге сүйене отырып, студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын дамытуда келесі заманауи оқыту технологиялары тиімді болып табылады:

- **Жобалау технологиясы:** Студенттерге нақты жобалар дайындау арқылы зерттеу жүргізіп, өз ойларын жазбаша түрде жеткізуге мүмкіндік беру. Мысалы, белгілі бір тақырыпта эссе немесе мақала жазу жобасын орындау.

- **Интерактивті оқыту әдістері:** Топтық жұмыстар, пікірталастар, рөлдік ойындар арқылы студенттердің жазу дағдыларын дамыту. Мысалы, белгілі бір мәселе бойынша топтық талқылау өткізіп, оның нәтижелерін жазбаша түрде баяндау.

- **Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:** Онлайн платформалар, блогтар, әлеуметтік желілер арқылы студенттердің жазу тәжірибесін арттыру. Мысалы, студенттерге блог жүргізу тапсырмасын беру арқылы олардың жазу дағдыларын жетілдіру.

Студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын дамытуда заманауи оқыту технологияларын қолдану олардың оқу мотивациясын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері бұл әдістердің тиімділігін дәлелдеп отыр, сондықтан оларды оқу процесінде кеңінен қолдану ұсынылады.

Зерттеу барысында Алматы қаласындағы бірнеше ЖОО-да қазақ тілін оқып жүрген өзге тілді студенттерге сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды:

- Модельдеу әдісі студенттердің мәтін құрылымын түсінуіне және сол құрылым бойынша өз ойларын жазуға үйренуіне көмектесті.

- Шығармашылық жазу әдісі студенттердің жазу шеберлігін дамытты және олардың қызығушылығын арттырды.

- Ақпараттық технологияларды пайдалану топтық жұмысты жеңілдетіп, оқытушы мен студент арасындағы байланыс сапасын жақсартты.

Қазақ тілінде жазу дағдысын меңгеру студенттердің ойларын жүйелі, нақты және сауатты жеткізуіне ықпал етеді. Алайда өзге тілді студенттер үшін қазақша жазу көптеген қиындықтар туғызады. Оларға тілдік құрылымдарды дұрыс қолдану, сөздерді орынды пайдалану, сөйлемдерді логикалық байланыстыру қиынға соғады. Сондықтан жазу дағдысын қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланып, жүйелі оқыту қажет.

Қорытынды. Қорыты келе айтарымыз, өзге тілді студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын дамытуда модельдеу, шығармашылық жазу, диалогтық жазу, және редакциялау әдістері ерекше маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер студенттерге тек

тілдік дағдыларды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға да ықпал етеді. Модельдеу әдісі арқылы студенттер әр түрлі жазбаша тапсырмаларды шешу жолдарын көріп, өздерінің тілдік құрылымдарын дұрыс қолдануды үйренеді. Шығармашылық жазу және диалогтық жазу әдістері студенттерді өз пікірлерін еркін және толық білдіруге, жазу стилін жетілдіруге, сондай-ақ жазбаша коммуникацияның әр түрлі түрлерінде еркін қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар (АКТ) оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға, студенттердің жеке қабілеттерін ашуға және жазу дағдыларын дамытуда қосымша көмек көрсетуге мүмкіндік береді. АКТ құралдары арқылы студенттер өз жұмысын жылдам тексеріп, кері байланыс алып, жазу процесін оңтайландыру мүмкіндігіне ие болады. Бұл өз кезегінде олардың тілдік дағдыларын дамытуға және оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жазу дағдысын дамытуда коммуникативтік және когнитивтік әдістерді қолдану студенттердің тілдік қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Коммуникативтік әдістер студенттерді шынайы өмірде қолданылатын жазбаша тілмен таныстырып, олардың тілдік тәжірибесін байытады. Ал когнитивтік әдістер, өз кезегінде, жазу процесін ойлануды, талдауды және жүйелендіруді талап етеді, бұл да студенттердің жазу дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді. Сонымен қатар, қазақ тілінде жазу дағдысын дамытудың тиімділігі тек тіл үйренушінің жеке жұмыстарымен ғана шектелмей, топтық жұмыс арқылы да жетілдіріледі. Топтық жұмыстар мен пікірталастар арқылы студенттердің ойлау қабілеті артып, тілде еркін сөйлеу мен жазу дағдылары қалыптасады. Жалпы алғанда, өзге тілді студенттердің қазақ тілінде жазу дағдыларын дамытуға бағытталған оқу үдерісінде тиімді әдістер мен заманауи технологияларды қолдану олардың тілдік қабілеттерін толықтай дамытуға, жазбаша коммуникацияны жетілдіруге және қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 1934. – 352 с.
2. Дәулетбекова Ж.Т. Жаһандану және білім: қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2016. – №1 (55). – Б. 20-23. URL: https://www.kaznpu.kz/docs/vestnik/filologicheskie_nauki/1.2016.pdf.
3. Чжан Вэй, Веснина Л.Е. Онлайн-обучение практической грамматике русского языка в вузе Китая в условиях эпидемии. // Научная электронная библиотека «КиберЛенинка» 2020. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/onlayn-obuchenie-prakticheskoy-grammatike-russkogo-yazyka-v-vuze-kitaya-v-usloviyah-epidemii>.
4. Ким М.Н. Пользовательский контент: проблемы жанрообразования // Управленческое консультирование. Текст научной статьи по специальности «СМИ (медиа) и массовые коммуникации» // Научная электронная библиотека «КиберЛенинка». №37. – С. 70-79. URL: https://www.acjournal.ru/jour/article/view/1665?locale=ru_RU.
5. Нечитайлова Е.В. Веб-квесты как методика обучения на основе Интернет-ресурсов. // Проблемы современного образования. 2012. – № 2. – 147 с.
6. Савина А.К. Конструктивизм в образовании: от традиционализма до многостороннего образования // Текст научной статьи по специальности «Науки об образовании». URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kategoriya-razvitie-lichnosti-v-mezhdistsiplinarnyh-zarubezhnyh-issledovaniyah/viewer>.
7. Андерсон Дж.Р. Когнитивная психология. 5-е издание. – Питер: СПб, 2002. – 496 с.
8. Канарш Г.Ю. Справедливость в системе высшего образования в России и на Западе: анализ современных тенденции. 2018. URL: <http://www.zpu-journal.ru/gumtech/education/articles/2007/Kanarsh/>.
9. Темір, А., & Букабаев, Б. (2023). Жобалау технологиясы арқылы студенттердің жазылым күзіретін дамытудың тиімділігі. Scientific Collection «InterConf», (146), 120–126. URL: <https://archive.interconf.center/index.php/conference-proceeding/article/view/2659>.

10. Асанова Ұ.О. Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар. URL: <https://rep.enu.kz/bitstream/handle/enu/2380/Merged-20230609-105106.pdf?sequence=1>.

11. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Под ред. Е.С. Полат. – М.: Академия, 2002. – 272 с.

М.Н. ЖУМАДИЛОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Р.А. БЕРКЕНОВА

Международный Таразский университет имени Ш. Муртазы

ОСНОВЫ ЛИНВОДИДАКТИЧЕСКОЙ МЕТОДИКИ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ ПИСЬМА ИНОЯЗЫЧНЫХ СТУДЕНТОВ

Аннотация. В данной статье рассматриваются эффективные методы и опыт обучения развитию навыков письма на казахском языке у студентов, говорящих на других языках. Навыки письма играют важную роль в улучшении языковых способностей студентов. В статье анализируются теоретические основы формирования навыков письма, методы, а также роль современных технологий обучения. В ходе исследования определяются научно-теоретические основы эффективных методов развития навыков письма, а также их практическое применение. Авторы, анализируя исследования зарубежных и казахстанских ученых, доказывают значимость современных технологий обучения для формирования навыков письма на казахском языке. В статье приведены примеры эффективного использования интерактивных методов обучения, веб-квестов, социальных сетей и проектных технологий. Результаты исследования дополнены рекомендациями, направленными на совершенствование методики преподавания казахского языка.

В статье научно обоснованы методы обучения навыкам письма и анализируется их эффективность. Навыки письма включают в себя способность учащихся систематично излагать свои мысли, правильно использовать языковые конструкции и устанавливать логические связи. В статье приводятся примеры эффективности и практического применения коммуникативных, когнитивных, конструктивных и процессуальных методов. Рассматривается роль информационно-коммуникационных технологий в развитии навыков письма.

В статье анализируется использование современных технологий обучения в преподавании казахского языка студентам, говорящим на других языках. Рассматривается эффективность информационно-коммуникационных технологий, интерактивных методов обучения, онлайн-платформ и цифровых инструментов для развития навыков письма. Приводятся практические примеры того, как эти технологии способствуют улучшению письменных навыков студентов.

В статье анализируется опыт формирования навыков письма на казахском языке у студентов, описывается применение методов обучения, видов упражнений и примеров заданий. Рассматриваются трудности, возникающие при развитии навыков письма на казахском языке, предлагаются пути их решения.

Ключевые слова: казахский язык, навыки письма, иноязычные студенты, методы обучения, информационно-коммуникационные технологии, интерактивное обучение

M.N. ZHUMADILOVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University

R.A. BERKENOVA

International Taraz University named after Sherkhan Murtaza

FUNDAMENTALS OF LINGVODIDACTIC METHODOLOGY FOR THE FORMATION OF WRITING SKILLS OF STUDENTS IN OTHER LANGUAGES

Annotation. This article comprehensively examines the effective methods and teaching practices used to develop writing skills in Kazakh for students who speak other languages. Writing skills play an important role in enhancing students' language abilities when learning Kazakh. The article analyzes the theoretical foundations of writing skill development, methods, and the role of modern teaching technologies. During the research, the scientific and theoretical basis of effective methods for developing writing skills is identified, along with their practical application. The authors, by analyzing the research of foreign and Kazakh scholars, prove the significance of modern teaching technologies in forming writing skills in Kazakh. The article provides examples of the effectiveness of interactive teaching methods, web quests, the use of social networks, and project-based technologies. The results of the study are complemented by recommendations aimed at improving the methodology of teaching the Kazakh language.

The article scientifically substantiates the methods of teaching writing skills and analyzes their effectiveness. Writing skills include the ability of learners to systematically express their thoughts, correctly use language structures, and establish logical connections. The effectiveness and practical application of communicative, cognitive, constructive, and procedural methods are supported by examples. Additionally, the role of information and communication technologies in writing skill development is considered.

The article discusses the issue of using modern teaching technologies in teaching Kazakh to students who speak other languages from a scientific-practical perspective. The effectiveness of information and communication technologies, interactive teaching methods, online platforms, and digital tools for developing writing skills is explored. Practical examples are provided to demonstrate how these technologies influence the improvement of students' writing abilities.

The article also examines the experience of developing writing skills in Kazakh among students, with the results analyzed from a scientific standpoint. It presents the methods used in the teaching process, types of exercises, and task examples. Furthermore, the article addresses the challenges encountered in developing writing skills in Kazakh and proposes solutions to these issues.

Keywords: Kazakh language, writing skills, other language students, teaching methods, information and communication technologies, interactive learning

References

1. Vygotski L.S. *Мышление и речь*. – М.: Лабиринт, 1934. – 352 с.
2. Däuletbekova J.T. Jahandanu jäne bilim: qazaq tılın oqytudyń jańa baǵyttary // Abai atyndaǵy QazǵPU habarşysy. Filologia ǵylymdary seriesy. – 2016. – №1 (55). – B. 20-23. URL: https://www.kaznpu.kz/docs/vestnik/filologicheskie_nauki/1.2016.pdf
3. Chjan Vei, Vesnina L.E. Onlain-obuchenie prakticheskoi gramatike ruskogo iazyka v vuze Kitaia v usloviyah epidemii. // Nauchnaia elektronnaia biblioteka «KiberLeninka» 2020. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/onlayn-obuchenie-prakticheskoy-grammatike-russkogo-yazyka-v-vuze-kitaya-v-usloviyah-epidemii>.
4. Kim M.N. Pölvzatelski kontent: problemy janroobrazovania // Upravlencheskoe konsültirovanie. Teks nauchnoi stati po spesiálnosti «SMİ (media) i masovye komunikasii» // Nauchnaia elektronnaia biblioteka «KiberLeninka». №37. – S. 70-79. URL: https://www.acjournal.ru/jour/article/view/1665?locale=ru_RU.
5. E.V. Nechitailova. Veb-kvesty kak metodika obuchenia na osnove İnternet-resursov. // Problemy sovremennogo obrazovania. 2012. – № 2. – 147 s.

6. Savina A.K. Konstruktivizm v obrazovanii: ot tradisionalizma do mnogostoronnego obrazovania // Tekst nauchnoi statii po spetsialnosti «Nauki ob obrazovanii». URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kategoriya-razvitiye-lichnosti-v-mezhdistsiplinarnykh-zarubezhnykh-issledovaniyah/viewer>.
7. Anderson J.R. Kognitivnaia psihologia. 5-e izdanie. – Piter: SPb, 2002. – 496 s
8. Kanarş G.İ. Spravedlivost v sisteme vysshego obrazovania v Rosii i na Zapade: analiz sovremennykh tendentsii. 2018. URL: <http://www.zpu-journal.ru/gumtech/education/articles/2007/Kanarsh/>.
9. Temir, A., & Bukabaev, B. Jobalau tehnologiasy arqyly studentterdiñ jazylym qūziretin damytudyñ tiimdiligi. Scientific Collection «InterConf», (146), 2023. – B. 120–126. URL: <https://archive.interconf.center/index.php/conference-proceeding/article/view/2659>.
10. Asanova Ū.O. Qazaq tılın oqytu мәseleleri jäne zamanauı pedagogikalıq tehnologialar. URL: <https://rep.enu.kz/bitstream/handle/enu/2380/Merged-20230609-105106.pdf?sequence=1>.
11. Polat E.S., Buharkina M.İ., Moiseeva M.V., Petrov A.E. Novye pedagogicheskie i informatsionnye tehnologii v sisteme obrazovania: Ucheb. Posobie dlä stud. ped. vuzov i sistemy povyš. kvalif. ped. kadrov / Pod red. E.S. Polat. – M.: Akademia, 2002. – 272 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Жумадилова Мейрамгуль Нурмагамбетовна – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Жумадилова Мейрамгуль Нурмагамбетовна – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Zhumadilova Meiramgul Nurmagambetovna – Candidate of philological Sciences, Associate Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Беркенова Рабиға Ағабекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің доценті, Тараз, Қазақстан.

Беркенова Рабиға Ағабековна – кандидат филологических наук, доцент Международного Таразского университета имени Ш. Муртазы, Тараз, Казахстан.

Berkenova Rabiga Agabekovna – candidate of philological Sciences, Associate Professor of the International Taraz University named after Sh. Murtaza, Taraz, Kazakhstan.

Техникалық редакторлар: **М. Аманғазықызы, А.Т. Жұмсақбаев**

Компьютерде беттеген: **Ж.Қ. Оспан**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. 2025. – 2.
– Астана: А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты.
– 184 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.